**Павлодар облысының білім беру басқармасы,**
**Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің**
**«Есілбай жалпы орта білім беру мектебі» КММ**

# Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «Есілбай жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша қорытындысы

**Есілбай ауылы**
**2025жыл**

**Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің "Есілбай жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша анықтама**

## 1.Білімберуұйымыныңжалпысипаттамасы

"Есілбай жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мектеп) 1992 жылы қазан айында ашылды.

Жеке орналасқан мектептің заңды мекенжайы: 141100, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Шалдай ауылдық округі, Есілбай ауылы, Мәңгілік ел көшесі, 45 А.

Байланыс телефондары: 8(718)3640806, электронды адрес: esilbai@mail.kz Мектеп басшысы: Шарпекова Акмарал Сайлауовна. Бұйрық №20 01.04.2022 жыл.

Мектептің жалпы ауданы 3550 ш.м., 216 орынды, типтік мекемеде орналасқан.

Мектеп мемлекеттік тілде білім береді.

Бүгінгі таңда мектеп өзінің білім беру қызметін төмендегідей құжаттар негізінде жүзеге асыруда:

- 2025 жылғы 25сәуірдегі№KZ72LAM00002298 «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің лицензиясы;
- 2025 жылғы 25сәуірдегі№225 бұйрығы негізінде KZ72LAM00002298 Білім беру қызметімен айналысуға арналған «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің лицензия қосымшасы;
- Павлодар облысының Әділет департаменті заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2021 жылғы 19 қаңтардағы анықтамасы; БСН 980940002893;
- Павлодар облысы қаржы басқармасының 2021 жылғы 05 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілген "Есілбай жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы;
- Шарбақты ауданының Жер қатынастары бөлімінің 2018 жылғы 29 тамыздағы №168 бұйрығымен бекітілген «Жер телімінің нысаналы мақсатын белгілеу» жобасы;
- Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін АКТ, №0116, 08 қазан 2018 жыл;
- Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Шарбақты аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны 2018 жылғы 06 желтоқсандағы медициналық қызметпен айналысуға берілген мемлекеттік лицензиясы, №18021958;

- Медициналық және дәрігерлік қызметке арналған мемлекеттік лицензияға қосымша, №18021958, 06 желтоқсан 2018 жыл;

Оқу аптасы 5 күнді құрайды. Мектеп бір ауысымда жұмыс жасайды, барлығы – 69 оқушы білім алуда. Оқыту тілі – мемлекеттік тіл.

Жұмыстық оқу жоспары оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаңартылған білім беру мазмұны бойынша мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудін оқу үрдісін ұйымдастыру мақсатында құрылды. 2025-2026 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы» заң, «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерешеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат және келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрықтарға енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы «26» қазандағы №323 бұйрығы, 2024 жылғы 8 ақпандағы №27 бұйрығы, ҚР оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы);

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

1-4 бастауыш сатыда элективті курстар есебінен, 1-2 сыныптарда оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіру, математикалық, оқу сауаттылығын дамыту үшін «Көркем жазу» «Қызықты математика», «Қызықты грамматика», «Қазақ тілі - ұлт мәдениетінің алтын қазынасы», «Логикалық математика»факультатив курсы аптасына 1 сағат енгізілді.

Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі
5-9 сыныптарда негізгі сатыда элективті курстар есебінен, үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттілік» курсы енгізілді.

Жаһандық құзыреттілік жаһанданудың қарқынмен дамып келе жатқан ықпалына, жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие болады. Курстың

мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Курс бес бірлікті қамтиды: «Этика және әдеп », «Азаматтық патриотизм», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Өмір сүру қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет» 5-8 сыныптарда аптасына 0,5 сағаттан, 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану» юниті аптасына 1 сағат қосымша енгізілді. Мектептің материалдық-техникалық жабдықталуына байланысты (шеберхана ұлдар және қыздарға арналған болуы) 5-9 сыныптарда көркем еңбек пәні сабақтары оқушылардың толымдылығына қарамай ұл және қыз балалар топтарына бөлінеді.

10-11 сыныптардааптасына 1 сағаттан «Күрделі есептер шығару»,«Математикалық фукциналдық сауаттылықты қалыптастыру»,«Радиациядан қорғану», «Биомедицина және адам денсаулығы» тақырыбында элективті курс енгізілді.

**«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының жүргізілуі**

Бекітілген бағдарлама мазмұнына сәйкес 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныптарда 10 сағаттан, 5-9 сыныптарда дене шынықтыру курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесі, «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық, 11-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы- ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Дүниетану» оқу пәнінің негізгі мазмұнында білім алушылардың өмір қауіпсіздігі ережелері қарапайымнан күрделіге принципі бойынша берілген. 1-4 сынып аралығында «Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» (бұдан әрі – ӨҚН) міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілді, бұл ретте білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аудару алдыға қоя отырып, «ӨҚН» оқу курсы Дүниетану пәні аясында оқытылады.

**«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру туралы**

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырылды. 5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіліп отырды. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру шешімі 2023-2024 оқу жылында Kundelik kz. электронды журналда, барлық сыныптарда сынып сағаттары толтырылды.

Сыныптардың оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021жылғы 05 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын

санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» № ҚР ДСМ-76 ( өзгертулері 5 сәуір 2023 жылғы) қаулысына сәйкес құрылды.

Оқу-тәрбие үдерісі 2020-2025 оқу жылдарына арналған мектептің даму бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

Өндірістік жиналыс, педагогикалық кеңестердің хаттамалары мен олардың қосымшаларының құжаттары, педагогикалық кеңес шешімі бойынша 3 жыл қатарынан көк түсті сия қаламмен толтырылады.

Оқу орнының мөртаңбасы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы" Заңының 21-бабына сәйкес келеді. Азаматтар мемлекеттік тілде қабылданады. Шығыс, кіріс құжаттары мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Алфавиттік кітап мәліметтері оқушылар санымен және оқушылардың келуі мен кетуі туралы бұйрықтар кітабымен сәйкес келеді.

Оқушылардың жеке істері бойынша құжаттары, қатаң есептегі құжаттарды беру және оларды есепке алу талапқа сай жүргізіледі, аттестаттар мен куәліктерді беру кітабы, мақтау қағаздары мен табельдердің нөмірін тіркеу журналдары негізінде жүйеленген.

## 2.Кадрлық құрамға талдау

Мектепте педагог кадрлардың сапалық құрамының жағдайы жөнінде төмендегі тұжырымды жасауға болады.

Мектептің әкімшілігі төмендегі құрамда:

| № | Аты-жөні | лауазымы | білімі | санаты | Әкімшілік санаты | өтілі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Шарпекова Акмарал Сайлауовна | директор | жоғары | Педагог-зерттеуші | Басшы-менеджер ( Аудандық оқу бөлімінің 02.09.2024ж. №104 ) | 22 |
| 2 | Танжанова Майгуль Кабдуллаевна | ДОІЖО | жоғары | Педагог-сарапшы | III ( Аудандық оқу бөлімінің 30.12.2020ж. №34 ) | 25 |
| 3 | Абылгазинова Айымгуль Сайлауовна | ДТІЖО | жоғары | педагог-сарапшы | III ( Аудандық оқу бөлімінің 02.09.2024ж. №105 ) | 19 |

## Педагогтердің білім деңгейі

2023-2024 оқужылында 28 педагог жұмыс істеді, оның ішінде жоғары педагогикалық білімі бары 93 % -ды құрайды, маман емес педагогтер жоқ. 2023-2024 жылдар аралығында мектептегі педагогтердің білім деңгейлері жоғары екендігін көрсетеді.

2024-2025 оқу жылында 28 педагог жұмыс істеді, оның ішінде жоғары педагогикалық білімі бары 93 % -ды құрайды, маман емес педагогтер жоқ.

2024-2025 жылдар аралығында мектептегі педагогтердің білім деңгейлері жоғары екендігін көрсетеді.

2025-2026 оқу жылында 25 педагог жұмыс істеп жатыр, оның ішінде жоғары педагогикалық білімі бары 92 % -ды құрайды, маман емес педагогтер жоқ.

2025-2026 жылдар аралығында мектептегі педагогтердің білім деңгейлері жоғары екендігін көрсетеді.

**Педагогтардың сапалық деңгейі**

Пән мұғалімдері бойынша:

| **Біліктілік деңгейі** | **2023-2024** | **%** | **2024 -2025** | **%** | **2025 -2026** | **%** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Барлық педагогтер саны | **22** | | **23** | | **20** | |
| Педагог-шебер | **0** | **0** | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Педагог-зерттеуші | 2 | 9 | 2 | 9 | 2 | 10 |
| Педагог-сарапшы | 6 | 27 | 6 | 26 | 6 | 30 |
| Педагог-модератор | 10 | 45 | 10 | 43 | 8 | 40 |
| Санатсыз | 4 | 18 | 5 | 22 | 4 | 20 |
| Біліктілік деңгейі | **18** | 82 | **18** | **78** | **16** | **80** |

Педагогқа теңестірілгендер бойынша:

| **Біліктілік деңгейі** | **2023-2024** | **%** | **2024 -2025** | **%** | **2025 -2026** | **%** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Барлық педагогтер саны | **5** | | **5** | | **5** | |
| Педагог-шебер | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Педагог-зерттеуші | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Педагог-сарапшы | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Педагог-модератор | 2 | 40 | 2 | 40 | 3 | 60 |
| Санатсыз | 3 | 60 | 3 | 60 | 2 | 40 |
| Біліктілік деңгейі | **2** | **40** | **2** | **40** | **3** | **60** |

2023-2024 оқу жылында Есілбай ЖОББМ педагогтерінің жаңа форматтағы аттестаттау ережелеріне сәйкес өту қорытындысы бойынша педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор санатты

педагогтердің біліктілік деңгейі лицензиялық талаптарының сәйкестігін82% көлемінде көрсетті.

2024-2025 оқу жылында Есілбай ЖОББМ педагогтерінің жаңа форматтағы аттестаттау ережелеріне сәйкес өту қорытындысы бойынша педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор біліктілік деңгейі лицензиялық талаптарының сәйкестігін 78 % көлемінде көрсетті. Пайыздық көрсеткіштің түсу себебі, биология пәнінің мұғалімі декреттік демалыстан келді (санаты жоқ).

2025-2026 оқу жылында Есілбай ЖОББМ педагогтерінің жаңа форматтағы аттестаттау ережелеріне сәйкес өту қорытындысы бойынша педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор біліктілік деңгейі лицензиялық талаптарының сәйкестігін 80% көлемінде көрсетті. Педагог- модератор санаты бар 2 мұғалімнің қоныс аударуына байланысты.

**Педагогтердің жас ерекшеліктері**

| **Жас ерекшеліктері** | **2023 - 2024** | **%** | **2024 -2025** | **%** | **2025 -2026** | **%** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 20 жастан 30 жасқа дейін | 1 | 3,7 | 1 | 3 | 1 | 4 |
| 31 жастан 40 жасқа дейін | 7 | 26 | 8 | 29 | 6 | 24 |
| 41 жастан 50 жасқа дейін | 15 | 56 | 12 | 43 | 11 | 44 |
| 51 жастан 60 жасқа дейін | 3 | 11 | 6 | 21 | 7 | 28 |
| 61 жастан 63 жасқа дейін | 1 | 3,7 | 1 | 3 | 0 | 0 |

2023-2024 оқу жылдары Есілбай ЖОББМ педагогтерінің орташа жасы:
20 жастан 30 жас аралығында 3,7% көрсетті.
31 жастан 40 жас аралығында 26% көрсетті.
41 жастан 50 жас аралығында 56% көрсетті.
51 жастан 60 жас аралығы 11% көрсетті.
61 жастан 63 жас аралығында 3,7% көрсетті.

Қызмет атқарып жүрген педагог қызметкерлерінің негізін орташа жастағы педагогтер құрайды.

2024-2025 оқу жылдары Есілбай ЖОББМ педагогтерінің орташа жасы 20 жастан 30 жас аралығында 3% көрсетті.
31 жастан 40 жас аралығында 29% көрсетті.
41 жастан 50 жас аралығында 43% көрсетті.
51 жастан 60 жас аралығы 21% көрсетті.
61 жастан 63 жас аралығында 3% көрсетті.

Қызмет атқарып жүрген педагог қызметкерлерінің негізін орташа жастағы педагогтер құрайды.

2025-2026 оқу жылдары Есілбай ЖОББМ педагогтерінің орташа жасы 20 жастан 30 жас аралығында 4% көрсетті.
31 жастан 40 жас аралығында 24% көрсетті.
41 жастан 50 жас аралығында 44% көрсетті.
51 жастан 60 жас аралығы 28% көрсетті.
61 жастан 63 жас аралығында 0% көрсетті.

Қызмет атқарып жүрген педагог қызметкерлерінің негізін орташа жастағы педагогтер құрайды.

## Педагогтердің еңбек өтілі

| Еңбек өтілі | 2023-2024 | % | 2024-2025 | % | 2025-2026 | % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 жылғы дейін | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 1-3 жылғы дейін | 1 | 3,7 | 1 | 3,5 | 1 | 4 |
| 3-5 жылға дейін | 1 | 3,7 | 1 | 3,5 | 1 | 4 |
| 5-10 жылға дейін | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 10-20 жылға дейін | 14 | 52 | 15 | 54 | 11 | 44 |
| 20 жылдан аса | 11 | 41 | 11 | 39 | 12 | 48 |

2023-2024 оқу жылында мектепте қызмет атқаратын педаготердің 52%-ы еңбек өтілі 20 жылға дейнгі педагогтер.

2024-2025 оқу жылында мектепте қызмет атқаратын педаготердің 54%-ы еңбек өтілі 20 жылға дейнгі педагогтер.

2025-2026 оқу жылында мектепте қызмет атқаратын педаготердің 44%-ы еңбек өтілі 20 жылға дейінгі педагогтер.

## Кадрлардың тұрақталмауы

| | Қабылданды | кеткені | олардың ішінен себеппен кетті | | | барлық мұғалімдер | % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Бала күтімі | Зейнеткерлік | Басқа себептер | | |
| 2023-2024 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 22 | 0 |
| 2024-2025 | 0 | **1** | 0 | 1 | 0 | 22 | 4,5% |
| 2025-2026 | 1 | 3 | 0 | 0 | 2 | 20 | 9,5% |

2024-2025 жылдар аралығында мектептегі педагог қызметкерлерінің ауысуы зейнеткерлік демалысқа шығуымен байланысты екендігін байқауға болады. Және 2 мұғалім қоныс аударуына байланысты жұмыстан кетті. Есілбай ЖОББМ-де қызмет атқарып жүрген педагогтер тұрақтылығы 95,2% -ды құрайды. Бұл жоғары көрсеткіш деп анықтауға болады.

**Педагогтердің аттестаттау дайындығы және өту қорытындысы**

Аттестаттау материалдарын зерделеу педагогикалық шеберлікті арттырудың қуатты стимулына айналғанын, жоспарлы түрде жүргізілетінін, жүйелілік, сабақтастық, бақылау және шығармашылықты ынталандыру принциптерін жүзеге асыруға негізделгенін көрсетті. Барлық құжаттама ҚР БжҒМ 2020 жылғы 14 мамырдағы № 83 (өзгерістерін қоса алынды) және 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығы №1 қосымшамен бекітілген Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесіне сәйкес жүргізілді. 3 жылдың ішінде 14 педагог аттестаттаудан өтті, оның үлесі санатын көтергендердің 79% құрайды.

Педагогтерді аттестаттау үдерісін қамтамасыз ету бойынша жоспар құрылды. Аттестаттау комиссиясының отырыстарында жылма-жыл хаттамалар жүргізілгені, бұйрықтар шығарылғаны, біліктілік куәлігін тіркеу және беру тізілімі жасалғаны байқалады. Аттестаттау туралы бұйрықтар мен куәліктерінің көшірмелері педагогтардың жеке істеріне қоса берілген және біліктілік санаттарын беру туралы жазбалар еңбек кітапшаларына жазылған.

Мектеп әкімшілігінің қызметі мектеп ұжымында қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру міндеттерін шешуде ресурстарды пайдаланудың тиімділігіне бағытталған. Мектепте адам ресурстары жоғары деңгейде. Мұғалімдердің 92%-ы жоғары білімді мамандар, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор санаттарына иеленген.

Сонымен бірге мектептің дамуының проблемалары мен болашағын көруге болады:

- мұғалімнің шығармашылық өзін-өзі дамытуға, жеке жауапкершілігіне және мектепті дамыту міндеттерін шешудегі жұмыстың маңыздылығына ықпал ететін шығармашылық атмосфераны құру;
- педұжымның басым бөлігінің педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы жұмысының дағдыларын дамытуға мотивация беру;
- мектептің сапа көрсеткіштерінің тұрақтылығы мен өсуіне қол жеткізуде қолда бар еңбек ресурстарын пайдаланудың тиімділігін қамтамасыз ету.

2022-2023 оқу жылында барлығы 7 педагог аттестатталды:

«Педагог-модератор»-5

«Педагог-сарапшы»-2

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Пәні | Санаты | Ұсынылатын санаты | Бұйрық |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Танжанова Майгуль Кабдуллаевна | Бастауыш сынып | Жоғары санат | Педагог-сарапшы | 29.08.2023ж. Б№2-02/435 |
| 2 | Абылгазинова Айымгуль Сайлауовна | Бастауыш сынып | Педагог | Педагог-сарапшы | 29.08.2023ж. Б №2-02/435 |
| 3 | Айтмаганбетова Куралай Каримуловна | Ағылшын тілі | Жоғары санат | Педагог-модератор | 29.08.2023ж. Б №2-02/435 |
| 4 | Хайрудинова Гульжанар Тасымовна | Орыс тілі мен әдебиеті | Жоғары санат | Педагог-модератор | 29.08.2023ж. Б №2-02/435 |
| 5 | Амренова Айгуль Кайсовна | Химия, биология | Педагог | Педагог-модератор | 31.08.2023ж. Б №70 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Машенов Нуржан Нажмиденович | АӘ және ТД | Екінші санат | Педагог-модератор | 31.08.2023ж. Б №70 |
| 7 | Алигожина Камшат Габдулманаповна | Психолог | Педагог | Педагог-модератор | 31.08.2023ж. Б №70 |

2023-2024 оқу жылында барлығы 4 педагог аттестатталды:
«Педагог-модератор»-4

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Пәні | Санаты | Алынған санаты | Бұйрық |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Исабекова Умит Кайырбековна | Бастауыш сынып | Педагог-модератор | Педагог-модератор | 02.09.2024ж. Б №65 |
| 2 | Маненова Асемгуль Ескеновна | Бастауыш сынып | Педагог | Педагог-модератор | 02.09.2024ж. Б №65 |
| 3 | Нұрланбек Шолпан | Ағылшын тілі | Педагог | Педагог-модератор | 02.09.2024ж. Б №65 |
| 4 | Мешелова Бахыт Манаповна | Орыс тілі мен әдебиеті | Педагог | Педагог-модератор | 02.09.2024ж. Б №65 |

2024-2025 оқу жылында барлығы 3 педагог аттестатталды:
«Педагог-модератор»-1
«Педагог-сарапшы»-1
«Педагог-зерттеуші»-1

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Пәні | Санаты | Алынған санаты | Бұйрық |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Машенова Гульмира Кайырбековна | Қазақ тілі мен әдебиеті | Педагог-зерттеуші | Педагог-зерттеуші (растау) | 26.08.2025ж. Б № 2-02/477 |
| 2 | Исабеков Ермурат Бахитденович | Бастауыш сынып | Педагог-сарапшы | Педагог-сарапшы (растау) | 29.08.2025ж. Б № 102-3 |
| 3 | Киреева Акбидай Рамазановна | Мектепалды даярлық | педагог | Педагог-модератор(растау) | 02.02.2025ж. Б № 12 |

Үш жылдың көрсеткіштерін салыстырсақ, педагог-сарапшылардың 2-ге, педагог-модераторлардың 9 - ға артқанын атап өтуге болады.

**Педагогтердің біліктілігі**

Есілбай ЖОББМ педагогтерінің кәсіби деңгейінің өсу динамикасы саналы белсенділік пен іскерлік біліктіліктің көрсеткіші болып табылады. Соңғы жылдары педагогтердің 66,7%-ы қайта даярлаудан өтті. Педагогтердің шеберлігін жетілдіру "Өрлеу "БАҰО" АҚ, "Педагогикалық шеберлік орталығы" НЗМ" ДББҰ арқылы біліктілікті арттыру жолымен ұйымдастырылды.

**2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында курстан өткен педагогтар туралы мәлімет:**

**2023-2024 оқу жылы**

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Пәні | Өтілген орны | Курс атауы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Шарпекова Акмарал Сайлауовна | Директор | "Өрлеу" | Шағын жинақталған мектепті басқарудағы цифрлік шешімдер |
| 2 | Абжатова Гульсара Манаповна | Орыс тілі | "Өрлеу" | Развитие предметных компетенций учителей русского языка и литературы в освоении сложных тем в 5-9 классах |
| 3 | Абылгазинова Айымгуль Сайлауовна | ДТІЖО | «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» | Ата – аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми-әдістемелік негіздері |
| 4 | Негманова Гульдана Базарбаевна | Әлеуметтік педагог | «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» | Ата – аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми-әдістемелік негіздері |
| 5 | Абжатова Асемгуль Негматуллаевна | Бастауыш Сынып | "Өрлеу" | Бастауыш сынып мұғалімдерінің математика, қазақ тілі және әдебиеттік оқу пәндері бойынша пәндік құзыреттіліктерін дамыту |
| 6 | Абылгазинова Айымгуль Сайлауовна | ДТІЖО | «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты | Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету |
| 7 | Шарпекова Акмарал Сайлауовна | Директор | «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты | Орта білім беру ұйымдарында кәмелетке толмаған балалар арасында суицидтің алдын алу |
| 8 | Магметов Болат Рахметович | Тарих, құқықтану | "Өрлеу" | Тарих және құқық негіздері пәндерін оқытудың инновациялық әдістері |
| 9 | Танжанова Майгуль Кабдуллаевна | ДОІЖО | ПШО | Өзгеріс көшбасшылары: заманауи мектепті басқаруға жаңаша көзқарас |
| 10 | Машенова Гульмира Кайрбековна | Қазақ тілі мен әдебиеті | "Өрлеу" | «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11 | Амренова Анель Токтаровна | Физика | "Өрлеу" | Физика бойынша білім мен дағдыларды қалыптастырудың заманауи білім беру технологиялары |
| 12 | Машенова Жадыра Канатовна | Биология | "Өрлеу" | Биология сабақтарында ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамыту |
| 13 | Танжанова Майгуль Кабдуллаевна | ДОІЖО | "Өрлеу" | Білім берудегі менеджмент |

2023-2024 оқу жылында 6пән мұғалімі және мектеп директоры, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог біліктілік арттыру курстарынан өтті (35 %). Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтер алған білімдерін өз қызметінде пайдаланады, әдістемелік бірлестіктердегі курстар туралы хабарламалар жасайды, конференциялар мен педагогикалық кеңестердің жұмысына белсенді қатысады.

**2024-2025 оқу жылы**

| № | **Мұғалімнің аты-жөні** | **Пәні** | **Өтілген орны** | **Курс атауы** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Негманова Гульдана Базарбаевна | Жаһандық құзыреттілік тер | "Өрлеу" | Жаһандық құзыреттіліктер |
| 2 | Хайрудинова Гульжанар Тасымовна | Көркем еңбек | "Өрлеу" | Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру |
| 3 | Маненова Асемгуль Ескеновна | Бастауыш сынып | "Өрлеу" | Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру |
| 4 | Машенов Нуржан Нажмиденович | АӘ және ТД | "Өрлеу" | Алғашқы әскери және технологиялық дайындық педагог-ұйымдастырушыларының пәндік құзыреттіліктерін дамыту |
| 5 | Абылгазинова Айымгуль Сайлауовна | ДТІЖО | "Өрлеу" | Тәрбие ісіндегі менеджмент |
| 6 | Шарпекова Акмарал Сайлауовна | Мектеп командасы | ПШО | Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы |
| 7 | Абылгазинова Айымгуль Сайлауовна | Мектеп командасы | ПШО | Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы |
| 8 | Алигожина Камшат Габдулманаповна | Мектеп командасы | ПШО | Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы |
| 9 | Маненова Асемгуль Ескеновна | Музыка | "Өрлеу" | «Музыка» пәнінің мазмұны арқлы ұлттық құндылықтарды интеграциялау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 | Магметов Болат Рахметович | География | "Өрлеу" | Қоршаған ортаны қорғау аспектілерін география пәнінде оқытудың тиімді жолдары |
| 11 | Машенова Гульмира Кайрбековна | Қазақ тілі мен әдебиеті | "Өрлеу" | «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту |
| 12 | Тобыктинов Болат Манапович | Дене шынықтыру | Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы | Денешынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту |
| 13 | Мешелова Бахыт Манаповна | Орыс тілі мен әдебиеті | "Өрлеу" | Формирование читательской грамотности на уроках русского языка и литературы Я2 |

2024-2025 оқу жылында 9 пән мұғалімі, мектеп директоры, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар және психолог біліктілік арттыру курстарынан өтті (39 %). Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтер алған білімдерін өз қызметінде пайдаланады, әдістемелік бірлестіктердегі курстар туралы хабарламалар жасайды, семинарлар өткізіледі, конференциялар мен педагогикалық кеңестердің жұмысына белсенді қатысады.

**2025-2026 оқу жылы**

| № | **Мұғалімнің аты-жөні** | **Пәні** | **Өтілген орны** | **Курс атауы** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Шарпекова Акмарал Сайлауовна | Қазақ тілі мен әдебиеті | ПШО | Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: қазақ тілін және қазақ әдебиетін оқытудың тиімді тәжірибесі |
| 2 | Танжанова Майгуль Кабдуллаевна | Математика | ПШО | Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: математиканы оқытудың тиімді тәжірибесі |
| 3 | Абельдинов Жаслан Зейнулович | Қазақстан тарихы, құқық негіздері | ПШО | Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: тарих пен құқық негіздерін оқытудың тиімді тәжірибесі |
| 4 | Амренова Анель Токтаровна | Физика, жаратылыстану | ПШО | Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: физика мен жаратылыстануды оқытудың тиімді тәжірибесі |
| 5 | Киреева Акбидай | Бастауыш сынып | ПШО | Бастауыш мектептегі функционалдық сауаттылық: теориядан практикаға |
| 6 | Алигожина Камшат Габдулманаповна | Психолог | «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру | Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | ұлттық ғылыми-практикалық институты | бағдарламасының ғылыми-практикалық негіздері |
| 7 | Алигожина Камшат Габдулманаповна | Психолог | "Өрлеу" | Білім алушыны кәсіби бағдарлаудағы мектептің іс-әрекеті |

2025-2026 оқу жылындағы қыркүйек айында 5 мұғалім, психолог біліктілік арттыру курстарынан өтті. Сертификат мерзімі аяқталған бастауыш және информатика пәнінің мұғалімдеріне курстан өтуге өтінім берілді.

**3.Білім алушылардың контингенті**

2023-2024 оқу жылында мектепте сынып комплекті – 11. Жалпы оқушы саны – 72 оқушы. Оның ішінде қыз – 34, ұл – 38. Мектеп алды даярлық сыныбына 4 оқушы оқиды.

| Білім сатылары | 2023-2024 | | 2024-2025 | | 2025-2026 | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | сынып саны | оқушы саны | сынып саны | оқушы саны | сынып саны | оқушы саны |
| бастауыш | 4 | 23 | 4 | 23 | 4 | 19 |
| орта | 5 | 41 | 5 | 41 | 5 | 35 |
| жоғары | 2 | 8 | 2 | 10 | 2 | 15 |
| барлығы | **11** | **72** | **11** | **74** | **11** | **69** |

Оқушылар отбасының әлеуметтік жағдайы келесідегідей: аз қамтамасыз етілген отбасы оқушыларының саны –4, атаулы әлеуметтік көмек алатын жанұя-3, көп балалы отбасы саны – 8, оқушы саны – 20, жетім бала – 1, жасөспірімдер ісі бөлімінде – 0, мектепішілік бақылау есебінде 0 оқушы тұр.

**Аз қамтылған, көп балалы және жетім отбасынан шыққан оқушыларға бір реттік көмек(ақшалай) алған отбасылар тізімі.2024-2025 оқу жылы**

| **№** | **Өтініш берген ата –ананың аты жөні** | **Оқушының аты- жөні** | **Сыныбы** |
|---|---|---|---|
| **1** | Алигожина Мадина | Айтбаев Диар<br>Айтбаев Даир | 5<br>6 |
| **2** | Авакиева Шадиям | Актанбай Алихан | 2 |
| **3** | Колбай Забира | Қалибекұлы Салих<br>Қалибекұлы Бейбарыс<br>Қалибекқызы Кәусар | 11<br>6<br>6 |
| **4** | Касаинова Гульпану | Касаинов Шынгыс | 9 |
| **5** | Сатыбалды Бектұрсын | Бектұрсын Әзиә | 2 |
| **6** | Оралбай Нұрбек | Нұрбек Жұлдыз<br>Нұрбек Айгерім<br>Оралбай Ғабит | 11<br>9<br>6 |
| Барлығы 11 оқушы | | | |

**Аз қамтылған, көп балалы және жетім отбасынан шыққан оқушыларға бір реттік көмек(ақшалай) алған отбасылар тізімі. 2025-2026 оқу жылы**

| **№** | **Өтініш берген ата–ананың аты жөні** | **Оқушының аты- жөні** | **Сыныбы** |
|---|---|---|---|
| **1** | Касаинова Гульпану | Касаинов Шынгыс | 10 |
| **2** | Сатыбалды Бектұрсын | Бектұрсын Әзиә | 3 |
| **3** | Оралбай Нұрбек | Нұрбек Айгерім<br>Оралбай Ғабит | 10<br>6 |
| Барлығы 4 оқушы | | | |

**2025 -2026 оқу жылы.**
**Аз қамтылған отбасылар тізімі**

| № | Ата-анасының аты-жөні | Туған жылы | Жұмыс орны | Оқушы саны | Отбасы жағдайы | Оқу-ң аты-жөні | Туған жылы | Сыныбы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Касаинова Гульпану Ахатовна | 26.08.1961 | Зейнеткер | 1 | Жетім | Касаинов Шынгыс Ринатович | 2010 | 10 |
| 2 | Оралбай Нұрбек Әбдіқан Сағымгүл | 16.02.1974<br>01.06.1982 | Ертіс орманы Жұмыссыз | 2 | Аз қамтылған (Көп балалы) | Оралбай Ғабит Нұрбек Айгерім | 2014<br>2010 | 6<br>10 |
| 3 | Сатыпалды Бектұрсын Тәліп Гүлсін | 11.10.1989<br>04.04.1994 | Ертіс орманы жұмыссыз | 1 | Аз қамтылған ( Көп балалы) | Бектұрсын Әзия | 2017 | 3 |
| | | | | 4 | | | | |

Мектеп жасындағы балаларды толық оқумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру жұмысын жүйеге келтірілген.

Оқушылар қозғалысының есебі жүргізіліп, алфавит кітабында көрсетілген, барлық бұйрықтар шығарылған. Келген, кеткен оқушылардың дәлелді анықтама қағаздары толық. Алфавит кітабы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 23 қазандағы "Білім беру ұйымдарында қатаң есептегі құжаттарды жүргізу түрлері туралы" №502 бұйрығы негізінде мектепішілік құжаттарды жүргізу нұсқаулығының талаптарына сай жүргізілген.

Мектеп әкімшілігі мектеп Жарғысы талаптарының орындалуын үнемі бақылап, оқушылардың құқық бұзушылығын алдын алуда дер кезінде шара қолданады. Оқушылардың жеке іс қағаздарын тексеруде барлық оқушылардың іс қағаздары талаптарға сәйкес толықтырылған. Әр жылдарда жаңартып, толықтырылып отырады. Барлық сыныптарда сынып жетекшілері бекітілген.

Мектеп әкімшілігі мектеп ережесінің орындалуын әрдайым бақылауда ұстайды. Оқушылардың сыртқы түріне қойылатын талаптардың орындалуы, күн тәртібі, оқушылардың кешігу және себепсіз сабақ босатуы қадағаланады.

Білім беру жүйесін тиімді басқаруды, оны дамытуды қамтамасыз ететін негізгі элементтердің бірі дұрыс және салыстырмалы деректерге негізделетін білім сапасын бағалау болып табылады.

Ұжым мұғалімдері бірнеше инновациялық технологияларды меңгерген, бірақ оқу үрдісінде жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында педагогикалық технологияларды пайдалануда.

Мектеп бойынша оқу жылының басында білім стандартын негізге ала отырып, жұмыс оқу жоспары жасалған. Мектеп компоненті бөлігінен берілген пәндерден кадрлар жеткілікті, сапасы талапқа сай.

Мектептің жылдық жоспары өте ауқымды, білім беру аяларының барлық қырларын қамтиды.

1,5,10-сыныптардың бейімделуі, ББЖМ және ҰБТ-ға дайындық сапасы, негізгі пәндердің оқытылу жайы, сабақтарда АКТ-ны қолдану сапасы секілді сұрақтар мектепішілік бақылауға қойылды.

Мектепішілік бақылау жоспарға сай жүргізіледі, анықтамалар толық хатталған. Ай сайын жылдық жоспардан тапсырмалар анықталып, жауаптылар белгіленіп, орындалған істер туралы ақпарат арнайы папкаға жинақталады.

Оқу бағдарламасынан қалып қоюшылық жоқ, бақылау жұмыстардың орындалу нормасы толық сақталған. Әр оқушының нормативті құжаттары мен жазба жұмыстар нормалары жүйеге келтірілген. Бұл бағытта мектептің әкімшілік тарапынан бақылау дұрыс жүйеге қойылған. Мектептің пән мұғалімдері электронды журналын талапқа сай толтырады, журналдың толтырылуын бақылау мектептің әкімшілік тарапынан жоспар бойынша бақыланып отырады.

## Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің 3 жылдық талдауы

2023 – 2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында оқу мектепалды даярлық сыныптары білім беру білім беру қызметін келесі құжаттар негізінде жүзеге асыруда: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі және орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылға 3 тамызындағы № 348 бұйрығы, «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы (ҚР МП 2012 жылғы 8 карашадағы № 500 бұйрығы), «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы (ҚР БҒМ 2013 жылға 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы), ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы № 557 бұйрығы, ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейлерінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» № 499 бұйрығы,

2023– 2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбында - 4 тәрбиеленуші тәрбиеленді.

2024– 2025 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбында – 8 тәрбиеленуші тәрбиеленді.

2025– 2026 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбында - 6тәрбиеленуші тәрбиеленді.

Мектепалды сыныптары

| Оқу жылдары | 2023-2024 | 2024-2025 | 2025 – 2026 |
|---|---|---|---|
| Тәрбиеленушілер саны | 4 | 8 | 6 |

3 жылдық талдау бойынша жылма - жыл мектепалды сыныбына 5 жасқа толған балалар қабылданады.

2023-2024 оқу жылдарында МАД-та оқу жоспары бойынша апталық жүктеме – 20 сағат. Ұйымдастырылған оқу іс әрекетінін уақыты 25-30 минутты құрады.

2024-2025 оқу жылдарында МАД-та оқу жоспары бойынша апталық жүктеме – 20 сағат. Ұйымдастырылған оқу іс әрекетінін уақыты 25-30 минутты құрады.

2025-2026 оқу жылдарында МАД-та оқу жоспары бойынша апталық жүктеме – 20
сағат. Ұйымдастырылған оқу іс әрекетінін уақыты 25-30 минутты құрады.

Есілбай ЖОББМ мектеп алды даярлық сыныптарында 2023 – 2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында ерекше білімді қажет ететін балалар тіркелмеді.

МАД бойынша күн тәртібі құрылған. МАД сыныбы бойынша құрылған перспективтік жоспар сабақ кестесімен сәйкес келеді, сабақ тақырыбы мен мақсаты көрсетілген. Сабақ барысына арналған циклограммалары құрылған, сәйкес келеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуде коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын меңгерту, тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау, креативтілікті, коммуникабельдікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру көзделген мақсаттар бағдарламадағы оқу мақсаттарына сәйкес келеді.

МДТО ҮОБ-на сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін, бес білім беру салаларына негізделген пәндік-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылған. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларының мақсаттары мен міндеттерге қол жеткізу мақсатында өтпелі тақырыптар негізінде ұйымдастырылған білім беру қызметі МДТО ҮОБ-на сәйкес. Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу

қарастырылған. Балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды, олардың әлеуметтенуін қамтамасыз ететін заттық-кеңістік дамытушы орта құру, талапқа сай жабдықталған, эстетикалық талғамға сай. Балалардың зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, ұсынылған ұйымдастырылған оқу қызметтерінің бейнематериалынан көрініс тапты. Қимыл-қозғалыс ойындар құралдары, оқу-тәрбие процесіне пайдаланатын көрнекіліктер мен үлестірмелі дидактикалық материалдар жасалған.

Тәрбиелеу және оқыту үдерісі тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін қамтамасыз ететін перспективтік жоспар, циклограмма арқылы жүзеге асырылды. МАД сыныбындағы перспективтік жоспар мен циклограмма мазмұны талаптарға сай құрылған. Тәрбиеленушілердің МЖМБС менгеру деңгейінің бастапқы, аралық және қорытынды мониторингісін жүргізу барысында тәрбиеленушілердің алғашқы жетістіктері қадағаланды. Нәтижелер «бақылау парағында» толтырылаған. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы жасалған. Мониторинг нәтижелері бойынша I, II даму деңгейіндегі балалармен қосымша жеке жұмыс жүргізу жоспарлары іске асырылған. Баланы дамытудың жеке картасында «түзету іс-шаралары» бөлімінде балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілер мен пән мамандары мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырған. МАД бағалау критериясына сәйкес мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне талдау жүргізілген. Мониторинг арқылы баланың жетістіктерін бақылау, түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде оқыту барысын жетілдіру, баланың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін анықтау жолдарын қарастырып іске асырғаны анықталды.

2023-2026 оқу жылдарында МДТО және МЖМБС қамтамасыз ету мақсатында перспективтік жоспар өтпелі тақырыптар негізінде тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін ескере отырып жасақталған.

Циклограмма әр апта сайын жасалған. Балаларды қабылдаудан бастап, олардың әртүрлі іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеу, балалардың үйге кетуі барлық режимдік талаптардың орындалуы қамтамасыз етілген.

**Мектепке дейінгі МАДТ педаготерінің құрамы**

| Оқу жылдары | Білімі | Саанаты |
|---|---|---|
| 2023 -2024 | Жоғары | Педагог |
| 2024 -2025 | Жоғары | Педагог |
| 2025 -2026 | Жоғары | Педагог-модератор |

2023-2025 оқу жылдары бойынша педагогтердің сапалық құрамын қарастырсақ төмендегі жағдайды көруге болады. МАДТ тәрбиешілерінің саны – 1. Маман тапшылығына байланысты, 2023 – 2024, 2024 – 2025 оқу жылдарында бастауыш сынып мұғалімі – Киреева Акбидай Рамазановна оқытса, биылғы

2025-2026 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар – Абжатова Айнагуль Сериковна тағайындалды.

Балалармен жұмыс істейтін мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі жоғары, кәсіби деңгейін үнемі жетілдіріп отырады, мектепке дейінгі тәрбие әдістерін жетік меңгерген.

Оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатып, жұмыс жасауда.

**Қорытынды:**

Есілбай ЖОББМ жанындағы мектепке дейінгі тәрбиеленушілерді оқуға сапалы дайындау үшін қажетті жағдайлар жасалған.

Балалар дауыстап қиялдай алады, дыбыстармен және сөздермен ойларын айта алады. Олар ауызша сөйлеуді жақсы түсінеді, өз ойын, тілектерін анық жеткізеді. Балалардың жалпы және ұсақ моторикасы дамыған. Балалар әртүрлі іс-әрекеттерде, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынаста мінез-құлықтың әлеуметтік нормалары мен ережелерін, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін және жеке бас гигиена ережелерін жақсы меңгерген, қызығушылық танытады, жақын және алыстағы заттар мен құбылыстар туралы сұрақтар қояды, себеп-салдарлық байланыстарға қызығушылық танытады, бақылауға, тәжірибе жасауға бейім.

## 4.Оқу-әдістемелік жұмыс

### Есілбай жалпы орта білім беру мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының талдауы

Мектептің 10-11-сыныптары “Жаратылыстану-математика және қоғамдық - гуманитарлық бағыттары бойынша жұмыс істеді.

Әдістемелік тақырыбы: "Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету арқылы оқыту мен оқу үдерісін дамытып оқушылардың білім сапасын тұрақтандыру" деп алынған.

Мақсаты: Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жоюда инновациялық әдістерді тиімді қолдану және педагогикалық-психологиялық қолдау көрсете отырып, оқу жылының аяғына дейін 70%-дық білім сапасын тұрақтандыру.

Міндеттері:

1. Әр түрлі сандық платформаларды қолдану арқылы оқушылардың ынтасын арттыру;
2. Білім сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқушылар мен педагогтердің фукционалды және сандық сауаттылығын арттыру, ЖИ-ні оқу процесіне кіріктіру;
3. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру.

Күтілетін нәтиже:

Сөйлеу мәнері қалыптасқан, үйлесімді, кез-келген мәселені шеше алатын, өмірге икемді, сондай-ақ адамгершілік және жалпы құндылықтарға ие, жан-жақты дамыған тлға қалыптасады.

Нәтижеге жету жолдары мен әдістері:

1. Іс-әрекеттерді өзі-өзі бағалау, өзара бағалау, экспертиза жасау
2. Публикациялар дайындау (кітапшалар т.б.).

Атап өткен міндеттердің орындалу деңгейі атқарылған істер мен жетістіктерден көрініс тауып отыр.

Мектепте осы 4 әдістемелік бірлестік жұмыс істейді: «Бастауыш сыныптар» әдістемелік бірлестігі, «Ізгілендіру пәндері» әдістемелік бірлестігі, «Зерде» әдістемелік бірлестігі, «Жаратылыстану пәндері» әдістемелік бірлестігі Мектепішілік пән апталықтары өз уақытында өтіліп, материалдары жинақталды.

Пән мұғалімдерінің жетістіктері:

| 2023 - 2024 оқужылы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Мұғалімнің аты – жөні | Пәні | Байқау атауы | Нәтиже |
| 1 | Машенов Нұржан Нажмиденович | АӘ және ТД | «Сардар-24» АӘТД оқытушылары арасында әскери-қолданбалы спорт түрлері | сертификат |
| 2 | Шарпекова Акмарал Сайлауовна | Қазақ тілі мен әдебиеті | «Педстарт» республикалық олипиадасы | I дәрежелі диплом |
| 3 | Абжатова Асмегуль Негматолловна | Бастауыш сынып | «Педстарт» республикалық олипиадасы | III дәрежелі диплом |
| 4 | Исабеков Ермурат Бахитденович | Бастауыш сынып | «Педстарт» республикалық олипиадасы | II дәрежелі диплом |
| 5 | Машенова Гульмира Кайырбековна | Қазақ тілі мен әдебиеті | «Педстарт» республикалық олипиадасы | III дәрежелі диплом |
| 6 | Танжанова Майгуль Кабдуллаевна | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары | «Менеджментті табысты басқарудың іске асыру жүйесі» облыстық семинар | Тәжірибе бөліскені үшін сертификат |
| 2024 - 2025 оқужылы | | | | |
| 1 | Абжатова Асмегуль Негматолловна | Бастауыш сынып | «Алтын тұғыр» бастауыш сынып мұғалімдерінің олимпиадасы | Грамота |
| 2 | Абельдинов Жаслан Зейнулович | Қазақстан тарихы | «Жұмабек Тәшенев – өз заманының қайталанбас тұлғасы» республикалық ғылыми-практикалық конференциясы | Тәжірибе бөліскені үшін сертификат |
| 3 | Машенов Нұржан Нажмиденович | АӘ және ТД | «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық педагог-ұйымдастырушыларының пәндік құзыреттіліктерін дамыту» | Тәжірибе бөліскені үшін сертификат |
| 4 | Шарпекова Акмарал Сайлауовна, Машенова Гульмира Кайырбековна | Қазақ тілі мен әдебиеті | «Педагогикалық шеберлік» облыстық байқауы | сертификат |
| 5 | Танжанова Майгуль Кабдуллаевна, | Математика | «Педагогикалық шеберлік» облыстық | сертификат |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Абылгазинова Айымгуль Сайлауовна | | байқауы | |
| 6 | Машенова Гульмира Кайырбековна | Қазақ тілі мен әдебиеті | «Шағын жинақты мектептерде тілдік пәндерді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері» облыстық семинар-практикум | Тәжірибе бөліскені үшін сертификат |
| 7 | Шарпекова Акмарал Сайлауовна | Қазақ тілі мен әдебиеті | «Көркем туындыны талдаудың жаңа бағыттары» облыстық семинар-практикум | Тәжірибе бөліскені үшін сертификат |
| 8 | Шарпекова Акмарал Сайлауовна | Қазақ тілі мен әдебиеті | Республикалық «Мұқағали Мақатаев» оқуларына жеңімпаз дайындағаны үшін | Алғыс хат |
| 9 | Амренова Анель Токтаровна | Физика | «XXV Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференция | Алғыс хат |
| 10 | Исабеков Ермурат Бахитденович | Бастауыш сынып | «Озат тәжірибеге жету жолындағы ортақ іс» аудандық семинар | Тәжірибе бөліскені үшін сертификат |
| 11 | Маненова Асмегуль Ескеновна | Бастауыш сынып | «Озат тәжірибеге жету жолындағы ортақ іс» аудандық семинар | Тәжірибе бөліскені үшін сертификат |
| 12 | Абельдинов Жаслан Зейнулович | Қазақстан тарихы | «Озат тәжірибеге жету жолындағы ортақ іс» аудандық семинар | Тәжірибе бөліскені үшін сертификат |
| 13 | Амренова Анель Токтаровна | Физика | «Озат тәжірибеге жету жолындағы ортақ іс» аудандық семинар | Тәжірибе бөліскені үшін сертификат |
| 14 | Хайрудинова Гульжанар Тасымовна | Көркем ебек | «Озат тәжірибеге жету жолындағы ортақ іс» аудандық семинар | Тәжірибе бөліскені үшін сертификат |
| 2025 - 2026 оқужылы | | | | |
| 1 | Исабеков Ермурат Бахитденович | Бастауыш сынып | «Алтын тұғыр» бастауыш сынып мұғалімдерінің олимпиадасы | I дәрежелі диплом |
| 2 | Амренова Анель Токтаровна | Физика | «Педагогикалық идеялар панорамасы» аудандық кезең | Сертификат |

Сонымен қатар мектебімізде жақсы нәтижелерге әлі қол жеткізе алмай жүрген кемшіліктеріміз де бар, ұстаздарымыздың кәсіби шеберлік сайыстарына қатысуы аздау. Әдістемелік бірлестіктердің жұмысы да әлі жұмысты жақсартуды қажет етеді. Мектеп рейтингінің одан әрі жоғары көтерілуіне оқушыларды пән

олимпиадаларына, жаратылыстану бағытындағы байқауларға дайындау әлі де жақсартуды талап етеді.

Алдағы уақытта келесі міндеттерді шешу қажет:

1. Әр әдістемелік бірлестікте жұмысты одан әрі жандандыру және педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысуын белсендету үшін көп күш жұмсау керек.
2. Әдістемелік кеңес білім беру процесін басқаруда және оқу пәндерін оқытуда педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру үдерісіне қатысушылардың кәсіби өсуі мен кәсіби құзыреттілігін дамытуды басқару бойынша жұмыс жүргізсін.
3. Біліктілікті арттыру және біліктілікті арттыру жүйесі арқылы педагогикалық кадрлардың біліктілігінің оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету.

Мектепте 4 әдістемелік бірлестік (ӘБ) жұмыс жасайды. Әдістемелік бірлестік құжаттары толық қаралды. Әдістемелік бірлестік жұмысының жоспары мектепішілік бақылау жоспарымен сәйкес құрастырылған. Пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары бағдарламаларына сәйкес құрылып, бекітілді, электронды күнделік мемлекеттік стандарт талаптарына сай толтырылған. Бақылау жұмыстары, тәжірибелік және зертханалық жұмыстардың өткізу нормалары сақталған.

2024-2025 оқу жылында «Әрбір мектеп – үздік мектеп» жол картасы жобасын іске асыру аясында мектебімізде «Озат тәжірибеге жету жолындағы ортақ іс» тақырыбында аудандық семинар өтті. Семинарға аудандық оқу бөлімінің әдіскерлері және «Базалық әлеует мектептерінің» мұғалімдері қатысты. Семинар мектеп директоры А.С. Шарпекованың құттықтау сөзінен басталды. Семинар бірнеше бөлімдерді қамтыды. «Авторлық бағдарламаларды жүзеге асырудағы мектеп мұғалімдерінң тәжірибесі» бөлімінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері Шарпекова Акмарал Сайлауовна мен Машенова Гульмира Кайырбековна өздерінің авторлық бағдарламарын ұсынып, жасалу кезеңдерімен, тиімділігімен және нәтижелерімен таныстырды. «Ашық сабақтар панорамасы» бөлімінде бастауыш сынып мұғалімдері – Маненова Асемгуль Ескеновна, Исабеков Ермурат Бахитденович, математика пәнінің мұғалімі – Айтмаганбетова Куралай Каримулловна, физика пәнінің мұғалімі – Амренова Анель Токтаровна, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі – Нұрланбек Шолпан ашық сабақтарында өз әдіс тәсілдерін, шығармашылық жұмыстарын, шеберліктерін көрсетті.

«Шеберлік сабақтары» бөлімінде тарих пәнінің мұғалімі Абельдинов Жаслан Зейнулович «Тарих пәнін меңгеруде тиімді оқыту әдістері: ҰБТ–ге дайындықта қолдану» тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісті. Көркем еңбек пәнінің мұғалімі Хайрудинова Гульжанар Тасымовна «Гипстан ракушка жасау» жолдарымен таныстырып, семинар қатысушыларына ракушка жасауын үйретті.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Танжанова Майгуль Кабдуллаевна топтық жұмыс арқылы «Озат тәжірибе» туралы сұрақтарға тәжірибе алмасу және педагогикалық әдіс-тәсілдерді жетілдіру туралы талқылау жүргізді. Қатысушылардан семинардың тиімділігін бағалауға және

болашаққа ұсыныс енгізуге мақсатында кюар – код арқылы кері байланыс алынды.

Қорытынды бөлімінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өтіліп жатқан «Шабыт» фестивалінің қатысушылары шағын концерттік номерлерін ұсынды. Семинар соңында аудандық оқу бөлімінің әдіскері тәжірибе бөліскен ұстаздарға сертификаттар табысталды.

Мұндай семинардың нәтижесінде мұғалімдер мен педагогтардың кәсіби шеберлігі артып, білім беру әдіс-тәсілдері жаңартылады. Педагогтар арасындағы ынтымақтастық күшейіп, ортақ мәселелерді шешу жолдары қарастырылады.

https://www.instagram.com/reel/DGlX-HXqI0j/?igsh=NjJ3d2ZjdGhoc2p4

**Жас мамандармен жұмыс**

Білім сапасы мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі құзыреттілігімен, ал кәсіби шеберлігі тәжірибемен анықталады. Мектепке келген жас мұғалім жетістікке жету үшін бірінші кезеңде жас мұғалімдер мектебінің ойластырылып жасалған жұмыс жоспары , педагогтердің қолдауы мен көмегі қажет. Кадрлардың тұрақтылығына байланысты алдыңғы жылдарда жас маман болған жоқ. Жалпы мектепке биылғы 2025-2026 оқу жылында ғана жас маман келді, тәлімгер бекітілді.

## 5. Оқу-материалдық активтер

Мектеп ғимараты типтік, құрылыс материалы кірпіштен салынған, жылыту, су көздері орталықтан беріледі.

Мектеп 5 блоктан тұрады. Жалпы оқу кабинеттер саны - 15, оның ішінде 1 мультимедиа, 1 информатика, 4 бастауыш сынып кабинеттері, орыс тілі, шетел тілі кабинеті, химия, физика, биология, АӘДТ, 1 медициналық кабинет, 70 орындық мәжіліс залы, 48 орындық асхана, кітапхана оқу залымен бірге бар. 4 кабинетке интербелсенді тақта орнатылған. Бастауыш сынып кабинеттері 2021 жылы жаңа шкафтармен жабдықталды.

Физика, химия, биология кабинеттері жиһаз және зертханалық құралдарымен жабдықталған

Кітапхана қоры әдеби, әдістемелік және электрондық оқулықтармен толықтырылуда.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 5 бұйрығына сәйкес ғимараттарда (оқу ғимараттарында) ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін жағдай жасау (пандус, есіктер мен баспалдақтарға контрастты бояу) «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 6 бұйрық) .

Мектепте ерекше қажеттіліктері бар балалар жоқ бірақ жасалған белгілері, баспалдақтардағы контрастты бояумен белгіленген жолақтар: көру үшін жоғарғы және төменгі сатылар, мектеп ғимаратының кіре беріс

есіктерінде сары шеңбер түріндегі сәйкестендіру белгілері бар.Сумен қамсыздану көзі орталықтан беріледі, канализация бар. Мектеп бөлмелеріндегі температуралық режим нормаға сәйкес келеді. Мектептің 2-ші қабатында ұлдар мен қыздарға арналған санитарлық тораптар орналасқан.

Дабыл беру қоңырауы орнатылған, Мектепте орнатылған 16 бейнебақылау камераларының 12-сі ішкі және 4-і сыртқы және жазбаға түсіріліп отырады.

Мектеп ішінде өрт сөндіргіш құралдары қойылған. Мектепте қауіпсіздік ережесі сақталған.

**Асхана**

Асхана типтік жалпы ауданы 76,95 ш.м. Жалпы орын саны –48. Ыстық тамақпен қамту 100% құрайды. «Павлодар облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Шарбақты аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» берген санитарлық – эпидемиологиялық қорытындысы бар, берілген жылы: 12 наурыз 2015 ж. №2-4-12/31

2024 жылы 7 қазанда мектеп асханасы облыстық маслихат депутаты Соломкин В.В. демеушілігімен 686 750 теңгені құрайтын жаңа электр плитасымен жабдықталды.

**Медициналық кабинет**

Медициналық кабинет бар. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті «Павлодар облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегіт орталық» РМК-мен берілген техникалық паспорты бар. Медициналық кабинет 2 кабинеттен тұрады: медбике кабинеті (26,0) және продедурный кабинет (20,0). Жалпы ауданы- 46,0. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Шарбақты аудандық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен берілген лицензиясы №18021958 06.12.2018 ж.

Лицензияланатын қызмет түрінің кіші қызметтері:

Балаларға мына мамандықтар бойынша амбулаториялық емханалық көмек көрсетіледі:

- Алғашқы медициналық- санитариялық көмек;
- Дәрігерге дейінгі.

2022 жылғы 13 сәуірдегі №120 бұйрығы негізінде өтеусіз пайдалануға беру келісімшартқа сәйкес Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Шарбақты аудандық ауруханасы» КМК «Пайдаланушы», Павлодар облысы білім беру басқармасының «Шарбақты аудандық білім беру бөлімі» ММ балансындағы Шарбақты ауданы, Есілбай ауылы, Мәңгілік Ел көшесі, 45 А-ғимарат мекенжайы бойынша орналасқан ғимараттың тұрғын емес үй-жайлар бөліктері олардың қалыпты пайдалану жағдайында белгісіз мерзімге қабылдады.

**Спорт залы**

Мектепте жалпы ауданы 288 ш.м. 1 спорт залы бар.

Мектеп ғимаратын жөндеу жұмыстары жыл сайын жүйелі түрде жүргізілуде.

Күн сайын ылғалды тазалау және залды желдету жүргізіледі.

Спорт залында және спорт алаңында еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелеріне, сондай-ақ шұғылданушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін оқу орындары ұйымдастырылған.

Мектепте сабақ өткізу үшін үстел теннисіне арналған үстелдер, доптар(волейбол, баскетбол, футбол), баскетбол сақинасы, теннис, коньки, шаңғы, дойбы және шахмат бар.

Мектептің әкімшілік-педагогикалық қызметкерлері жалпы білім беретін мектеп оқушыларымен дене шынықтыру бойынша оқу жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік және санитарлық ережелерімен танысты.

Дене шынықтыру сабақтарын өткізуге рұқсат етіледі.

## Оқу зертханалары

Мектепте жаңа модификациялы 1 кабинет бар: биология. Кабинет 2018 жылы ашылды және қосымша физика, химия кабинеттері жабдықталды.

**Физика** кабинеті мектептің 2-қабатында орналасқан, зертханасы бар. Кабинет оқу процесін тиімді және қауіпсіз ұйымдастыруға арналған құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Кабинетте оқушылардың тәжірибелік және зертханалық жұмыстарын орындауына қажетті аспаптар мен көрнекіліктер жинақталған.

Қауіпсіздік бұрышы ұйымдастырылған, онда “Алғашқы көмек” нұсқаулығы, алғашқы медициналық қобдиша және өрт қауіпсіздігі ережелері ілінген.

Физика зертханасы 7–11 сыныптардың оқу бағдарламасына сәйкес тәжірибелік жұмыстар жүргізуге толық мүмкіндік береді.

**7–8 сыныптар** үшін: өлшеуіш цилиндрлер, көлем және масса анықтайтын аспаптар, сызғыштар, мензуркалар, динамометрлер, серіппелер, гирлер, таразылар, таймерлер, миллиметрлік қағаз, термометрлер, суы бар ыдыстар, тығыздықты анықтайтын денелер, жіптер, болттар мен гайкалар жиынтығы бар.

**9-сыныпта** қозғалыс және механика тарауларына арналған өлшеуіш таспалар, штативтер, секундомер бар.

**10–11 сыныптар** үшін электр құбылыстары мен оптика тарауларына арналған құрал-жабдықтар орнатылған: миллиамперметрлер, вольтметрлер, резисторлар жиынтығы (100, 200, 300 Ом), калориметр, линзалар, айна жиынтығы, штативтер, спектрлік тәжірибелерге арналған аспаптар, жарық көзі, конус тәрізді қораптар, шыны түтікшелер, тазартылған су, мензуркалар, термометрлер, миллиметрлік сызғыштар және секундомерлер.

Физика кабинеті пән мұғалімінің басшылығымен оқушылардың ғылыми-ізденіс жұмыстарын, тәжірибелер мен жобаларды орындауға арналған шығармашылық орта болып табылады.

***Биология*** кабинеті және зертханасы 2-қабатта орналасқан. Кабинетте қауіпсіздік бұрышы, зертханалық бөлмеде оқушыларға арналған алғашқы көмек көрсетілетін медициналық құрал-жабдықтар салынған

қобдишасы қойылған. 7-11 сыныптарда биология пәнінен жоспар бойынша зертханалық жұмыстар жүргізіледі. Зертхана бөлмесінде жұмысқа қажетті микроскоп, штатив, ұлғайтқыш қоләйнек, тамызғы, сапты ине, пинцет, жабын шынылар, кеппе шөптер, нақпішін, дәнді дақылдар, спарт құрылғылары, датчиктер, реактивтер, сынауықтар бар. Биология пәнінен кейбір зертханалық жұмыстар электронды оқулықтар арқылы жүргізілсе, 7-8- сыныптарда зертханалық жұмыстар вертуальды түрде өткізіледі. Зертханалық жұмыстардың өткізілгендігі және құрал-жабдықтардың пайдаланылғандығы туралы дәптерге жазылып, есеп жүргізіледі.

**Химия** кабинеті 1-қабатта орналасқан, сынып бөлмесі және зертхана кабинеті бар, Кабинет 2014 жылдың қаңтар айынан бастап жаңартылып, жабдықталған. Зертханалық құрал-жабдықтар, интербелсенді тақта және химиялық тәжірибелер өткізуге арналған құралдармен қамтылды.

Кабинетте Д.И.Менделеевтің жасаған химиялық элементтердің периодтық жүйесі кестесі, «Тұздар, қышқылдар және негіздердің суда ерігіштігі» кестесі, «Химиялық тәжірибе кезіндегі техника қауіпсіздігі» ережелерін сақтау нұсқаулығы, дәрі-дәрмек қобдишасы, өрт сөндіру құрал жабдықтары бар.

Оқу үдерісі барысында оқушылардың химия пәніне қызығушылығын арттырып,тәжірибелік дағдыларын дамытуға 8-9 сыныптарға арналған виртуалды электронды, интер белсенді тақтада пайдалануға арналған дисктер бар, барлық мүмкіндік қарастырылған.

Лабораториялық жұмыстарды өткізуге арналған құрал-жабдықтар толығымен қамтылған, сынауықтар мен құтылар, өлшеуіш стакандар, құйғылар, мұнай және оның өнімдері, сүзу құралдары, сандық термометр, зертханалық жұмыстарға фосфор ыдыстар жиынтығы, микролабораториялық материалдар жиынтығы. «Химия 8-11 сынып» оқу-бағдарламалық кешені, кеңістік молекула модельдерін құрастыруға арналған жинақтар бар.

## 6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

1-4 сыныптарда цифрлық сауаттылық, 5-сыныптан бастап информатика пәні оқытылады. Электронды күнделік журналдары уақтылы толтырылып, пән мұғалімдері электронды жүйеде жұмыс жасайды. Мектеп базасы уақытында толтырылып отырылады (желілік әкімшілік Рашатбекова А.Т). Информатика кабинетінде интернетті, электрондық оқулықты және интербелсенді тақтаны қолдану жөнінде әр пән мұғалімдері мен оқушыларға кесте құрылды. Кестеге сйкес тіркелу журналдары жасалды.

Информатика кабинетінде жұмыс сабақта және одан тыс уақытта да өткізіледі. Пән мұғалімдері кез келген бос уақытында интернетте жұмыс істейді, өздеріне керек материалдарды алды. Сабақтан тыс уақытта сабақтарына дайындалуларына жағдай жасалған. Информатика пәні бойынша төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік сабақтары жүргізіледі. Сабақтарда электронды оқулықты тиімді пайдаланып, интербелсенді тақтаның мүмкіндіктерін қолдану жүзеге асырылды. Интернетке кез келген уақытта кіруге болады, мүмкіндік бар.

Мұғалімдер мен оқушылар кесте бойынша онлайн режимінде өтілген сабақтарға қатысып отырды (пән бойынша, ҰБТ, тәрбие сағаттарына байланысты).

Мектеп ұлттық білім беру деректер базасында тіркелген, оқушылар, оқу процесі, контингент, білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер бар.

Әр оқушыға арналған парақша ашылып, онда оқушы туралы, оның оқу үлгерімі, оқулықтар мен компьютерлік техниканың болуы, спорттық іс-шараларға қатысуы, үйірмелер мен спорт секцияларына қатысуы туралы барлық мәліметтер қамтылған. ҰБДҚ сонымен қатар оқушыларның қозғалыс есебін жүргізеді.

ҰБДҚ деректері Мектептің нақты деректеріне сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы No 52 бұйрығымен бекітілген Оқушылардың білімін бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау № 13137 бойынша нормативтік құқықтық актілер) және қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарының сақталуы .

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) бекітілген Оқушылардың білімін бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау № 13137 нормативтік құқықтық актілері) және қалыптастырушы және жиынтық бағалауға қойылатын талаптардың сақталуы .

Жиынтық жұмыс кестелері

Осы талаптар шеңберінде мыналар тексерілді:

- пәндер бойынша бөлімдер бойынша жиынтық бағалау.
- пәндер бойынша тоқсандық жиынтық бағалау.
- электронды сынып журналдары.

Жаңартылған білім беру мазмұнын білім беру үдерісіне енгізу кезінде білім алушылардың білімін бағалау «Білім беру жүйесіне қойылатын талаптардың өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. білім алушылардың білімін бағалау», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Ұйымдар үшін білім алушылардың оқу үлгеріміне ағымдағы мониторинг, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік ережесін бекіту туралы» бұйрығы. орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру туралы».

ТЖБ және БЖБ жиынтық жұмыстарының саны типтік оқу бағдарламаларының талаптарымен және Нұсқаулық-әдістемелік хаттың ұсыныстарымен анықталады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес «Орта, техникалық білім беретін ұйымдар үшін білім алушылардың оқу үлгеріміне ағымдағы мониторингті, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік ережесін бекіту туралы» және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру», 1-сыныптарда бағалау жүргізілмейді. Критериалды бағалау 2-9 сыныптарда жүргізіледі. БЖБ және ТЖБ саны ӘНХ бойынша жоспарланған. Бұл ретте қорытынды бағаларды қою үшін жиынтық және формативті бағалауды өткізу алгоритмі сақталған.

Оқушылардың білімін қалыптастырушы және жиынтық бағалау белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі. Әрбір пән бойынша жиынтық жұмыстың кестесі жасалып, бекітіледі. Жиынтық бағалау кесте бойынша жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына № 8 қосымшаның негізінде жиынтық бағалау нәтижелері талданды.

Автоматтандырылған жүйенің жұмыс жасауы: 2021 жылдан платформа-pvl.ekitaphana.kz жұмыс жасалуда. 2023 жылдан платформа -kitaphana.edu.kz- білім беру ұйымдары кітапханаларының сандық есептері автоматтандырылған жүйесі, мұнда мектеп кітапханасы бойынша сандық мәліметтер беріледі. edu.bookfund.gov.kz –Балалар кітапханасы ақпараттық жүйе, Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы - etandau.gov.kz платформасы. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы платформа. Мұнда оқулық кешендеріне тапсырыс жасау бойынша жұмыстар атқарылады.

Ақпараттандыру (компьютер) бойынша:

| **№** | **Көрсеткіш** | **Мәні** |
|---|---|---|
| 1 | Компьютерлер саны | 122 |
| 2 | Оқу процесінде колданылатын компьютерлер саны | 121 |
| 3 | Әкімшілік жұмыстары бойынша қолданылатын компьютерлер саны | 1 |
| 4 | Компьютерлік кабинеттер саны | 1 |
| 5 | Мультимедия кабинеті | 1 |
| 6 | Компьютерлік кабинеттердегі компьютерлер саны | 27 |
| 7 | Оқу процесінде қолданылатын тасымалданатын компьютерлер (ноутбуктер) саны | 35 |
| 8 | Мектептің жергілікті есептеуіш желісі | “АО Транстелеком” байланыс 20 мб/с |
| 9 | Мектептің жергілікті есептеуіш желісіне қосылған компьютерлер саны | 121 |
| 10 | Принтерлер саны | 4 |
| 11 | Сканерлер саны | 1 |
| 12 | Мультимедиалық құрылғы (проектор) | 7 |
| 13 | Белсенді тақта | 7 |
| 14 | Мобильді кабинет | жоқ |

Сабақтарда электронды оқулықты тиімді пайдаланып, интербелсенді тақта, мультимедиялық құрылғылар және панель мүмкіндіктерін қолдану жүзеге асырылды. Мұғалімдер дайындаған флипчарт, слайд, видеосабақтар жинақтарын реттеп, әр сынып бойынша пайдалануда. Интернетпен жұмыс жасап өздеріне керекті материалдар жинақтауда, жасанды интелекттен пайдалануда, Пән мұғалімдері кабинеттерге бөлініп, кесте бойынша жұмыс жасауда.

Сабақтың әр кезеңінде электрондық оқулықты тиімді пайдаланып, интербелсенді тақтаның мүмкіндіктерін (перде, жазу, жылжыту, қозғау, кітапханадағы суреттерін пайдалану) қолдану жүзеге асырылды. Мектеп мұғалімдерінің барлығы курстан өткен, интербелсенді тақтаны, панельды мультимедиалық құрылғыларды қолдана алады.

**Ақпараттандыру бойынша туындаған мәселелер:**

- Интербелсенді тақталар ескі технология болғандықтан, бүгінгі күннің талаптарына толықта жауап бермейді;
- Мультимедиялық құрылғылар 2017 жылғы;

**Шешу жолдары:**

- Мектепке қазіргі заман талаптарына жауап беретін технологиялар алу: тач панель, компьютер, моноблок, ноутбуктар, планшеттер және жылжымалы проекторлар.

**Кітапханажайлықысқашаанықтама.**

Кітапхананың кадрлық мәліметі:
Кітапханашы : Заматаева Б.Д.
Енбек өтілі: 23 жыл, мамандығы бойынша: 23 жыл
Біліктілік курсы : 1. ЦПКО «Өрлеу» 2019 ж.
Мектеп кітапханасының негізгі мақсаттары мен бағыттары

**І. Кітапхананың мақсатты:**

Оқырманға кітапханалық және ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету;
Мектеп оқушыларына өзбетінше білім алуға жәрдемдесу, оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру;
Ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, білімді адам тәрбиелеу.
Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынта сын арттыру.
Оқырманды кітап оқуға шақыру, кітапты насихаттау;

**Кітапхана міндеттері:**

- Кітапхана қорларына кең қол жетімділік негізінде кітапхана оқырмандарының ақпарат қажеттіктеріне сәйкес оларға кітапханалық және ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету;
- Оқушыларды оқу құралдарымен қамту;
- Оқушыларда ақпарат мәдениеті дағдыларын қалыптастыру;
- Мұғалімдердің іскерлік шеберліктерін арттыруға көмек беру;
- «Балалар кітапханасы» бағдарламасын іске асыру мақсатында жұмыс жасау.

**Кітапхананың негізгі қызметті:**

- Кітапхана қызметкері өз қызметін мектеп директоры бекіткен жоспар бойынша жүргізеді.
- Мектеп кітапханасы өз жұмысын педагог ұжымымен бірлесіп атқарады;

Басылымдарды ғылыми тұрғыдан өңдейді, кітаптар мен ақпараттың басқа түрлеріне саналық және жеке есеп жүргізеді, қордың белгіленген ережелеріне сәйкес сақталуы үшін материалдық жауап береді;
Оқырмандар мен жеке, топтық және бұқаралық жұмыс жолы мен әдебиетті таңдауына көмектеседі, библиографиялық шолулар жасайды, кітап көрмелерін ұйымдастырады;
Оқырман формуляры бойынша оқу залында және абонементе оқырмандарға жеке қызмет көрсетуді ұйымдастырады;
Жаңа оқу жылына ӘБ жетекшілерінің сұранысына сай оқулыққа тапсырыс береді;
Оқулықтың сақталуына әр тоқсан сайын рейд жүргізеді;
Құжаттардың дұрыс жүргізілуіне жауап береді.

**2025-2026 оқу жылы Кітапхананың кітап қоры туралы мәлімет:**

Оқу әдебиеттері қоры бөлек орналасқан. Оқулықтарды орналастыру сыныптар бойынша жүргізілді. Жаңа оқулықтардың түсуіне қарай оларды бірден өңдеу және орындарына орналастыру жүргізіледі.

Көркем әдебиет қоры оқырмандарға ашық қолжетімді. Кітапхана ғылыми-көпшілік, анықтамалық, салалық, көркем, балалар әдебиетімен, электронды оқулықтармен жабдықталған.

Құжаттарға жазу уақтылы және ұқыпты жүргізіледі.

Кітапхананың негізгі қоры, барлығы: 10530 дана
Оның ішінде көркем әдебиеті: 4526
Оның ішінде мұғалімдерге арналған оқыту әдістемелері: 224
Оқулықтар қорын жеке қоймада орналастыру : - сыныптар бойынша.
Екі жылда(2023-2025) түскен жаңа әдебиеттер барлығы: 464 дана.
Ағымдағы жылға жаздырып алатын мерзімді басылымдар саны:
Газеттер:10 атау: «Білімді ел», «Егемен Қазақстан », «Казахстанская правда», «Сарыарқа самалы», «Звезда прииртышья», «Ана тілі », «Сарбаз», «Шарбақты»,«Ұлан», «Дружные ребята»
Журналдар: 5 атау« Мектеп ұстаздарының әлемі»,«Балдырған»,«Балалар әлемі», «Ойла», «Балақан»

**Нормативтік құжаттамалары:**

Кітапханада келесі нормативтік құжаттар бар:

- Кітапхана туралы ереже
- Кітапхананы пайдалану ережесі
- Кітапхана қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары
- Мектеп кітапханасының жылдық жұмыс жоспары
- Мектеп кітапханасының жұмысы туралы жылдық есеп
- Кітапхананың нормативтік-регламенттеуші құжаттары бар Папка (Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары мен өкімдері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының әдістемелік ұсынымдары (ҚР БҒМ РҒПБ).

**Есептік құжаттаманың болуы:**

Кітапханада келесі есеп беру құжаттары бар:

- Негізгі кітапхана қорының жиынтық есебі кітабы
- Түгендеу кітаптары
- Негізгі кітапхана қорының қозғалыс актілерінің папкалары (есептен шығару)
- Кітапхана жұмысының күнделігі
- Библиографиялық анықтамаларды есепке алу журналы
- Оқулықтарды есепке алу журналдары
- Оқулықтарды жеткізу бойынша шот-фактуралардың көшірмелері бар папка
- Сыныптар бойынша оқулықтар беру журналы.

**Оқырмандармен жұмыс:**

Кітапханалық қызмет көрсету «Кітапхана туралы ережеге» және кітапхана жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Абонемент және кітапхананың оқу залы СанПИН талаптарына жауап береді, эстетикалық безендірілген, қажетті стеллаждармен қамтамасыз етілген. Кітапхананың жұмыс кестесі, кітаптарды пайдалану ережелері ілінген.

Оқырмандарды қайта тіркеу, сабаққа қатысу және кітап беру күнделік жазбаларына сәйкес келеді. Формулярлар уақтылы толтырылады. Оқырмандар кітапхана қорынан __7-14_ күн мерзімге баспа басылымдарын уақытша пайдалануға алады, кітапханашыдан алынған анықтамалық ақпаратты пайдаланады. Барлық оқушылар мен оқытушылар "кітапхананы пайдалану ережелерін" сақтайды, бұл олардың тәуелсіз кітапхана пайдаланушыларының дағдыларын қалыптастырады. Кітапхана оқытушыларға, сынып жетекшілеріне іс-шараларды, сынып сағаттарын өткізуге көмек көрсетеді. Әдебиеттер, Өлеңдер іріктеліп, кітап көрмелері рәсімделеді.

Жеке қызмет көрсетудің негізгі нысандары:

- кітапханаға жазылу кезіндегі әңгіме;
- оқылған туралы әңгіме;
- кітап таңдау кезіндегі ұсынымдық әңгімелер;
- оқырман формулярларын талдау.

Оқырман формулярларын талдау бойынша оқырмандар арасында көркем әдебиет пен балалар әдебиеті ең көп сұранысқа ие деп айтуға болады.

Оқуға тарту мақсатында кітапханада мерейтойлық және айтулы күндерге, сондай-ақ уақытша және тұрақты жұмыс істейтін әр түрлі айлықтарға түрлі көрмелер ұйымдастырылады.

Кітапхана мектеп жоспары бойынша жаңа ақпараттық көздерімен, жаңа технология тәсілдерімен жұмыс істейді. Мұғалімдер мен оқушылардың жаңаша ізденісі нәтижесінде жаңа ақпараттық тәсілдермен жұмыстар іске асырылады. Жұмыс істеу бірнеше бөлімдерге байланысты атқарылады. Мобильді кітапхана бұрышы ұйымдастырылған.

**Қордағы жалпы кітап қоры**

2023-2024 оқу жылы кітапхана қоры – 9 353дана

2024-2025 оқу жылы кітапхана қоры – 10 320 дана

2025-2026 оқу жылы кітапхана қоры – 10 530 дана

**Жалпы кітапхананың кітап қоры**

| № | Қордың құрылымы | 2023- 2024 | 2024-2025 | 2025 – 2026 |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Оқулықтар | 3300 | 4053 | 4227 |
| 2 | Негізгі қор | 9353 | 10320 | 10530 |
| 3 | Оның ішінде көркем әдебиет | 5800 | 6004 | 6004 |
| 4 | Оның ішінде әдістемелік | 211 | 221 | 224 |
| 5 | Электронды оқулықтар | 27 | 27 | 60 |
| 6 | Мерзімді басылым | 15 | 15 | 15 |

**Оқушыларды оқулықпен қамту көрсеткіші**

| | 2023-2024 | | 2024-20225 | | 2025-20226 | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Сынып | Оқушы саны | Оқулықпен қамтылуы % | Оқушы саны | Оқулықпен қамтылуы % | Оқушы саны | Оқулықпен қамтылуы % |
| 1 | 6 | 100 | 4 | 100 | 6 | 100 |
| 2 | 5 | 100 | 7 | 100 | 3 | 100 |
| 3 | 7 | 100 | 5 | 100 | 6 | 100 |
| 4 | 6 | 100 | 8 | 100 | 5 | 100 |
| 5 | 5 | 100 | 7 | 100 | 8 | 100 |
| 6 | 8 | 100 | 6 | 100 | 7 | 100 |
| 7 | 8 | 100 | 8 | 100 | 4 | 100 |
| 8 | 11 | 100 | 8 | 100 | 9 | 100 |
| 9 | 9 | 100 | 12 | 100 | 8 | 100 |
| 10 | 5 | 100 | 4 | 100 | 11 | 100 |
| 11 | 2 | 100 | 6 | 100 | 4 | 100 |
| **Барлығы** | | **100 %** | | **100 %** | | **100%** |

**Жалпы кітапхана туралы мәлімет**

| № | | 2023-20224 оқу жылы | 2024-2025 оқу жылы | 2025-2026 оқу жылы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жалпы көлемі | 20кв.м | 20кв м | 20кв.м |
| 2 | Оқу залы | 1 | 1 | 1 |
| 3 | Жарықпен қамтамасыз етілуі | + | + | + |
| 4 | Оқырман саны | 110 | 118 | 125(қыркүйек) |
| 5 | Әдебиеттердің берілуі жайы | 2933 | 3001 | 1975(қыркүйек) |
| 6 | Кітапханаға келушілер саны | 2350 | 2326 | 252(қыркүйек) |
| 7 | Оқулықпен қамтамасыз етілуі | 100% | 100% | 100% |

**Кітапханаға келушілер саны**

Жалпы мектеп кітапханасының оқырмандары бірнеше топқа бөлінген. Оқырмандар төмендегі негізгі топтарға бөлініп тиісті қызмет көрсетілуде:

**Ұстаздар**

Бастауыш буын (1-4 сыныптар)

Орта буын (5-8 сыныптар)
Жоғарғы буын (9-11сыныптар)
Басқа топ, қызметкерлер.

**Қордағы әдістемелік  құралдар жыл сайын толықтырылуда.**

2023-2024 оқу жылында 2 сыныпқа  орыс тілі пәнінен оқулықтар жаңартылды. Цифрлық сауаттылық 1,2 сыныпқа  – электронды оқулығы берілді.

Ктапхана  қорындағы  электрондық оқулықтар мен электронды нұсқадағы әдістемеліктер

| № | Атауы | Сынып | Жылы | Саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Дүниетану. Оқыту әдістемесі | 1 сынып | 2021 | 1 |
| 2 | Русский язык. Методическое руководство | 1 сынып | 2021 | 1 |
| 3 | Математика. Әдістемелік нұсқау | 1 сынып | 2021 | 1 |
| 4 | Қазақ тілі. Әдістемелік нұсқау | 1 сынып | 2021 | 1 |
| 5 | Жаратылыстану. Әдістемелік нұсқау | 1 сынып | 2021 | 1 |
| 6 | English Language 7 Teacher’ Multimedia Resource PackАғылшынМультимедиаЭлектрондықоқулық | 1 сынып | 2021 | 1 |
| 7 | Дүниетану. Оқыту әдістемесі | 1 сынып | 2021 | 1 |
| 8 | Русский язык. Методическое руководство | 1 сынып | 2021 | 1 |
| 9 | Математика. Әдістемелік нұсқау | 1 сынып | 2021 | 1 |
| 10 | Қазақ тілі. Әдістемелік нұсқау | 1 сынып | 2021 | 1 |
| 11 | Жаратылыстану. Әдістемелік нұсқау | 1  сынып | 2021 | 1 |
| 12 | English Language 7 Teacher’ Multimedia Resource PackАғылшынМультимедиаЭлектрондықоқулық | 1 сынып | 2021 | 1 |
| 13 | English Language. Multi-Rom Pupli’s CD | 1 сынып | 2021 | 1 |
| 40 | English Language. Interactive WhiteBoard Software постерлер | 1 сынып | 2021 | 1 |
| 41 | Цифрлық сауаттылық. Әдістемелік нұсқау | 3 сынып | 2021 | 1 |
| 42 | Әдебиеттік оқу. Оқыту әдістемесі 1,2 бөлім | 2 сынып | 2022 | 1 |
| 43 | Дүниетану. Оқыту әдістемесі | 2 сынып | 2022 | 1 |
| 44 | Математика. Оқыту әдістемесі 1,2 бөлім | 2 сынып | 2022 | 2 |
| 45 | Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі | 2 сынып | 2022 | 2 |
| 46 | Жаратылыстану. Әдістемелік нұсқау | 2 сынып | 2022 | 2 |
| 47 | Көркем еңбек. Әдістемелік нұсқау | 2 сынып | 2022 | 1 |
| 48 | Цифрлық сауаттылық. Әдістемелік нұсқау | 2 сынып | 2022 | 1 |
| 49 | МузыкаОқытуәдістемесі | 2 сынып | 2022 | 1 |
| 50 | Цифрлық сауаттылық 2 сынып Электронды оқулық Алматікітап | 2 сынып | 2023 | 6 |
| 51 | Цифрлық сауаттылық 2 сынып Электронды оқулық Алматікітап | 2 сынып | 2023 | 3 |
| 52 | Еңбекке баулу әдестемелік нұсқау | 2 сынып | 2023 | 1 |
| 53 | Еңбекке баулу әдестемелік нұсқау | 1 сынып | 2023 | 1 |

**2023-2024** оқу жылында жаңа бағдарлама бойынша 3-сынып оқушыларына **«Жаратылыстану «Енбекке баулу», «Бейнелеу өнері» «Цифрлық сауаттылық» «Русский язык» «Ағылшын тілі»** 100 пайыз оқулықтармен қамтамасыз етілді. Мұғалімдер әдістемелік құралдарымен қамтамасыз етілді.

**2024-2025**оқу жылында жаңа бағдарлама бойынша 4-сынып оқушыларына **«Жаратылыстану «Енбекке баулу» «Бейнелеу өнері» «Цифрлық сауаттылық» «Русский язык» «Ағылшын тілі»** 100 пайыз оқулықтармен қамтамасыз етілді. Мұғалімдер әдістемелік құралдарымен қамтамасыз етілді.
Сонымен қатар 7 сынып оқушылары жаңа бағдарлама бойынша 100% оқулықтармен қамтамасыз етілді.

**2020-2025 оқу жылыдарына арналған «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жыл сайын жүйелі түрде мектепішілік іс-шаралар мен байқаулар өткізіліп тұрады.**

**Бұл жобанын мақсаты:** түрлі іс-шаралар арқылы оқушылардың кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру. Оқушыларға қазақ әдебиетінің, әлем классикасының алтын қорындағы аса құнды шығармаларды оқыту арқылы үш тілде білім беруді қолдауға, өз халқының тарихы мен мәдениетін оқып білуге және басқа елдер мәдениетіне толеранттылық танытуға бағытталған.

«Жалпы мектеп жасындағы балалардың кітап оқуға құмарлығын ояту үшін мектебімізде көптеген жұмыс атқарылуда, көптеген жаңалықтар енгізіліп жатыр.

Кітап оқуға деген ынтаны арттыру және кітаптарды еркін алмасу мәдениетін қалыптастыру мақсатында мектеп дәлізінде**“Bookcrossing”** атты кітапбұрышы ұйымдастырылды.Көрменің негізгі мақсаты – кітап оқу мәдениетін насихаттау, ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті кеңейту және оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру болды. Іс-шара барысында көрмеге қойылған әр түрлі жанрдағы және тақырыптағы кітаптар қатысушыларға таныстырылып, оларды еркін алып оқып, кейін басқаларға тапсыру қағидаты түсіндірілд

Мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында **«Менім отбасым - оқырман отбасы» - атты дөңгелек үстел** ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелге белсенді оқырман отбасылар, оқушылар, ата-аналар және ұстаздар қатысты.

Кездесу барысында қатысушылар өз отбасындағы оқу дәстүрлері, сүйікті кітаптары мен авторлары жайлы ой бөлісті. Әр отбасы кітап оқудың бала тәрбиесіндегі орны, ата-ананың үлгісі, бірлескен оқудың әсері жөнінде пікір алмасты.Кітап оқу – тұлғаның жан-жақты дамуының негізі. Отбасында оқырмандық мәдениетті қалыптастыру – білім мен тәрбиенің үйлесімді тетігі.

Әдеби тұрғыда бұл іс-шара – рухани сабақтастықтың, дәстүр жалғастығының, отбасылық жылылық пен бірліктің көрінісі. Кітап арқылы ұрпақтар арасындағы байланыс нығайып, ата-ананың тәлімгер рөлі айқындалды.Дөңгелек үстел жоғары деңгейде өтті. Қатысушылар кітаптыңадам өміріндегі маңызын терең түсініп, өз отбасыларында оқу дәстүрін жалғастыруға уәде етті.Іс-шара оқуға құштарлықты арттырып, мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайтты.

Бастауыш сынып оқушыларының ертегіге деген қызығушылығын арттыру, сөйлеу мәдениетін дамыту мақсатында кітапханада **«Ертегілер еліне саяхат»** әдеби сағаты өткізілді. Оқушылар өз сүйікті ертегілерін оқып, кейіпкерлерін сахналады. Көрме бұрышында балалар әдебиеті таныстырылды.Шара әсерлі,

көңілді өтті. Балалар белсенділік танытты, кітапханаға деген қызығушылық артты. Мұндай іс-шараларды жүйелі түрде өткізу тиімді.
Сонымен қатар кітапханада **«Кітап – білім бұлағы»** - атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты балаларды жаңа әдебиеттермен таныстыру, оқырмандардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру.Көрме мазмұнды безендірілді, түрлі жанрдағы кітаптар қойылды. Оқушылар мен мұғалімдер тарапынан үлкен қызығушылық байқалды. Көрме арқылы оқырман қоры көбейді, оқу мәдениеті нығайды.
Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту және кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында **“ Каникулды кітаппен бірге ”** атты танымдық-шығармашылық бағыттағы челлендж ұйымдастырылды.Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың каникул уақытын тиімді өткізуіне ықпал етіп, әдеби көркем шығармаларды оқу арқылы олардың тілдік, логикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту, сондай-ақ оқырмандық мәдениетті қалыптастыру.Оқушылар демалыс кезінде оқыған кітаптары бойынша өздері оқыған кітаптар туралы ауызша пікір білдіріп, сүйікті кейіпкерлері мен қызықты сюжеттерді таныстырып, кішігірім презентациялар мен буклеттер дайындады.Іс-шара қорытындысы бойынша белсенді оқушылар мадақтамалармен және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. Жалпы, бұл шара оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын арттырып, бос уақытын мазмұнды өткізуіне оң ықпал етті
Сонымен қатар «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханада келесідей іс-шаралар өткізілді: **«Ертегілер еліне саяхат»** атты әдеби ойын-**сайыс;«Оқығанның озады» атты әдеби оқу сағаты, «Сүюікті кітабыммен селфи»,** тақырыптық викториналар, т.б,. Аталған іс-шаралар оқушылардың кітапқа, оқуға деген қызығушылығын арттырып, рухани-мәдени дамуына зор ықпал етті.Кітапханашы мен ұстаздар қауымының бірлескен еңбегі оқырман мәдениетін қалыптастыруға, оқуға деген сүйіспеншілікті арттыруға бағытталды.
**2024-2026 жылдарына арналған «Балалар кітапханасы» жобасы** Жобаның мақсаты:Балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру,оқу мәдениетін қалыптастыру және кітапхана арқылы олардың шығармашылық, зияткерлік қабілеттерін дамыту.
Міндеттері:
Балаларға арналған әдебиеттерді кеңінен насихаттау;
Оқушыларды кітапханамен тұрақты байланыста болуға ынталандыру;
Оқу дағдылары мен ақпараттық мәдениетін дамыту;
Танымдық және тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру арқылы рухани бай тұлға қалыптастыру.
Кітапханада **«Кітап — адамгершілік пен рухани тәрбие көзі»**-атты тұрақты кеңейтілген кітап көрмесі ұйымдастырылған.
Көрменің басты мақсаты –оқушылардың бойында ізгілік, отансүйгіштік, табиғатқа жанашырлық, құқықтық және рухани құндылықтарды қалыптастыру.
Көрме бірнеше тақырыптық бөлімдерден тұрады:
1. «Жан жылуын тaратқан жазушылар»
Мерейтой иелерінің шығармалары.

2. «Отан — менің жүрегімде»
Қазақстанның тарихы, рәміздері, батырлары туралы кітаптар.
3. «Табиғатты қорғайық!»
Табиғатқа қамқорлық пен экологиялық сана туралы әдебиеттер.экологиялық ертегілер, танымдық кітаптар
4. «Менің құқығым — менің қорғаным»Балалардың құқықтары мен міндеттері жөнінде түсінік беретін кітаптар мен парақшалар.5 «Жақсылыққа жетелер кітаптар»Ізгілік, достық, еңбексүйгіштік туралы балалар әдебиеті мен әңгімелер.Көрме оқырмандардың білімін, дүниетанымын кеңейтуге, отансүйгіштік сезімін оятуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған.
Әр бөлім мазмұны бойынша өзекті және тәрбиелік мәні зор материалдарды қамтиды. Көрме арқылы оқырмандар еліміздің тәуелсіздік жетістіктерімен, ұлттық мәдени мұралармен, мерейтой иелерінің шығармашылығымен, құқықтық сауаттылық пен салауатты өмір салты туралы мағлұматтармен таныса алады.Көрме тұрақты түрде жаңартылып, жаңа әдебиеттермен, мерзімді басылымдармен бұрыштармен толықтырылып отырады
Ұлы жазушы, ағартушы, қоғам қайраткері Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығын оқушыларға таныстыру, ұлттық рухани мұраға деген құрметті арттыру, көркем шығармаларды талдау арқылы әдеби талғам мен ойлау қабілетін дамыту мақсатымен 9-11 сынып оқушылары, қазақ әдебиет пәнің мұғалімі және кітапханашы қатысуымен **«Ұлт руханиятының шамшырағы – Жүсіпбек Аймауытов» атты** оқырман конференциясы өтті
Іс-шара барысында оқушылар жазушының өмір жолы мен шығармашылығына шолу жасап, «Ақбілек», «Күнікейдің жазығы», «Шернияз» сияқты шығармалары бойынша өз ойларын ортаға салды.Кітапханашы автордың ағартушылық және тәлім-тәрбиелік идеяларын атап өтті.Көрмеден «Ж.Аймауытов – педагогика және психология негізін қалаушы», «Ұлттық рух пен жаңашылдықтың символы» атты кітаптар таныстырылды. Оқушылар жазушының шығармалары арқылы ұлттық сана, адамгершілік, рухани тазалық, әйел теңдігі және ел тағдыры сияқты тақырыптарды терең талқылады.Көпшілік «Ақбілек» романындағы әйел бейнесі мен қоғамдағы әділетсіздік мәселелеріне ерекше назар аударды.Іс-шара оқушылардың әдеби талдау қабілетін арттырып, жазушы мұрасына деген қызығушылығын күшейтті.
Кітапханашымен  мен ұстаздардың бірлескен жұмысы нәтижесінде конференция тәрбиелік және танымдық маңызы жоғары шара болды.Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығына арналған оқырман конференциясы — оқушылардың әдебиетке сүйіспеншілігін, рухани дүниесін және ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырған мазмұнды іс-шара болды.
Оқушыларды халық ауыз әдебиеті арқылы ұлттық мәдениетке баулу, адамгершілікке, ізгілікке, үлкенді құрметтеуге тәрбиелеу және ертегі әлемі арқылы оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында **.«Әжемнің ертегілері»** атты ертеңгілік өтті.Іс-шара әдемі безендірілген кітапхана залында өткізілді. Ертегілер әлемін бейнелейтін кітап көрмесі ұйымдастырылып, ұлттық нақыштағы әшекейлермен көркемделді.Ертеңгілікті кітапханашы «Ертегілер — халық қазынасы» тақырыбында кіріспе сөзбен ашты.Оқушылар мен әжелер

бірлесіп қазақтың танымал ертегілерінен көріністер қойып, кейіпкерлердің мінез-құлқын, іс-әрекетін нанымды көрсетті. Әжелер балаларға ертегі айтудың мәні мен тәрбиелік маңызын түсіндіріп, өздерінің балалық шағынан қызықты оқиғалармен бөлісті. Шара барысында оқушылар ертегі кейіпкерлеріне арналған өлеңдер оқып, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар айтты. Әр сахналық көрініс көрермендердің көңілінен шықты.«Әжемнің ертегілері» атты ертеңгілік – ұлттық рухты дәріптейтін, ұрпақ пен дәстүр сабақтастығын нығайтатын тағылымды іс-шара болды. Шара балалардың әдеби талғамын кеңейтіп, кітап оқуға деген ынтасын арттырды.

Сонымен қатар кітапханада түрлі тематикалық кітап көрмелері: "«Бейбіт күні жасасын». «Әжемнің оқыған ертегілері», «Тәуелсіздік -ең басты құндылығымыз»,т.б.тақырыптаұйымдастырылады. «Шын жүректен кітап сыйла» акциясы. әдеби викториналар ,кештер өткізіледі. Мектепшілік пән апталықтарына кітапхана тарапынан әдістемелік көмек көрсетіледі.

Кітапхана – тек білім мен ақпарат ордасы ғана емес, ол — балалық қиял мен армандардың бастауы, рухани тәрбиенің алтын ұясы. Осындай мазмұнды шаралар арқылы кітапхана өз миссиясын абыроймен атқарып, оқырман жүрегіне жылылық пен нұр шаша білді.

Мектеп кітапханасында ақпараттық-компьютерлік технологиялар кеңінен қолданылады:

**E-portfolio.kz**

**Topiq.kz**

**Etandau** платформаларын менгеріп, жұмыс жасалады.

**Мектеп кітапханасының өзін-өзі бағалау қорытындысы:**

Кітапхана оқу-тәрбие үдерісін ақпараттық және әдеби ресурстармен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығы артқан, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бірқатар іс-шаралар жүйелі түрде өткізілуде. Кітап қоры заманауи талаптарға сай толықтырылып, оқырмандар саны тұрақты өсуде. Мектеп кітапханасының жұмысы тиімді деңгейде ұйымдастырылған, әрі қарай да оқушылардың оқу мәдениетін дамытуға, рухани-адамгершілік тәрбие беруге бағытталған жұмыстар жалғасады.

**Ұсыныстар:**Кітап қорын жаңарту – жаңа шыққан балалар мен жасөспірімдер әдебиеттерін, сондай-ақ пәндік-танымдық кітаптарды алу

2. Кітапханашылардың кәсіби дамуы – семинарлар мен курстарға қатысып, тәжірибе алмасуды жалғастыру.

***«Оқуға құштар мектеп» жобасының жүргізілуі***

**2023-2025 оқу жылы**

Қыркүйек айынан бастап мектебімізде «Үзіліс жаса-кітап оқы» акциясы :үлкен үзілісте бәрін тастап кітап оқу 10 минуттық. «Оқуға құштар мектеп» облыстық жобаны дамыту мақсатында «Заманауи кітапхана- білім кеңістігі» атты облыстық кітапханашылар форумына қатыстық. «Кітап-жан азығы» тақырыбында әрбір 5 сынып оқушылармен әңгіме өткізілді.

«Бір ел-бір кітап» республикалық акциясы аясында орталықтандырылған қалалық кітапханасында 8-10 сыныптарға Төлен Әбдіктің шығармашылығына арналған «Дарындылар арасындағы дара талант» әдеби қонақжай , 7-8 сыныптарға «Кітап және қаламгер» жобасы шеңберінде кездесу кеш (ақын,аудармашы,балалар әдебиетшісі С.Қ.Сатыбалдиннің «Шыншыл бала» атты кітабының тұсау кесері өтті. Біздің мектеп оқушылары белсенді қатысты. Сонымен қатар «Кітап тайм-2023» кітап фестивалі аясында «Әжемнің ертегісі» дауыстап оқуға 1 сынып оқушылары белсенді қатысты.

Кітапхананың маңызы. Экскурсия. (кітапханаға қалай жазылуға болады? кітапхананы пайдалану ережелері) **«Кел, балалар , кітап оқылық»** атты ашық есік ойын – саяхатқа атты іс-шараға даярлық сынып пен 1,2 сыныптар қатысты. Мақсаты: Оқушыларға білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітапты сүйіп оқуға тәрбиелеу, кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру. Мектеп кітапханашылары кішкентай бүлдіршіндерді кітапхананың екі бөлімі абонемент пен оқу залы, кітапхананың маңызы, кітапхананы пайдалану ережелерімен таныстыра отырып, ертегі кітаптарға шолу жасады.Соңында кішкентай оқырмандарымызды белсенді тақтадан көрген мультфильм қолға ұстаған кітапты ұқыпты ұстап, кітаппен дос болуға шақырды.

Бастауыш сынып апталық аясында жоғары сынып оқушылары “Аға, әпкемнің оқып берген ертегісі” атты дауыстап оқу шара барысында бірінші сынып оқушыларына ертегілер оқып берді. Мақсаты: Оқушылардың жоғары сынып оқушыларымен бірлесе кітап оқуын ұйымдастыру. Сонымен қатар бастауыш сыныптармен «Таза ауада кітап оқу» ұйымдастырылды.

«Кітапханаға кітап сыйла!» атты тақырыппен әдеби кітаптар сыйлау акциясын ұйымдастырылды, мұнда бастауыш сынып оқушылары белсенділік танытты, барлығы 12 әдеби кітаптармен толықты. Мектеп кітапханасының жоспарына сай 16 қазан Республика күнін мерекелеу қарсаңында 5 сыныптар арасында «Менің Қазақстаным!» атты мәнерлеп оқу сайысы өтті. Іс-шараның мақсаты – еліміздің тарихына деген қызығушылық пен құрметті қалыптастыру, патриоттық және Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Аталған іс-шарада туған өлке, туған жер туралы өлеңдер оқылды, Кез-келген сайыс таланттарды ашып, жеңімпаздарды анықтайды. Аталмыш іс-шарада келесі оқушылар жүлделі орындар беріліп, марапатталды.

“Оқуға құштар мектеп” жобасын іске асыру мақсатында күзгі демалыс кезінде ҚР оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» атты іс-шараларды ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсынымдарға сәйкес 1-4, 5-9,9-11 сынып оқушыларына арналған әдеби кітаптар тізімі бойынша мектеп кітапханасының инстаграм, фейсбук парақшаларында ақпараттық пост жарияланды және балалар мектеп кітапханасына келіп кітаптар оқыды. Күзгі демалыс кезінде жоспарға сай «Анамның түнде оқыған ертегісі» атты челленджі іске асты.

“Оқуға құштар мектеп” жобасын жүзеге асыру аясында күзгі демалыс кезінде кітапханашылар «Артық ғылым кітапта» тақырыбында танымдық дәріс, ойындар өткізді. Шараны өткізудегі мақсат: оқушыларды кітап оқуға үндеу,

олардың кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту, оқу мәдениетін қалыптастыру. Сапалы білім алу үшін көп оқып, көп іздену керек екенін түсіндіру.

Шараға 3-4 сынып оқушылары қатысты. Іс-шара барысында кітап жайлы ойлар қозғап, өз білімдерін ортаға салып, пікірлермен алмасты. Сонымен қатар іс-шара келесі бөлімдермен «Мен қай ертегіденмін!» сурет әдісі, «Мақал-мәтелдердің жалғасын тап» доп әдісі, «Жұмбақтар шешу» ой мен ойын әдісі, «Сұрақ-жауап» қолшатыр әдісі, «Авторды тап:» пазл жинау әдісі, «Кітап нені сүйеді?», « Арқа –суреттер» ойындарымен жалғасын тапты. Оқушылар ойындарға белсене қатысып, доп ойнап, пазлдар жинап, сурет салып, білімдерін, терең ойшылдығын , танымдық қызығушылықтарын көрсете білді. Танымдық ойындар көңілді және қызықты өтті, оқушылар жақсы көңіл күймен қайтты.

3 сыныптармен «Кітап –білім бұлағы» кітаптың өмірдегі маңызы жайлы әңгіме, жалпы оқырмандармен оқыған кітаптары жайлы әңгімелесу өткізілді.

Мектеп оқушыларымен “Туған өлкем неткен көркем” атты зияткерлік ойынын 5-6 сынып оқушыларымен өткізді. Мақсаты:Оқушылардың туған елін, жерін, Отанын сүюге, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру;- Жас ұрпақтың бойында еліне, Отанына, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезім қалыптастыру.- ұлттық салт – дәстүрді, еліміздің мақтаныштарының үлгі - өнегелерін құрметтей білуге тәрбиелеу. Зияткерлік ойында оқушылар “Ертегіге саяхат”, “Сұрақ-Жауап”, “Алтын сақа”,”Білгірлер”, “Мақал-мәтел”, “Әңгімелеу” атты ойындарға белсене қатысты. Сұрақтарға жауап беріп, туған жер туралы өз ойларын айтып, білімдерін көрсете білді.

15 қараша ұлттық валюта - еліміз Қазақстанның ұлттық валютасы - теңгенің 30 жылдығын атап өтуде. Осыған орай теңгенің Тәуелсіз Қазақстан үшін маңыздылығын, қоғамдағы рөлін, сондай-ақ оның тарихын оқушыларға насихаттау мақсатында 15 қараша - Ұлттык валюта күніне мектеп кітапханасында 5 сынып оқушыларымен "Ұлттық-валюта тарихынан" атты танымдық-ақпараттық ойын өткізілді. Оқушыларға Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызын кітапханашы айтып түсіндірді. Іс-шара барысында оқушылар екі топқа бөлініп “Ақылды егінші”, “Еңбекпен тапқан тиын” ертегілерін оқып, сахналады. Сонымен қатар ақша туралы слайд арқылы викториналық сұрақтарға жауап беріп, “Жағдаяттар шешу” және “Менің қиялымдағы теңгем” / өз ойынан теңге суретін салу және қорғау/ тапсырмаларын орындап белсенді қатысып, өз білімдерің шыңдап тәттілерге ие болды.

“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында өткізілген “Менің үйімдегі кітапхана” атты челленджіне бастауыш сынып оқушылары белсенділік танытты.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында өткізілген " Әжемнін ертегісі" атты челленджіне бастауыш сынып оқушылары белсенді катысты. Әжесінін ертегісін тындап өскен бала жаман болмайды! Оқушылар белсенді қатысты.

Бастауыш сынып оқушыларымен кітапханашы «Сенің анықтама бөлімін» ақпараттық ресурстар құрылымымен, энциклопедиялар, анықтамалар

мен сөздіктер басылымдарымен таныстырды. Ақпараттық-іздеңіс аппаратымен жұмысты меңгеруді үйренді.

Мектебіміздің кітапханасында Тәуелсіздік күні мерекесіне орай "Тәуелсіздік - елімнің ерлік жолы" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмені ұйымдастырудағы мақсат – Ата - бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасау. Тәуелсіздік жайлы жазылған кітаптары, буклеттер, газет-журналдар жинақталған папкалар,кітаптар қойылды.

15 желтоқсан күні Орталық кітапхананың балалар әдебиеті бөлімінде ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік тұтқасы бізге аманат» атты тарихи танымдық кеш өтті.Мақсаты: Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке жеткен кезеңдерін көрсету, еліне, жеріне деген сүйіспеншілін арттыру, патриоттық сезімін ояту. Кеш барысында қатысушыларға еліміздің тәуелсіздігі жайлы мәлімет айтылып, бейнеролик көрсетілді. Содан кейін желтоқсан оқиғасының құрбаны Қайрат Рысқұлбековтің “Ақтық сөзі» атты көрініс көрсетілді. Оқушылар белсенділік танытып, тақырыпқа сай сұрақтарға жауап берді. Шара соңында «Ар-намысым,қасіретім,қуанышым желтоқсан» атты кітап көрмесіне шолу жасалды.

“Оқуға құштар мектеп” жобасын іске асыру мақсатында қысқы демалыс кезінде ҚР оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы «Қыста кітап оқимыз,жадымызға тоқимыз» атты іс-шараларды ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсынымдарға сәйкес 1-4, 5-9,9-11 сынып оқушыларына арналған әдеби кітаптар тізімі бойынша мектеп кітапханасының инстаграм,фейсбук парақшаларында ақпараттық пост жарияланды және балалар мектеп кітапханасына келіп кітаптар оқыды және қысқы демалыстарын тиімді пайдаланды.

4 қаңтар күні «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыруда қысқы демалыс уақытында «Қыста да кітап оқимыз,жадымызға тоқимыз» атты акция шеңберінде 4 -сынып оқушыларымен "Мен оқыған бір ертегі" атты әңгіме сағаты өткізілді. Іс-шараның мақсаты: халық мұрасы ертегі, оның шығу тарихы туралы түсінік беру және ертегі оқуға қызығушылықтарын ояту. Өткізу әдісі: жалпы, топтық жұмыс, әңгімелесу, сұрақ-жауап, ойындар. Шара барысында оқушылар өздері Ертегі деген не? , Ертегілер бізді неге үйретеді?, Қандай ертегілер оқыдың? т.б. сауалдарға өз ойларын ортаға салып, оқыған шығармадағы кейіпкерлер жайында айтып және өздеріне ұнаған қызықты ертегіні дауыстап оқып, мазмұндап берді. Сонымен қатар оқушылар "Сөзжұмбақ", «Ақыл жастан, асыл –тастан» атты бөлімдер желісі арқылы жыл көлемінде оқыған ертегілеріне шолу жасап, қойылған сұрақтарға жауаптар алып, «Тез құра» бөлімінде берілген сурет бойынша қысқаша заманауи ертегілер құрастырып, оқып, өздері оны сомдап, белсенді қатысты. Шара соңы ертегілерді сүйе біліңдер, сүйсіне оқыңдар! Кітаппен дос болыңдар!.- деп балаларды кітап оқуға шақырдық!

«Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыруда қысқы демалыс уақытында «Қыста да кітап оқимыз,жадымызға тоқимыз» атты акция шеңберінде 5 қаңтар күні 5 ші сынып оқушыларымен кітапханашы «Үнемі оқитын адам – табысты

адам» әдеби кездесу сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды кітапханаға тарту, кітап оқуға деген құштарлықтарын, сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, дамыту және бос уақытта кітап оқуға шақыру. Шара барысында оқушылар кітап туралы, оның шығу тарихы және адамзат үшін баға жетпес құндылық, тәрбие құралы, білім нәрі екенін түсініп, кітаптың адамзатқа тигізер пайдасы жайлы өз ойларымен бөлісті, белсенді қатысты. Өткен іс-шарадан оқушылар өздеріне пайдалы мағлұмат, кеңестер алып қайтты.

«Бір ел-бір кітап» республикалық акциясы елімізде 2007 жылдан бастап ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиялық Кітапханасы мен ҚР кітапханалар қауымдастығының бастамасымен өткізіліп келеді. Акцияның мақсаты-ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік туындыларды оқу және насихаттау, рухани мұрамызды сақтау, сондай ақ жастарға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беруге бағытталған. Биылғы жылы "Бір ел -бір кітап" акциясы аясында қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі, 2024 жылы 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілетін Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқуға шақыру посты жарияланды. Сонымен қатар Балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаев шығармаларын оқырмандарға дәріптеуде мектеп кітапханасында “Қазақтың дара жазушысы” атты тұрақты, кең ауқымды кітап көрмесі жасақталды. Мақсаты: жазушының шығармаларын жыл бойына кең көлемде насихаттай отырып, көпшілік жұмыстар және кітап көрмесі арқылы оқырмандарды кітап оқуға тарту. Бердібек Соқпақбаев халқы сүйген, қалың оқырманы бағасын беріп, құрметпен мәңгі есінде сақтаған жазушы. Кітапханашылар көрмеге қалың оқырман тарапынан зор ықыласқа ие болған «Өлгендер қайтып келмейді», «Балалық шаққа саяхат», «Қайдасың Гауһар ?», «Ана жүрегі», «Бурыл ат», «Жекпе –жек», «Он алты жасар чемпион» атты туындылары дәстүрлі және QR арқылы кітаптармен қатар, кітапқа да, киноға да арқау болған «Менің атым Қожа» шығармасы, жазушы жайлы мерзімді басылым беттерінде жарық көрген мақалалар топтамалары қойылды.

“Абайлаңыз балалар” акциясы аясында мектеп кітапханасында ай бойы «Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды және жұмыс жасады.

Мақсаты: Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету.

Жыл сайын 15 ақпан күні Ауған шекарасында жүріп қыршыннан қиылған боздақтар мен көзі тірі интернационалист-жауынгерлерге құрмет көрсету дәстүрге айналды. Ауылымыздағы Ауған соғысының ардагері Қайрат Төлегенұлы Мұқашевпен жылда кездесу өткізіледі. Осы орайда мектеп кітапханасында Кеңес әскерлерінің шектеулі континентінің Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шығарылуының 35 жылдығына, Ауған соғысы туралы ақиқатты жас ұрпаққа жеткізу, интернационалдық борышын өтеу жолында жерлестеріміздің ержүрек ерліктерін дәріптеу мақсатында «Ауғанстан біздің есімізде» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітаппен дос болайық», «ғажайып кітаптар» деген ұранмен оқырмандар өздері оқыған кітаптарының мазмұнын айтып, оқуға кеңес беріп, 3 сынып оқушысы бос уақыттарын тиімді пайдаланып, оқыған кітаптарымен бөлісті.

1 наурыз - «Алғыс айту күні» болып 2016 жылдан бастап атап өтілуде. «Алғыс айту күні» – Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының, қазақстандық бірегейліктің негізгі арқауы – еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын Қазақстан халқы Ассамблеясының күні. Осы орайда алғыс айту күніне кітапханада “Адамның рухани байлығы- адамгершілік” атты буклет жабдықталды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен «Тоғыз айға 9 іс-шара» атты тұжырымдамасын іске асыру максатында ҚР Оқу-ағарту министрлігі, Республикалык ғылыми-педагогикалык кітапхана колдауымен ағымдары жылдың акпан айында барлык аймақта «Окуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» атты республикалық челленджі өткізілді. Челленджің мақсаты еліміздін оқушыларын кітап оқуға шақыру аркылы оқу белсенділіктерін арттыру болып табылады.

Бұл челлендж өскелең ұрпакты кітап оқуға, рухани құндылықтарды бойына сініруге ықпалын тигізіп, оқу сауаттылығын қалыптастырады. Осы орайда әлеуметтік желіде пост жарияланды, соынмен қатар Ә Кекілбаев «Шыңырау» повесі бойынша оқу марафоны наурыз айы бойы жүргізілді.

Наурыз бойы 7-11 сынып оқушылары челленджге белсенді қатысты, олармен «Маңғыстаудың заңғары-Әбіш Кекілбаев» атты әдеби-танымдық сағат, дауыстап оқу , дәріс сағаттары өтті.Мақсаты:Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың иегері, «Түркі дүниесіне қызмет» халықаралық сыйлығының лауреаты, Әбіш Кекілбайұлының қаламгерлігі, қайраткерлігі, саясаткерлігі туралы оқушыларға кеңірек таныстыру. Іс-шара барысында «Оқуға құштар мектеп» жобасы мен «Менің сүйікті кітабым» атты Республикалық челлендж туралы айтылды. Ә.Кекілбаев атамыздың өнегелі өмір жолымен,шығармашылығымен таныстыру бейне баян арқылы жалғасты және оқушыларға жазушының қаламынан өрген шығармасы «Шыңырау» повесі туралы түсінік берілді. Сонымен қатар Еңсеп есімді құдықшының өмірін, сондай-ақ күнделікті өмірде жиі кездесетін қиындықтар туралы, атап айтсақ, бақталастық, менмендік, махаббат, достық пен сатқындық туралы баяндайтын Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» повесі бойынша 2019 жылы түсірілген көркем фильмнің триллерін көріп тамашалады. Соңында «Жақсы кітап-жан азығы» атты

22 Наурыз - Ұлыстың Ұлы күніне 18 наурыз күні мектеп кітапханасында «Армысың, әз Наурыз!» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды

Қалалық орталық кітапханада Мүбәрак Жаманбалиновтың 100 жылдығына орай " Балалар жылулығын сыйлаған" атты әдеби джем өткізілді.Мақсаты: жерлесіміз, балалар ақыны Мүбәракті дәріптеу, өмірбаянымен таныстыру, ақынның шығармашылығынан слайдтар көрсету,

кітап көрмесін ұйымдастыру арқылы оқушыларға  мағлұмат беру.  Ісшараға қала мектебіміздің 4 сынып оқушылары қатысты. Әдеби джем барысында Мүбәрак Жаманбалиновтың өмір баянымен таныстырылды, оқушылармен "Ұяшық таңдау", "Қайтала" ойындары өткізілді.    "Каникулда кітап оқимыз» марафоны жүргізілді. Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру. Бастауыш сынып оқушылары белсенді қатысуда.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында оқушылардың  кітап оқуда 100 пайыз қамталуы мақсатында 3 сәуір күні  3-4 сыныптар арасында оқыған әдеби шығармалары  бойынша тест тапсырылды. Оқушылар 100%  қамтылды. Тест нәтижесінде үздік деген қатысушылар екінші кезеңге жолдама алды.

Сәуір айы  ҚР Оқу-ағарту министрлігі бекіткен «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында  "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» атты республикалық челлендж жалғасын тауып, жоспар бойынша келесі іс-шаралар іске асырылды. Мектеп кітапханасында  Әбіш Кекілбаевтың шығармаларын құрайтын "Жақсы кітап-жан азығы" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау» повесі жайлы түсіндірме жұмыстары бойынша балалар жазушының өмірбаяны мен шығарманың кейіпкерлерімен және Батыс Казакстанда орналаскан жер-су атауларымен таныстыру жұмыстары 1-4 бастауыш буын оқушыларымен жүргізілді.

"Менің сүйікті кітабым" республикалық челлендж аясындағы  жоспарға сай 5-6 сынып оқушылары  Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау» повесі  желісімен сурет салып, шығармадағы  табиғатты, оқиғаларды бейнелеп көрсетті "Менің сүйікті кітабым" республикалық челлендж  барысында жоспарға сай 7-8 сынып оқушылары қатысуымен Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау» повесі  бойынша шығармадан үзіндіні мәнерлеп оқу сайысы (3 минут) өткізілді. Мақсаты: оқушылар арасында Ә.Кекілбаевтың "Шыңырау" повесін насихаттау, олардың шығармашылық қабілеттерін, сөз мәдениетін дамыту.

Жаппай диктант жазу күні Ә.Кекілбаев «Шыңырау»  повесі бойынша білім беру ұйымдарының педагогтар қауымына, оқушыларына диктант жазды.

9-11 сынып оқушылары Ә.Кекілбаев «Шыңырау»  повесі бойынша жазушының жазушылық шеберлігі,шығарманың жаңашылдығы бойынша эссе жазу жүргізілді.    «Ә.Кекілбаев «Шыңырау» повесінің шытырмандары»  «Оқу жүйрігі» атты  викторинасы  тест әдісімен өтті. Барлығы 14 оқушысы қатысты. «Ә.Кекілбаев «Шыңырау» повесінің ой иірімдері» зияткерлік ойын 8 сыныптар арасында өтті.

4 сынып оқушыларымен 23-сәуір Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне орай келессі іс-шаралар іске асты. "Кітапты қалай жаратқан" атты әңгіме- дәріс өткізді. Мақсаты: Оқырмандардың назарын кітап пен оқуға отандық мәдениетті сақтау мен дамытудың маңызды факторлары ретінде аудару.

1 мамыр күніне орай «Қазақстан- бірлік пен татулықтың мекені!» кітап көрмесі ұйымдастырылыр, оқушыларға библиографиялық шолу жасалды. Мектеп оқушыларының қатысуымен  1 мамыр – Қазақстан халықтарының

бірлігі күніне орай кітапханашылар “Қазақстан- біздің ортақ шаңырағымыз” атты танымдық сағат өткізілді. Мақсаты: 1 - мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні жайлы ақпарат беру. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу.

Біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі - өнегесін оқушылардың бойына сіңіру. Жеңіс күніне орай «Ұлы жеңіске мәңгілік тағзым!» жеңіс күніне кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Біздің жерлестеріміз» Ұлы Отан Соғысы батырларына арналған ақпараттық алаң 7-8 сынып аралығында өтті. Саяси қуғын –сүргін күніне орай «Тарихқа тағлым, өткенге тағзым» кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мектеп кітапханасы Отанымыздың тарихи маңызы бар елеулі күндерін, ұлттық мерекелерін осылай кітап көрмелері, әңгімелер, шолулар,түрлі әдісте іс-шалалар арқылы кеңінен атап өтуде. Осындай іс-шараларда зейінді, жылдам, оқымысты, мәнерлеп оқитын, сауатты оқушыны мадақтау дәстүрге айналды.

## 6. Тәрбие жұмысы

**2023-2025 оқу жылдарында Есілбай ЖОББМ тәрбие жұмысын іске асыру**

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

- Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- Қазақстан Республикасының - Конституциясы;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы»
- Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы;
- «Білім туралы» - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы - 2023 жыл 19 қыркүйек № 294 бұйрығы;
- ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы ҚР БҒМ 01.10.2018ж №525 бұйрығымен бекітілген.

Есілбай жалпы орта білім беру мектебі бойынша 2023-2025 оқу жылдарында әр жыл сайын тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалынып, бекітіледі. 2023-2024 оқу жылы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 130 бұйрығы негізінде құрастырылды. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрлігінің № 194 «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» бұйрығы негізінде «Біртұтас тәрбие» бағдарлама енгізілді. 2025-2026 оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы ҚР Оқу- ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж № 123 Бағдарлама бұған дейін іске асырылған бастаманың толыққанды жалғасы болып табылады. Бағдарлама мақсаты – «Адал азамат» тұжырымдамасының идеалдарына сай, патриоттық рухта тәрбиеленген, білімді әрі жасампаз ұрпақты қалыптастыру. Жаңа оқу

жылында негізгі 6 құндылық бойынша тәрбие бағытындағы жұмыстар өз жалғасын табады:

тәуелсіздік және отаншылдық;

бірлік және ынтымақ;

әділдік және жауапкершілік;

заң және тәртіп;

еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;

жасампаздық және жаңашылдық. Бағдарлама мазмұнына сәйкес ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

• Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
• Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
• Қараша – әділдік және жауапкершілік айы;
• Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
• Қаңтар – заң және тәртіп айы;
• Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
• Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
• Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
• Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

2024-2025 оқу жылының талдамалық анализінің қорытынды негізінде жаңа оқу жылында Бағдарлама аясында ұсынылған 6 әлеуметтік жобалары және алдын алу шаралары бойынша жұмыстарды күшейту ұсынылады. Жүзеге асырылуға ұсынылған жобалар:

• «Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
• «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
• «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
• «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
• «Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
• «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру. Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие про- цесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды: күнделікті: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі. «Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыпта- стыру. «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде

арнайы күй тыңдату. апта сайын: «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды. Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық дана- лығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады. «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу. Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады.

Міндеттері:

1.Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

2.Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

3.Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

4.Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялықпедагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.

6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.

7.Білім беру ұйымында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінезқұлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Мақсатқа жету келесідей мәселелерді шешу барысында жүзеге асырылады:

- Оқушылар бойында азаматтық белсенділік пен жауапкершілікті арттыра отырып, адами және рухани адамгершілік қасиеттері мен ұстанымының дамуына жағдай жасау;

-Өз елінің, мектебінің, айналасындағы адамдардың әл-ауқатына қамқорлық көрсететін азаматтық-патриоттық жағдайды, әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру;

-Моральдық тәрбие, оның нәтижесі - жалпыадамзаттық мораль нормаларын, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту;

-Оқушылардың табиғи дарыны мен қабілетін дамыту,өнер түрлеріне баулу;

-Еңбекке деген оң көзқарасты қалыптастыру, шығармашылық жұмысқа деген қызығушылығын дамыту;

-Заңға және қоршаған адамдардың құқықтарына деген құрметке негізделген ұжымдық өмір нормаларын сақтау;

-Салауатты өмір салтын қалыптастыру, физикалық өзін-өзі жетілдіру және дамыту.

Мектептің жаңа оқу жылына арналған тәрбие жоспары тамыз айында педагог - психолог, әлеуметтік - педагог, педагог-ұйымдастырушы бірге отырып, аталған ережелер мен құқықтық- нормативтік құжаттарды негізге ала отырып жасайды.

Тәрбие жұмыстары сынып жетекшілер бірлестігінің, «Жас ұлан» балалар ұйымының жұмысы, педагог-психологтың жұмысы, сынып жетекшілер және үйірме сабақтары арқылы жүзеге асады. Тәрбие жұмысына отбасын, білім беру ұйымын, қоғам қайраткерлерін тарта отырып біріккен түрде жүргізген тиімді. Тәрбие жұмысы отбасы, мектеп, қоғам тығыз байланыста болып жүргізген жағдайда ғана сапалы болмақ.

Тәрбиеленушілерге сапалы білім саналы тәрбие беру үрдісіне барлық ұжым мүшелері қатысады. Ата-аналар және әлеуметтік қызметкерлерімен тығыз байланыста болып, төмендегі тәрбие бағыттары бойынша жұмыстарды жүзеге асырылды.

**2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы**

**Тәрбие жұмысы үш құндылыққа негізделген жоспар бойынша жүргізілді:**

Сыныпта тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» өзекті мәселесін басшылыққа ала отырып және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі –МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. No 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бекітілген 2023- 2024 оқу жылына жылдық жоспар жасалынып, бекітілді. ҚР БҒМ 2020 жылғы 6сәуірдегі №130 бұйрығы.ҚР ОАМ 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығы. ҚР БҒМ

2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығы. Ұлттық құндылықтар бойынша ұйымдастырылған жылдық жоспарға сәйкес іс- шаралар өз уақытында өткізілді.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023- 2024 оқу жылына арналған КЕШЕНДІ ЖОСПАР» негізінде тәрбиенің 3 құндылығы негізге алынған:

- Ұлттық мүдде құндылығы;
- Ар-ұят құндылығы;
- Талап құндылығы.

**Ұлттық мүдде құндылығы бойынша**

**Бағыты: Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу бойынша, м**ектебімізде бірінші қыркүйек күні облыстық «Менің туым» жобасының бірінші кезеңі аясында мемлекеттік туымыз көтерілді. Білім күніне арналған «Мектебім мейірім мекені» атты салтанаты сап түзеу мектебіміздің оқушылары үшін өте ерекше өтті. Биылғы оқу жылына 6 оқушы 1-сыныпқа қадам басты. 1-4 сынып оқушылары арасында «Мектебім-мейірім мекені» атты сынып сағаттары өтті.1-2 сынып оқушылары арасында өткен «Сәлем, жаңа оқу жылы» атты сынып сағаты. 8-11 сынып оқушылары арасында өткен «Әділетті Қазақстан: адал ұрпақ,сапалы білім,табысты ұлт» атты сынып сағаты. 6-7 сынып оқушылары арасында өткен «Білімге ұмтылу-еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты сынып сағаттары өткізілді. 5 сынып оқушылары арасында «Мектебім-мейірім мекені» атты сынып сағатының бейнеролигі түсірілді. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі 5 қыркүйек -Қазақстан халқы тілдері күніне орай "Менің таңдауымқазақ тілі!" челенджін ұйымдастыру тұжырымдамасын әзірледі. Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022-2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 10.3-тармағына сәйкес «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын өткізу аясында еліміздің барлық өңірлерінде 2023 жылғы 5 қыркүйек күні сағ: 11.00-де қазақ халқының біртуар перзенті, алаш қайраткері, ақын, публицист Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойына арналған мемлекеттік тілде жалпықазақстандық ашық диктант өткізілді. Ашық диктантқа 5, 9,11- сынып оқушылары қатысты. 25 қазан Республика күніне орай 7 сынып оқушыларының құттықтау бейнероликгін түсірді. Бүкіл әлемдік балаларды қорғау күніне арналған “ Бала құқығы- Адам құқығы” акция аясында 5-11 сынып оқушылары “Бала құқығы-асыл қазына” тақырыбына эссе жазды. "Тәуелсіздік - елімнің ерлік жолы" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. 22-қараша Есілбай ЖОББМ-де "Қатыгездікке жол жоқ" тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. Мектебімізде Жол көлік жарақатының алдын алу мақсатында “Көше тәртібі -өмір сүру тәртібі” (көше,темір жол,көлік т.б.) тақырыбында ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мектебімізде учаскелік полиция Жарылгасынов Багустар Ашимович “Жасөспірім”,“Түнгі рейд” тақырыбында ақпараттық - түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 2023 жылдың 26 -шы қаңтарында Ауған жерінен Кеңес әскерлердің шығарылғанына

35 жыл толуына орай  Ауған соғысының ардагері Кайрат Толегенович Мукашевпен кездесу өтілді. 10-11 сыныптарға “Құқық бұзушылықтардың алдын алу жолдары” атты тақырыпқа лекция өткізді. 9-сыныптарға “Қылмыс пен жаза” тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. 10 сыныптың қыз балалары арасында “ Ерте жүктіліктің алдын алу, мақсатында мектеп психологі К.Г.Алигожина әңгіме дәріс өткізді. Мектебімізде  учаскелік полиция қызметкері 6-8 сыныптар арасында кездесу өтті. Тақырыбы:”Әлеуметтік желілерде, оның ішінде оқу орындарында этносаралық өзара сыйластықты қалыптастыру және жастардың агрессивті мінез - құлқынның алдын алу” бойынша ақпараттық - түсіндіру жұмысы ұйымдастырылды. Оқушыларға судағы қауіпсіздік, «Жұқа мұздан сақ болыңыз!», «Терезеден құлау», «Балалардың жол-көлік жарақаттары» туралы жадынамалар мен буклеттер таратылды. Мемлекет басшысы әйелдердің құқықтарымен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған заңдарға қол қойды. «ЕЭК» АҚ-да 01.04.2024 және 26.04.2024 аралығында «Балалардың жарақаттануының алдын алу» тақырыбында Дүниежүзілік еңбекті қорғау және қауіпсіздік күнін мерекелеуге орай ұйымдастырылған еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік айлығы аясында ERG корпорациясынан өкілдері бастауыш сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстарын өткізді. Мектебімізде  АӘД мұғалім Н.Н.Машенов оқушыларға және тұрғындарға судағы қауіпсіздік ,” Жұқа мұздан сақ болыңыз!”, ”Терезеден құлау”,”Балалардың жол - көлік жарақаттары” ,”Өрт қауіпсіздігі“  туралы жадынамалар мен буклеттер таратылып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Білім беру мекемелерінде әскери-патриоттық тәрбие беру бойынша айлық аясында “Күй сыңғыры” ұлттық күйлерді орындау челленджіне қатысты. Әскери - патриоттық тәрбие беру бойынша 9-10 сынып оқушыларымен “Сағадат Нұрмағамбетов- Қазақ халқының ұлы қолбасшысы “ атты тақырыбында ерлік сабағы өткізілді.

**Бағыты: Құқықтық тәрбие бойынша**

Кәмелетке толмағандардың арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу жоспары бойынша мектеп ішінде шаралар жоспарлы түрде өтуде. ***Қыркүйек айында*:** Аз қамтылған, көп балалы және өгей әке, өгей шеше тәрбиесіндегі балаларды анықтап тізімге алдық. Аз қамтылған отбасылардың үйлеріне мектеп психологы К.Г.Алигожина, әлеуметтік педагог Г.Б.Неғманова және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С.Абылгазинова барып, зерттеу актісін жүргізді. Мектеп бойынша құқықбұзушылықтың алдын алу барысында жұмыстар жүргізіледі. Мектеп бойынша ИДН тізімінде тұрған оқушылар жоқ, тіркелмеген.Жасөпірімдердің  ерте жүктілікке жол бермеу жұмыстары, нашақорлық, шылым шегудің алдын алу және буллинг, кибербуллингтің  алдын алу жұмыстары бойынша жеке жоспар құрылып, бекітілді.  Ата-аналар жиналысында «Тәртіп ережелерін және мектеп жарғысын орындау»  тақырыбында әңгіме жүргізілді. Сабақты көп босататын, сабаққа себепсіз келмейтін, рұқсатсыз сабақтан кететін оқушылар жоқ, егер себепсіз жағдайсыз келмесе ата-аналармен әңгімелесіп, тығыз қарым қатынастамыз.

Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру үшін мектеп бойынша қазақша күрес, шахмат, тоғызқұмалақ , волейбол секциялары өткізіледі. Оқушылар қызығушылықпен қатысып, салауатты өмір салтын ұстанады. 1-8 сыныптар арасында «Оқушыларға жолда жүру ережесі» бойынша жеке жоспар құрылып, әр ай сайын сынып сағаттарына қосылып, өткізіледі. Кешкілік уақытта оқушылар рейді жүргізілді. Демалыс уақыттарында техника қауіпсіздігін ескертіп, айтылды. Әр оқушыдан сынып жетекшілер күзгі демалыс уақытына қолхат тапсырып, жинады. Оқушыларды тексеру, түнгі рейд кестесі құрылып, мұғалімдерге таныстырылды. Әр мұғалім өзіне жүктелген міндеттерді орынды атқарып отырады. Сынып ішінде құқықбұзушылыққа байланысты тәрбие сағаттары жиі өткізіліп отырды. Түнгі рейд кестесі бойынша мұғалімдердің оқушыларды түнгі 21.30 дан кейін бос жүрмеуін қадағалап, тәртіпті күшейтті.Биылғы 2023-2024 оқу жылында да жылдағы дәстүр бойынша құқықбұзушылық жоспары аудандық ІІБ-нің ЖПҚ ЮПТ аға инспекторы, полиция майоры О.Л.Фогельмен келісіліп, ІІБ-нің ЖПҚ бастығы полиция мподполковнигі А.С.Ешмагамбетовпен бекітілді. «Мектепке барар жолдың қауіпсізідігін ұйымдастыру» барысында директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Н.Т.Танжанов пен АӘД пәні мұғалімі Н.Н.Машенов мектеп маңындағы, көше бойындағы қауіпсіздік ережелердің барлығын қарап, жол ережелерінің белгілері бойынша мектепішілік жиында таныстырып өтті.Сондай-ақ тәрбие ісінің меңгерушісі А.С.Абылгазинова жол ережесіне арналған стенд әзірлеп, ата-аналарға, оқушыларға жол қауіпсіздігі бойынша парақшалар таратты.

Сынып жетекшілер «Көшелеріндегі шартты белгілер» тақырыбы бойынша тәрбие сағаттарын өткізіп, көлікпен жүру ережелерімен таныстырылды.

Бастауыш сынып оқушыларымен «Абайлаңдар балалар!» атты тақырыпта жол учаскелік полиция қызметкерлерімен кездесу өтті. Кездесу барысында жол полиция қызметкерлері оқушыларға жол жүру ережелері мен қауіпсіздік жайлы ақпарат берді. Бастауыш сыныптарда «Бала құқығы туралы не білеміз?» атты сынып сағаттары өтілді. 6-8 сынып оқушыларына өрт кезіндегі қауіпсіздік тақырыбында өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтау туралы буклеттер таратты. «Абайлаңыз балалар» акциясы аясында бастауыш сынып оқушыларымен «Жол жүру ережесін сақта!» атты тақырыпта суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Мектебімізде , БУЛЛЛИНГТІ алдын алу тақырыбында аудандық мектеп директорларының тәрбие ісінің меңгерушілеріне, сынып жетекшілерге және мектеп психологтеріне «БУЛЛИНГКЕ ЖОЛ БЕРМЕУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ» атты аудандық семинар өткізілді. 6-8 сынып оқушыларымен «Буллинкке жол жоқ!» , "Құқық бұзушылықты алдын алу"атты тақырыптары бойынша полиция учаскелік инспекторымен кездесу өтті. Кездесу барысында полиция қызметкері оқушыларға ақпарат жұмысын өткізді. "Құқықтық тәртіп" республикалық жедел- профилактикалық іс- шарасы аясында оқушыларға ақпараттық түсіндірме жұмыстарын өткізді. "Буллингтің алдын алу" мақсатында учаскелік полиция қызметкері 5-11 сынып арасында ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.1-11 сыныптар арасында "Менің құқықтарым мен міндеттерім" тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. 2024

жылдың 9-10 сынып оқушылары арасында “Оқушылардың құқықтары мен міндеттері” тақырыбында пікірталас (дебат) өткізілді. Оқушылар өздерінің құқықтары мен міндеттері жайлы ойларын ортаға салып қызу талқыланды. Жеңімпаз команда мақтау қағазы мен тәтті сыйлықтармен марапатталды. “Абайлаңыз балалар” акциясы аясында мектеп кітапханасында ай бойы «Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды және жұмыс жасалды. «Құқықбұзушылықсыз мектеп” қалалық әлеуметтік жобасы аясында мектеп психологі К.Г.Алигожина , 7-8 сынып оқушылары арасында “ Адамгершілік және жыныстық тәрбие жайында тренинг -жаттығу өткізді. 9-11 сынып оқушыларымен аймақтық полицич қызметкері «Буллингтің алдын алу», «Жол көлік жарақатының алдын алу!» атты тақырыбында кездесу өткізді. Мақсаты: Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу. Бала қауіпсіздігі, жол ережесін сақтау, жол белгілерін білу туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

**Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығының атқарылған жұмысы туралы ақпарат**

**2023-2024 оқу жылы**

Отбасы бала тәрбиесінің басты факторы ретінде өскелең ұрпаққа толыққанды өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге арналған. Әр бала бақыт, махаббат пен түсіністік атмосферасында өсуі керек. Күрделі заманауи әлемде адамның өміршеңдігі әл-ауқаттың субъективті қабылдауына байланысты. Егер бала отбасында сүйіспеншілік пен қолдау көрмесе, онда ол эмоционалды күйзеліске ұшырайды, бұл агрессия, тежелу, қорқыныш, оқшаулану түрінде көрінеді. Зерттеушілердің пікірінше, бұл адам есейгенге дейін бірге жүреді.Ата аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау нұсқаудығында: Егер, керісінше, ата-аналар баласына сүйіспеншілік пен қолдау көрсетсе, онда ол эмоционалды жайлылық күйіне ие болып сенімділік пен белсенділік; өзін-өзі бағалау мен бақылау; жетістікке ұмтылу сияқты құзіреттіліктерді меңгереді делінген. Мектебінде биылғы оқу жылында “Ата-аналарды қолдау орталығы “ ашылып, жаңа форматта жұмыс жасауда. Арнайы жоспарға сәйкес орталық ішінен 4 мектеп ашылып: “Әжелер мектебі» , “Әкелер мектебі”, “Аналар мектебі”, “Жеңгелер мектебі”өз жұмысын қарқынды деңгейде жүргізуде.

Ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастыру мақсатында “Отбасы-бақыт бесігі”,Балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында «АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» жоспарына сәйкес мектеп психологі К.Г.Алигожина мен 1 сынып жетекшісі А.Е. Маненова ата-аналармен «Әрбір бала жарық жұлдыз» атты тақырыпта жиналыс өткізді. Жиналыс барысында әр түрлі сұрақтар, жағдаяттар ұсынылып, ата-аналар өз пікірлерімен бөлісті. Жиналыс қорытындысы мектеп психологінің қызықты тренингімен аяқталды. “Баланың бас ұстазы -ата-ана”5-8 сынып ,»АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» жоспарына сәйкес 5 сынып жетекшісі – А.Т.Амренова «Балаға үйрету:

ақылыңды мейірімге орап бер. Бала жүрегіне жол табу» атты 5-9 сынып ата-аналарымен жиналыс өткізді. Жиналыс барысында позитивті ата-ана мәдениетін дамыту арқылы балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, ұлттық құндылықтар негізінде ата-аналарға жүйелі психологиялық-педагогикалық білім беруді ұйымдастыру, бақытты және табысты балаларды тәрбиелеу бойынша ата-аналардың құзыреттерін дамыту туралы сөз қозғалды.Балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында «АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» жұмыс жоспарына сәйкес 10,11 сынып жетекшілері- К.К.Айтмағамбетов және А.Т.Рашатбекова ата-аналармен «Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?» атты тренинг кеңесі өтілді.

Мақсаты: ата-аналардың баланың бақытты өмірінің негізі ретінде оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге дайындығын қалыптастыру.

Сабақ барысында ата-аналарға педагогикалық қолдау сабағының ұйымдастырылу мақсатымен таныстырып, «Саяхат» әдісі арқылы топқа бөлінді.

Ата-аналарға баланың ата-анасының көмегіне мұқтаж болғанда, бірақ олар күйбең тіршілікке байланысты уақыт бөле алмайтын отбасылық өмірлік жағдайлардың бірін көрсетіліп, талқылау сұрақтары беріліп, ата-аналардың пікірлері тыңдалды.

**Қамқоршылық кеңесі**

Мектебіміздің қамқоршылық кеңесінің жұмысы «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылы 27 шілдедегі № 355 бұйрығының негізінде атқарылып жатыр.

Мектеп директорының 04.09.2023 жылы «Қамқоршылық кеңесі құрамын бекіту» туралы № 1-04/639а бұйрығы шығарылып, кеңес құрамы бекітілді. Азаматтарды қоғамдағы маңызды мәселелерді шешуге арналған белсенді әлеуметтік, қайырымдылық және еріктілік қызметтерге тарта отырып, олардың бойында туған өлкесі, мемлекеті, халық алдындағы жауапкершілікті арттыруға байланысты қамқоршылар кеңесі құрылып, Қамқоршылық кеңес құрамына әлеуметтік серіктестерінің өкілдері; қоғамдық ұйымдардың өкілдері; ата-аналар жұртшылығы қамтылды. Қамқоршылық кеңесінің жеке құрамы мектептің жалпы жиналысының ұсынысы ескеріліп, мектеп әкімшілігімен қалыптастырылды.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы К.М.Машенов мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырысында сайланды. Төрағасының орынбасары мен хатшысы қамқоршылық кеңеспен сайланды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің арасында тапсырмаларды бөлу кеңестің отырысында белгіленіп, Кеңес мүшелері мектептің материалдық- техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру, оның аумағы мен кабинеттерін көркейту оқушылардың өмірі

мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету бағыттары бойынша жұмыс жасалуда. Мектептегі ұйымдастыру жұмыстары жоспарлы жүргізіліп отырылды. Тамыз- қыркүйек айларында аз қамтылған отбасы балаларға көмек көрсету ретінде «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды.

**Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында тәрбие жұмысы бойынша есеп 2024-2025 оқу жылы.**

**Мақсаты:**

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

**Міндеттері:**

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:
Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:
елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:
басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.
2024-2025 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып, бекітілді. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да

қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды. Міне, сондықтан Ұлттық құрылтайдың отырысында Мемлекет басшысы білім беру саласына қатысты бірқатар негізгі міндеттерге тоқталған болатын. «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздері енгізіліп жатыр. Жаңа оқу жылынан бастап 2024-2025 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асырылуда. Бұл құжат жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған. Осы ретте Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша түсіндірме және талқылау жұмыстары жүргізілді

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 1-қыркүйек «Білім күні» 2024-2025 оқу жылының алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өтті. Шара облыстық «Менің туым» жобасы аясында Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеру рәсімімен басталды. Ту көтеру рәсімі 11 сынып оқушысы Бахитден Нұриденге табысталды. «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында мектептің барлық қауымдастығының қатысуымен және алғаш рет мектеп табалдырығын аттаған 1-сынып оқушылары үшін алғашқы қоңырау соғылды.

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды. Міне, сондықтан Ұлттық құрылтайдың отырысында Мемлекет басшысы білім беру саласына қатысты бірқатар негізгі міндеттерге тоқталған болатын. «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздері енгізіліп жатыр. Жаңа оқу жылынан бастап 2024-2025 жылдарға арналған "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" іске асырылуда. Бұл құжат жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған. Осы ретте Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша түсіндірме және талқылау жұмыстары жүргізілді.

**«Өнегелі 15 минут»**

2024-2025 жаңа оқу жылынан бастап «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында мектебімізде «Өнегелі 15 минут» деген жоба енгізіледі. Ересектердің балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мақсатында ата-аналар өз баласымен кем дегенде 15 минут белгілі бір тақырыпта әңгімелесуі тиіс. Ұстаздар қауымы осы мәселеге ықпалдасып, ата-анаға баламен қандай тақырыпты қозғау керектігі бойынша жол көрсетеді. Себебі кейбір ата-аналар баласымен қалай әңгімелесу керектігін білмей жатады. Мысалы, Ата-ана баламен денсаулық, балаға арналған үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері туралы әңгімелеседі.

**«Күй күмбірі»**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында негізгі 6 құндылықты атап өтті. Бұл ретте ҚР Оқу-ағарту министрлігі Әділетті Қазақстан, Адал азамат, Озық ойлы ұлт атты үштағанды әзірледі. Соның аясында Тәуелсіздік және отаншылдық, Жасампаздық және жаңашылдық, Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, Заң және тәртіп, Бірлік және ынтымақ, Әділдік және жауапкершілік атты 6 негізгі құндылықты бекітті. Жоғарыда аталған құндылықтардың аясында балаларға құқықтық мәдениет және медиа сауаттылық, буллингсіз әлем, тәрбие парадигмасын жаңарту, ұлттық бірегейлік, экологиялық мәдениет және қоғамға қызмет бағыттары – тәрбие үштағанының идеологемалары деп бекітілді.

Жаңа оқу жылынан бастап мектебімізде «Күй күмбірі» атты жоба – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау іске асырылып жатыр. Мақсаты: оқушыларды халық музыкасын, мәдениетін, шығу тарихы мен өнерін түсініп, бойына сіңіре білуге дағдыландыру. Әр ай бір күйшінің күйлері ойнатылады. Мысалы, қыркүйек айында қазақтың ұлы күйші – композиторы, қазақтың аспапты музыка өнерінің классигі Құрманғазы Сағырбайұлының «Балбырауын», «Адай» күйлері, қазан айы дарынды композитор, виртуоз күйші Нұрғиса Тілендиевтің «Әлқисса», «Сарыарқа», «Ата толғауы» атты күйлері ойнатылды.

«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау күнделікті ұйымдастырылуда.

***Апта сайын* «Менің Қазақстаным» әнұранының орындалуы.**

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Тәуелсіздік және отаншылдық» айының алғашқы аптасы «Менің Қазақстаным», Қазақстан Республикасының Әнұранымен басталды.

**«Апта дәйексөздері»**

**«Апта дәйексөздері»** - мектебіміздің бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде орналастырылады.

**Қыркүйек «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы**:

1-апта дәйексөзі: «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» (Мұзафар Әлімбаев)

2-апта дәйексөзі: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!»

3-апта дәйексөзі: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» (Абай)

4-апта дәйексөзі: «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы».(Абай)

**Қазан «Тәуелсіздік және отаншылдық» айы:**

1-апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»

2-апта дәйексөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»

3-апта дәйексөзі: «Отанды сүю – отбасынан басталады!»

4-апта дәйексөзі: «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы».(Абай)

**Қараша «Әділдік және жауапкершілік» айы**

1-апта дәйексөзі: «Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!»

2-апта дәйексөзі: «Тура биде туған жоқ!»

3-апта дәйексөзі: «Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі»

4-апта дәйексөзі: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»

**Желтоқсан «Бірлік және ынтымақ» айы**

1-апта дәйексөзі: «Бірлігі күшті ел озады»

2-апта дәйексөзі: « Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді»

3-апта дәйексөзі: «Бірлік болмай, тірлік болмас»

4-апта дәйексөзі: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»

**Қаңтар «Заң және тәртіп» айы**

2-апта дәйексөзі : «Талап бар жерде, тәртіп бар»

3-апта дәйексөзі : «Тәртіп – тәрбие бастауы»

4-апта дәйексөздері: «Әділет жолы- адал жол»

**Ақпан «Жасампаздық және жаңашылдық» айы**

1-апта дәйексөзі: «Жасампаздық – бәрімізге өнеге»

2-апта дәйексөзі: «Шығармашыл бала – ойлы бала»

3-апта дәйексөзі: «Өнерлі бала - өрге жүзер»

4-апта дәйексөзі: «Жаңашылдық – заман талабы»

**Наурыз «Тәуелсіздік және отаншылдық» айы**

1-апта дәйексөзі: «Патриотизм – ата-анаңды құрметтей білуің...» (Б.Момышұлы)

2-апта дәйексөзі: «Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»

3-апта дәйексөзі: «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»

**Сәуір «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы**

1-апта дәйексөзі: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»

2-апта дәйексөзі: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап» (Абай)

3-апта дәйексөзі: «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» (Леонардо да Винчи)

4-апта дәйексөзі: «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»

5-апта дәйексөзі: «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»

**Мамыр «Бірлік және ынтымақ» айы**

1-апта дәйексөзі: «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»

2-апта дәйексөзі: «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»

3-апта дәйексөзі: Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Төле би).

**Үнем қоғам қуаты мектепішілік өткізілген жұмыстың ақпараттық-аналитикалық анықтамасы.**

**«Үнемді тұтыну»**

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында мектеп оқушыларымен Электр энергиясын, суды үнемдеу және қалдық маклатураны жинақтау бойынша ай -сайын іс-шаралар өткізіледі.
Мақсаты: Суды , тамқты , энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.Оқушыларға нұсқаулықтар мен парақшалар таратылып берілді.

**«Қауіпсіздік сабақтары»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізумен іске асырылды.
Мақсаты – балалардың бойында жеке қауіпсіздік пен басқаларды қорғауға қатысты саналы әрі жауапты қарым-қатынас қалыптастыру, сондай-ақ төтенше жағдайларда әрекет етуге дайындау мақсатында оқушыларымен қауіпсіздік сабағы өтілді.
**«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**
Мақсаты: « Біртұтас тәрбие» аясында ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу және ұлттық ойындар арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру. Сонымен қатар ұмытылып бара жатқан ұлттық асық ойын түрлерін жандандыра отырып, икемділікке, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.Ұлттық ойындар ойындар балаларға тек қызықты уақыт өткізуге ғана емес, сонымен қатар қазақтың мәдениеті мен дәстүрлерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ұлттық ойындар арқылы оқушылар бір-бірімен ынтымақтастық пен бауырластық дағдыларын меңгерді. Осы орайда мектебімізде білім алушылардың үзіліс арасындағы бос уақыттарын қамту мақсатында «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» атты іс – шара күнделікті өткізілуде.

**«АҚҚУ» қыздар клубының өткізілген іс – шараларға есебі**
**Тақырып:«Ұлттық өнер – тәрбие көзі»** шеберлік сағаты (гипстан шкатулка, асық, ракушки, домбыра жасап үйрету)

**Мақсаты:** халқымыздың ұмытылып бара жатқан мәдени мұрасын жаңғырту және халқымыздың ежелден келе жатқан көне де ізгі дәстүрі арқылы, қазіргі заманымызға лайықты сәндік қолөнерді дамыту, қазақтың қолданбалы өнері жайлы білу. Қазақтың қолөнерін қастерлеу және қолөнер шеберімен кездесу.

**Өткізілген іс – шаралардын қысқаша анықтамасы: «Ұлттық өнер – тәрбие көзі»** тақырыбында шеберлік сағатын өткізуге жеке кәсіпкер Абельдинова Асем Амангелдіқызын шақырылды. Шеберлік сағатына 7,8 сынып қыздары қатысты. Жұмысты бастамас бұрын Асем Амангелдіқызы қауіпсіздік шараларымен таныстырып, жұмыс орнын дайындап алды. Шеберлік сағатына керекті заттарын айтты және нұсқаулық берді, соңында жұмыстарын бастап кетті. Қыздарымызға мұндай іс – шара ұнады көңілдерінен шықты. Жасаған жұмыстарын аяқтап , бояп өздерімен бірге естелікке алды. Асем Амангелдіқызына рахметімізді айтамыз.

**Жариялану ссылкасы:** **https://www/.instagram.com/reel/DBasmFbl-wx/?igsh=MXdwNmoyN2NvZ3Rqag**= =

**Тақырып: «Ою – өрнек ою әдісі»** шеберлік сағаты (фетрдан ою,өрнек қию)

**Мақсаты:** Оқушыларға қазақ халқының ою – өрнек түрлерімен таныстырып жасалу жолдарын үйрету

**Өткізілген іс – шаралардын қысқаша анықтамасы: «Ою – өрнек ою әдісі»** тақырыбында аға тәлімгер Айнагуль Сериковна шеберлік сағатын өткізді. Шеберлік сағатына 7,8 сынып қыздары қатысты. Жұмысты бастамас бұрын қыздар барлық керекті заттарын дайындап алды және Айнагуль Сериковна қыздарды ою – өрнек түрлерімен қию әдістерімен таныстырып өтті, соңында жұмыстарын бастап кетті. Қыздарымызға мұндай іс – шара ұнады көңілдерінен шықты. Өте керемет көздің жауын алатын ою – өрнектер дайын болды. **Жариялану ссылкасы:** **https://www/.instagram.com/p/DDGjquvoM7M/?img_index=4&igsh=Z2I3cRxeHp3NXJ2**

**Тақырып: «Этика және этикет дегеніміз не?» дөңгелек үстел**

**Мақсаты:** Адамдардың әр түрлі әрекеттері мен аралас қатынастары туралы түсініктер қалыптастыру.

**Өткізілген күні:** Желтоқсан 2024 жыл

**Қала, аудан, ауыл:** Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Есілбай ауылы

**Мектеп:** Павлодар облысының білім беру басқармасы, Шарбақты ауданы білім беру бөлімінің «Есілбай жалпы орта білім беру мектебі» КММ

**Сынып:** 7 – 11

**Қатысқандар саны: 15**

**Өткізілген іс – шаралардын қысқаша анықтамасы:** әлеуметтік педагог Негманова Гульдана Базарбаевна **«Этика және этикет дегеніміз не?» тақырыбында дөңгелек үстел** өткізді. 7 – 11 сынып қыздарына сұрақтар арқылы осы тақырып туралы не білетіндіктері сұралды және **этика мен этикеттің** айырмашылығы неде деген сұрақ қойылды. Оқушылардың жауаптарынан кейін Гульдана Базарбаевна әр қайсысына тоқталып түсінік берді. Тақырыпты талқылауға арналған сұрақтар қойылды, мысалдар келтірілді, жағдаяттар шешілді.

**Жариялану ссылкасы:** **https://www/.instagram.com/p/DEwWBpZIXV6/?igsh=dGxydmQzZmg3N3M2** =

**Тақырып:«Қысқы қиял»** шығармашылық жұмыс.

**Мақсаты:** Қыздардың қолөнерін дамыту, бұйымдардың жасалу жолдарымен таныстыру.

**Қатысқандар саны: 7**

**Өткізілген іс – шаралардын қысқаша анықтамасы:** аға тәлімгерАбжатова Айнагуль Сериковна **«Қысқы қиял»** тақырыбында, қыздардың қолөнерін дамыту мақсатында, бұйымдардың жасалу жолдарымен таныстырып жаңа жылға декарация жасады. Декарация жасау іс – шарасына 7, 8 сынып қыздары қатысты және сол жасалған бұйымдарымен Холл безендірілді. Қыздарымызға мұндай іс – шара ұнады көңілдерінен шықты.

**Жариялану ссылкасы:** **https://www/.instagram.com/p/DEg3yBHon51/?img-index=4&igsh=N2kyY3Y3cHU2Mm936** = =

Ақку қыздар» клубының жетекшісі К.Г.Алигожина 7-8 сынып қыздарымен «Ұлттық өнер-тәрбие көзі» атты шеберлік сағатына жеке кәсіпкер А.Абельдинованы шақырып, гипстан жасалған бұйымдарға шеберлік сағатын өткізді. Шара мақсаты: халқымыздың ұмытылып бара жатқан мәдени мұрасын жаңғырту және халқымыздың ежелден келе жатқан көне де ізгі дәстүрі арқылы қазіргі заманымызға лайықты сәндік қолөнерді дамыту, қазақтың қолданбалы өнері жайлы білу. Қазақтың қолөнерін қастерлеу және қолөнер шеберімен кездесу.Шара барысында шебер оқушыларға гиптан бұйымдарды жасау өнерін жан-жақты таныстыра отырып, бұйымдардың түрлерімен таныстырды. Бұл тамаша өнер қазіргі заманда жалғасын тауып, дамып, әсемдігімен, көркемдігімен көз тартып, эстетикалық талғамда өркендей бермек.Қыздар өздерінің жасаған бұйымдарына риза болды.

**«АҚҚУ» қыздар клубының өткізілген психологиялық тренинг бойынша есебі**

**Тақырып: «Әдемі күл, сыпайы жүр,сұлу ойлан» психологиялық тренинг**

**Мақсаты:** қыз балалардың бойына қыз бейнесіне тән мінез – құлық сипатын қалыптастыру. Оқушылардың бір – бірімен айналадағы ортамен үйлесімді қарым – қатынас жасауға дағдыландыру, мәдени сөйлеу біліктілігін дамытуға, өзара жағымды қарым – қатынасын арттыру, оларды адамгершілікке, шындыққа, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Өткізілген іс – шаралардын қысқаша анықтамасы:** Мектеп психологі Алигожина Камшат Габдулманаповна **«Әдемі күл, сыпайы жүр,сұлу ойлан» психологиялық тренингөткізді.** 8, 9 сынып қыздарына

**І.«Амандасу» жаттығуы.**

1.Әрі қарай бірге жұмыс жасау үшін топқа ортақ жағымды ауа райы (атмосферасын) құру. Қыз балаларға өз бойынан өмірде қолдануға қажетті жағымды қасиеттерін табуға көмектесу.

Қатысушыларға доп беріледі. Сағат тілі бойынша әрбір қыз өз – өзін аныстырып, допты бір – біріне беріп отырады.

Таныстыру шарты келесідей:

1) өзінің есімін айтады;

2) өзінің есімінің алғашқы әріпінен басталатын сын есімді атау қажет(бұл сын есім әр адамның өзінің бойындағы сипаты, жағымды қасиеті, мінез – құлқының, жүріс – тұрысының қандай да бір ерекшеліктері болуы мүмкін) қатысушылар бір – біріне демеу бере алады.

**ІІ. «Сағат»психологиялық тренинг.**

**Үйірмелер мен спорттықсекциялар кестесі.2024-2025 жыл**

| **№** | **Үйірме атауы** | **Үйірме жетекшісі** | **өтілетін уақыты** |
|---|---|---|---|
| 1 | Домбыра | Абельдинов Ж.З | Дүйсенбі - 15.$^{00}$-17.$^{00}$<br>Сәрсенбі - 15.$^{00}$-17.$^{00}$ |
| 2 | Стол теннисі | Киреев С.К | Сейсенбі - 16.$^{00}$-17.$^{00}$<br>Бейсенбі - 16.$^{00}$-17.$^{00}$<br>Жұма - 16.$^{00}$-17.$^{00}$ |
| 3 | Шахмат | Киреев С.К | Дүйсенбі - 16.$^{00}$-18.$^{00}$<br>Сәрсенбі – 16.$^{00}$-18.$^{00}$<br>Бейсенбі - 16.$^{00}$-18.$^{00}$<br>Жұма - 16.$^{00}$-18.$^{00}$ |
| 4 | тоғызқұмалақ | Тобыктинов Б.М | Дүйсенбі - 15.$^{00}$-16.$^{00}$<br>Бейсенбі- 16.$^{00}$-17.$^{00}$ |
| 5 | Волейбол | Негманов Б.Х | Дүйсенбі - 15.$^{00}$-16.$^{30}$<br>Сәрсенбі - 16.$^{00}$-17.$^{30}$ |
| 6 | Мерген | Машенов Н.Н | Сәрсенбі- 16$^{00}$-17.$^{00}$<br>Жұма - 15$^{00}$-16.$^{00}$ |

**2025-2026 оқу жылының үйірме мен секция** бойынша оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру үшін үйірме мен секциялар жүргізілді. Негізгі жалақы бойынша бойынша 1 үйірме мен 4 спорт секциясы бар. (Волейбол-1, Үстел теннисі-1, стол теннисі-1, шахмат-1, тоғызқұмалақ-1,). Мектебімізде 8 сағатқа бөлінген шахмат үйірмесі жүргізілді. Ақысыз Мерген үйірмесі жүргізілді.

**Үйірмелер мен спорттықсекциялар кестесі. 2025-2026 жыл**

| **№** | **Үйірме атауы** | **Үйірме жетекшісі** | **өтілетін уақыты** |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Домбыра | Абельдинов Ж.З | Дүйсенбі - $15.^{00}$-$17.^{00}$<br>Сәрсенбі - $15.^{00}$-$17.^{00}$ |
| 2 | Стол теннисі | Киреев С.К | Сейсенбі - $16.^{00}$-$17.^{00}$<br>Бейсенбі - $16.^{00}$-$17.^{00}$<br>Жұма - $16.^{00}$-$17.^{00}$ |
| 3 | Шахмат | Амренова Д.К. | Дүйсенбі - $16.^{00}$-$18.^{00}$<br>Сәрсенбі – $16.^{00}$-$18.^{00}$<br>Бейсенбі - $16.^{00}$-$18.^{00}$<br>Жұма - $16.^{00}$-$18.^{00}$ |
| 4 | Тоғызқұмалақ | Негманов Б.Х | Дүйсенбі - $15.^{00}$-$16.^{00}$<br>Бейсенбі- $16.^{00}$-$17.^{00}$ |
| 5 | Волейбол | Негманов Б.Х | Дүйсенбі - $15.^{00}$-$16.^{30}$<br>Сәрсенбі - $16.^{00}$-$17.^{30}$ |
| 6 | Мерген | Машенов Н.Н | Сәрсенбі- $16^{00}$-$17.^{00}$<br>Жұма - $15^{00}$-$16.^{00}$ |

Үйірме мен секция жұмыстары оқушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарын арттырып, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға бағытталған. Үйірмелер туралы құжаттарда бұйрығы, жоспары, қатысушылар тізімі, жұмыс барысындағы фото мәліметтер жинақталған. Оқушылардың бос уақытын дұрыс пайдалану үшін мектепішілік секциялардың жұмыс кестесі жасалған. Мектепте оқушылардың спорттық секцияларға қамтылуы жылдан жылға оқушылардың қызығушылығына қарай жетістіктеріміз артып келеді.

## 2023-2024 , 2024-2025 оқу жылдары аралығында кәсіптік бағдар беру жұмысының атқарылған іс-шаралары

**Мақсаты:**

Мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру. Оқушының белгілі бір қызмет түрлеріне қабілеттері мен бейімділігін анықтау арқылы болашақ мамандықты дұрыс таңдауға бағыт бағдар беру.

**Міндеті:**

1. Оқушылармен кәсіптік бағдар бағытында диагностика жүргізу.
2. Оқушыларға оқытудың бейіндік бағытын таңдауда және кәсіп таңдауда консультация беру.
3. Кәсіптік бағдар беру жұмысы мәселелері бойынша ата-аналар мен ұжымды үйлестіру.

Жыл сайын «Кәсіптік бағдар беру бағыты бойынша» 9 - 11 сыныптармен кәсіптік бағдар беру бойынша жоспар құрылып жүзеге асырылады. Онын ішінде оқушылардың болашақ мамандығын анықтау мақсатында түрлі диагностикалық әдістемелер өткізіледі:

Д. Голланд әдісі “Жеке адамның типін анықтау”. Кәсіби – тұлғалық типті бағалау мен тұлғаның әлеуметтік бағытын анықтау үшін қолданылады. Ол тұлғаның 6 типін бөліп көрсетеді. (Реалистік тип, Зияткерлік тип, Әлеуметтік тип, Конвенциалды тип, Іскер типі, Әртистік тип). Әр тип туралы оқушыларға түсінік беріледі. Е.А. Климов әдістемесі “Мамандық бейімділігін анықтау” мақсатында қолданылады. (Бағыттары: Биология, Техникалық,

Әлеуметтік – қоғамдық, Физика – Математика, Шығармашылық). Әр бағыт туралы оқушыларға түсінік беріледі. А.Е.Голомшток әдістемесі. Осы төрт әдістемелердің ішінде ең үлкен әдістеме. Мақсаты: тұлғанын қызығушылығын, қабілетін айқындау. Әрі қарай жоспар бойынша оқушылармен мамандықтар туралы әңгімелер және тренингтер өткізіледі, видеороликтер, фильмдер көрсетіледі, жадынамалар таратылады. Тек қана мамандыққа баулу ғана емес оқушылардың бойларына адамгершілікті арттыру, өзін-өзі тану, жақсы көру, дұрыс қабылдауды үйрету, адамдармен жақсы қарым –қатынас орнату, өмірдің қиыншылықтарынан сүрінбей өту сияқты қасиеттерін дамыту жолында неше түрлі әдістер мен тренинг - ойындары өткізілді. Жаңа оқу жылынан бастап ата-аналар мен оқушыларға кәсіби бағдар бойынша кеңестер берілді. Оқушыларға пайдалы кездесулер өткізіліп, әр түрлі жұмыс орындарына эксурсиялар ұйымдастырылды.

Жыл сайын қаңтар айында қысқы демалыс кезінде мектебімізде Педагогикалық кеңес өтеді. Педкеңесте «Бейінді оқыту» және «Оқушылардың дұрыс мамандық таңдауына пән мұғалімдері мен сынып жетекшісінің ықпалы» атты тақырыпта мектеп психологі К.Г.Алигожина баяндама оқып, мұғалімдермен тренингжаттығулар өткізіледі.

Мектебіміздің педагогикалық ұжымымен «Бейінді оқыту» және «Оқушылардың дұрыс мамандық таңдауына пән мұғалімдері мен сынып жетекшісінің ықпалы» тақырыптарында мектеп психологі мен кәсіби бағдар беруші педагог баяндама оқыды. Мұғалімдермен тренинг-жаттығулар өткізілді. 9-11 сынып оқушыларымен «Өмір жолын қалыптастыру, кәсіби мақсаттар» тақырыбында әңгіме өткізілді.

6, 9 сынып оқушыларына мамандық таңдау бойынша кәсіптік бағдар беріп, ақпараттық-түсіндірмелі жұмыс жүргізді.

Мектеп психологі К.Г.Алигожина 11 сынып оқушыларымен «Мен мамандық әлеміндемін» атты тренинг-жаттығу өткізіп, оқушыларға мамандық таңдаудың маңызы туралы айтты. Жыл бойы оқушылармен мен ата-аналарға жаңа мамандықтар мен құзыреттердің атласымен таныстыру жұмыстары жүргізілді.

**Сауалнама «Сенің кәсіби ой – ниетің»**

**Мақсаты:** - Өзіңнің кім екенің, қандай екенің, кім бола алатының, кім болғың келетіні, кім болуын керек екенің және алға қойған мақсаттарыңды қалай іске асыру керек екендігі туралы білу.

**Қатысқандар:** 9 сынып оқушылары

**Қорытынды:** Сауалнамаға 12 оқушы қатысты , сауалнама 7 сұрақтан құралған. 12 – наурыз күні 9 сынып оқушыларынан мамандыққа деген қызығушылықтары, мамандық туралы хабар және оқу бейінін анықтау сауалнамалары жүргізілді. Оқушылар өздерінің қызығатын бірталай пәндерін, мамандық түрлерін белгілеп шықты. Сауалнама қорытындысы бойынша 9 сынып оқушыларының көпшілігі қазақ тілі және әдебиет, тарих пәндеріне қызығады 1, 2 – уі ағылшын, биология, геометрия пәндеріне. Қосымша дайындықты ағылшын, физика, қазақ тілі, тарихтан алғысы келеді. Сынып толық 10 сыныпта оқиды.

**1.9 – сыныпты бітірген соң, не істемексің?**
а) 10 – сыныпта – 12 оқушы – 100 %
**2. Ата – анаң 9 – сыныпты бітірген соң не істе деп кеңес беруде?**
а) 10 – сыныпта - 12 оқушы – 100 %
**3.Таңдаған мамандығыңның мазмұны, оқу және жұмыс шарттары туралы білесің бе?**
а) хабарым жоқ 3 оқушы – 25 %
ә) аз ғана хабардармын 5 оқушы – 42 %
б) қажеттің бәрін білемін 4 оқушы – 33,3 %
**4.Таңдаған мамандығыңның адамға қояр талаптары туралы білесің бе?**
а) хабарым жоқ – 33,3 %
ә) аз ғана хабардармын – 25 %
б) қажеттің бәрін білемін – 42 %
**5. Таңдаған мамандығыңа қажет болатын жеке қасиеттеріңді, қабілеттеріңді, икемділіктеріңді қалай дамытасын?**
а) мүлдем дамытпаймын – 0 %
ә) қосымша білім алу арқылы дамытамын – 9 оқушы – 75 %
б) өз бетіммен білім ала отырып дамытамын – 25 %
**6. Өзінің кәсіби ой – ниетіңді іске асыра аламын деп ойлайсың ба? Оған не кедергі бола алады?**
а) иә, жүзеге асыра аламын – 8оқушы 67 %
ә) оқуда қиындықтар бар – 4 оқушы – 33,3 %
б) материалдық проблемалар – 0 %
в) отбасылық жайттар – 0 %
г) жоқ, жүзеге асыра алмаймын – 0 %
**7. Негізгі жоспарынды іске асыра алмаған жағдайда қолданатын қосалқы жоспарың бар ма?**
а) иә – 10 оқушы – 83 %
ә) жоқ – 2 оқушы – 17 %
Сауалнама нәтижесі бойынша сыныптағы 12 оқушы 100 % оқуын әрі қарай 10 сыныпта жалғастырады. 4 оқушы нақты қандай оқу орнына баратындығы белгілі және дайындалып жүр. Қалған оқушылар таңдау үстінде. Жалпы оқушылар өздерінің таңдап тұрған мамандықтары туралы біледі.

**Іс – шара тақырыбы: «Менің мамандығым – менің болашағым»**

**Мақсаты:**Оқушының өзі таңдайтын мамандық туралы ойын бір жүйеге келтіріп, дұрыс таңдау жасауына көмектесу, өз бетінше шешім қабылдап, өзіндік мақсатын айқындай білу қабілеттілігін арттыру.

Жұмысшы мамандықтар жылының іс – шаралар жоспарына сәйкес 9 сынып оқушыларымен мамандық таңдау бағытында толыққанды ақпараттандыру және дұрыс бағыт – бағдар беру, мамандық әлемі және ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту, оқушыларға патриоттық тәрбие беру, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету мақсатында **«Менің мамандығым – менің болашағым»** тақырыбында дөңгелек үстел жанындағы отырыста 6 кезеңнен тұратын пікірсайыс өткізілді.

1. ***Психологиялық сәт: «Психогеометрия»*** ***2. Мамандығым болашағым «Өзі таңдаған мамандық жайлы әңгіме»***
***3. Жұмбақ жанның мамандық таңдаудағы қателігі***
***4. Өзің келіспейтін тұжырымдарды таңдап алып, ойыңды дәлелде***
***5. Қазіргі уақытта жойылу қаупі бар мамандықтар***
***6. Қазіргі заманның табысты мамандары*** **«Менің мамандығым – менің болашағым»** іс – шарасына 9 сынып оқушылары белсене қатысып, сұрақтарға жауап беріп өздерінің пікірімен бөлісті.

**Тақырыбы: "Менің отбасым".Мақсаты**: отбасы ішілік қатынастардың диагностикасы. **Айы:** Қараша
**Қатысқандар:** 2,4,5 сыныптар
**Оқушыларға керекті құрал – жабдықтар:** түрлі – түсті қарындаштар, А4 бет
**Қорытынды:** оқушыларға А4 форматтағы ақ қағаз таратылып берілді.
Балалардан өз отбасыларының суретін салу сұралады, бұл ретте барлық сұрақтарға "Өз қалауыңыз бойынша сурет салыңыз" немесе "Қолыңыздан келгенше" деп жауап беруге болмайды. Тапсырманы нақтылап берген дұрыс.
Суретті талдай отырып, бала қолданған түстерге назар аудару қажет:

Сурет салуда жиі қолданылатын балалардың ең сүйікті түстері **сары, жасыл** егер бала оларды өз суреттерінде қолданғанды жөн көрсе, бұл баланың жан дүниесінде жағымды эмоциялар, тыныштық пен көңілді қиял бар екенін білдіреді. 2 сынып және 4,5 сынып оқушылары суреттерінде сары, жасыл түсті көп қолданған, сонымен қатар көк, қызыл, түстерді пайдаланған.
**Қызыл түс** – суреттерде белсенділіктің, агрессияның, қозғыштықтың жоғарылауы туралы айтылады.
**Көк** — баланың біреуді немесе бір нәрсені сағынуы туралы, оның ішкі мәселелерге және интроспекцияға шоғырлануы туралы.
**Жасыл түс** – табандылық, тәуелсіздік, қыңырлық, баланың бейбітшілікке ұмтылуы туралы хабарлайды. 1 сынып оқушылрына отбасы суретін салуда қйындықтар туындады, үйткені адамның суретін дұрыс сала алмады бірақ, жобасын келтірді. Әр оқушының суреті жеке – жеке зерттелді. 4 сынып оқушыларының суреті ретті, әдемі тақырыпқа сай салынған.

**Қолайлы отбасылық орта** – Барлық отбасы мүшелерінің бейнесі
Агрессия, дұшпандық көрсеткіштерінің болмауы (қолдар бүйірден, ұзын саусақтар және т.б.) сабырлы, анық сызықтар. Оқшауланған отбасы мүшелері жоқ.

## Әлеуметтік педагогтың 2023 – 2024 оқу жылында атқарған І жартыжылдық жұмысының есебі

**Мақсаты:** Әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау. Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстары

**Мектептің әлеуметтік төлқұжаты2023 - 2024 оқу жылына.**

| | |
|---|---|
| **Жалпы оқушы саны** | **72** |
| **Бастауыш сыныптар 1-4** | **23** |

| | |
|---|---|
| **Орта буын  5-9** | **41** |
| **Жоғары буын 10-11** | **8** |
| **Көп балалы жанұядан шыққан оқушылар саны** | **3** |
| **Аз қамтылған жанұядағы оқушы саны** | **2** |
| **Жетім балалар саны** | **1** |
| **Мүгедек балалар саны** | **0** |
| **Тегін тамақтанатын оқушылар саны** | **7** |

Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру. Оқу жылының басында барлық сыныптағы оқушылардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет бойынша сараптамадан өткізіліп, аз қамтылған  және жетім 7 бала тіркеуге алынды. Қыркүйек айында аз қамтылған 4 отбасына мектеп ұжымы атынан азық – түлікпен қамтамасыз етілді. 29 қазан айында «Қамқоршылар күніне» арнап «Мейірімді жүрек» атты Гүлпану апаймызбен тақырыпқа сай әңгіме – сұхпат өткізілді.

Биылғы аудандық әкім шыршасынаКөп балалы және  аз қамтылған отбасылар санатындағы оқушылар барды. Мектептегі ата –аналар комитетінің шешімі бойынша 4  сынып оқушысы  Айтбаев Даир, 5 сынып оқушысы Қалибекұлы Бибарыс, 6 сынып оқушысы Нажмиден Алимжан . Оқушыларға жаңа жыл мерекесі өз деңгейінде өтіп оқушыларымызға жақсы көңіл күй сыйлады, керемет сыйлықтарға ие болды, әр оқушыға тсертификат  және жаңа жылдық кулектер табысталды. Жалпы аз қамтылған  отбасылар саны 4, соның ішінде 7 оқушы тегін тамақтанады. Аз қамтылған отбасы -2, жетім – 1 , жалғыз басты ана тәрбиесінде – 1.

**Асхана  жайлы есеп:**

Аз қамтылған  отбасылар саны  4, соның ішінде 7 оқушы және бастауыш сыныптар тегін тамақтанады.

## Әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылында атқарған ІІ жартыжылдық жұмысының есебі

**Мақсаты:**

Әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау.  Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:

**Мектептің әлеуметтік төлқұжаты**

**2023-2024 оқу жылына. Есілбай жалпы орта білім беру мектебі.**

| | |
|---|---|
| Жалпы оқушы саны | 72 |
| Бастауыш сыныптар  1-4 | 23 |
| Орта буын  5-9 | 41 |
| Жоғары буын 10-11 | 8 |
| Көп балалы жанұядан шыққан оқушылар саны | 3 |
| Аз қамтылған жанұядағы оқушы саны | 2 |
| Жетім балалар саны | 1 |
| Мүгедек балалар саны | 0 |

| | |
|---|---|
| Тегін тамақтанатын оқушылар саны | 7 |

Оқушылардың құжаттары тексеріліп, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Барлық көп балалы отбасының саны 2- ге жетті. Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру. ІІ жартыжылдықтан бастап жаңартылып барлық сыныптарының әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді. Әлеуметтік педагогтің жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру. Жылына 2 рет аз қамтылған отбасылардың келісімімен тұрмыстық зерттеу актісі өтеді.Рейдтер кесте бойыгша жұмыс жасалды, кесте құрылып ата-аналармен мұғалімдер кезекшілікке шықты. 9-11 сыныптар арасында мамандық таңдауда әлеуметтік зерттеу жұмыстары жүргізілді. Балалардың сабақты себепсіз қалдырауын бақылау жыл бойы жүреді, сабақты себепсіз босатпайды оқушылар. Қазіргі кезде мектепте көп балалы және аз қамтылған отбасылардан құжат бойынша 9 бала білім алуда.Павлодар қаласында аз қамтылған және осал топтағы отбасыларға «Мереке» акциясы өтілді. Мектебімізден 3 оқушы барып қатысып келді, олар: 5 сынып оқушысы Қалибекұлы Бибарыс, 5 сынып оқушысы Қалибекқызы Кәусар, 5 сынып оқушысы Айтбаев Диар. Жазғы сауықтыру алаңына тегін 1-6 сыныптар арасынан 6 оқушы барады. Жалпы аз қамтылған отбасылар саны 4, соның ішінде 7 оқушы оқушы тегін тамақтанады. Көп балалы отбасы саны 2, мүгедек - 0, Жетім -1.

**Асхана жайлы жайлы есеп:**

Аз қамтылған отбасылар саны 6, соның ішінде 9 оқушы оқушы тегін тамақтанады.

## Әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылында атқарған жылдық жұмысының есебі

**Мақсаты:**

Әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау. Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:

**Мектептің әлеуметтік төлқұжаты**

**2024-2025 оқу жылына. Есілбай жалпы орта білім беру мектебі.**

| | |
|---|---|
| Жалпы оқушы саны | 74 |
| Бастауыш сыныптар 1-4 | 23 |
| Орта буын 5-9 | 41 |
| Жоғары буын 10-11 | 10 |
| Көп балалы жанұядан шыққан оқушылар саны | 19 |
| Аз қамтылған жанұядағы оқушы саны | 11 |
| Жетім балалар саны | 1 |

| | |
|---|---|
| Мүгедек балалар саны | 0 |
| Тегін тамақтанатын оқушылар саны | 11 |

Оқушылардың құжаттары тексеріліп, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Барлық көп балалы отбасының саны 5- ге жетті. Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру. Оқу жылының басында барлық сыныптарының әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді. Жылына 2 рет аз қамтылған отбасылардың келісімімен тұрмыстық зерттеу актісі өтеді. Бала құқығын қорғау жұмыстар сауалнама, әңгіме, треннинг жүргізілініп отырады. Қазан айында «Мектептегі бала құқығы» туралы түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Рейдтер кесте бойынша жұмыс жасалды, кесте құрылып ата-аналармен мұғалімдер кезекшілікке шықты. 9-11 сыныптар арасында мамандық таңдауда әлеуметтік зерттеу жұмыстары жүргізілді. Желтоқсан айында 3 оқушы әкім шыршасына барады, Олар: 2 сынып оқушысы Бектұрсын Әзия, 5 сынып оқушысы Оралбай Ғабит және 6 сынып оқушысы Қалибекқызы Кәусар барды.Ақшалай сыйлық және кулек табысталды. Балалардың сабақты себепсіз қалдырауын бақылау жыл бойы жүреді, сабақты себепсіз босатпайды,босатқан күннің өзінде анықтамалары болады. Сәтсіз отбасы жоқ, Өгей әке, өгей шеше тәрбиесінде оқушылар жоқ. Мектеп бойынша сауықтыру лагерлеріне оқушылар жіберeліп отырады.Әр түрлі есепте тұрған оқушылар жоқ, алдын ала оқушылармен, ата-аналармен профилактикалық жұмыстар жасалды. Қазіргі кезде мектепте көп балалы және аз қамтылған отбасылардан құжат бойынша 7 бала білім алуда. Жалпы аз қамтылған отбасылар саны 6, соның ішінде 11 оқушы оқушы тегін тамақтанады. Көп балалы отбасы саны 7, мүгедек - 0, Жетім -1. **Асхана жайлы жайлы есеп:** Аз қамтылған отбасылар саны 5, соның ішінде 11 оқушы оқушы тегін тамақтанады.

**Әлеуметтік педагогтың 2025-2026 оқу жылының 1 тоқсан есебі**

**Мақсаты:**

Әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау. Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:

**Мектептің әлеуметтік төлқұжаты**

**2025-2026 оқу жылына. Есілбай жалпы орта білім беру мектебі.**

| | |
|---|---|
| **Жалпы оқушы саны** | **71** |
| **Бастауыш сыныптар 1-4** | **20** |
| **Орта буын 5-9** | **36** |
| **Жоғары буын 10-11** | **15** |
| **Көп балалы жанұядан шыққан оқушылар саны** | **20** |
| **Аз қамтылған жанұядағы оқушы саны** | **4** |
| **Жетім балалар саны** | **1** |
| **Мүгедек балалар саны** | **0** |
| **Тегін тамақтанатын оқушылар саны** | **4** |

Оқушылардың құжаттары тексеріліп, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Барлық көп балалы отбасының саны 8- ге жетті. Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру. Оқу жылының басында барлық сыныптарының әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді. Жылына 2 рет аз қамтылған отбасылардың келісімімен тұрмыстық зерттеу актісі өтеді. Бала құқығын қорғау жұмыстар сауалнама, әңгіме, треннинг жүргізіліпіп отырады. Қазан айында «Мектептегі бала құқығы» туралы түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Рейдтер кесте бойынша жұмыс жасалды, кесте құрылып ата-аналармен мұғалімдер кезекшілікке шықты. 9-11 сыныптар арасында мамандық таңдауда әлеуметтік зерттеу жұмыстары жүргізілді.. Балалардың сабақты себепсіз қалдырауын бақылау жыл бойы жүреді, сабақты себепсіз босатпайды,босатқан күннің өзінде анықтамалары болады. Сәтсіз отбасы жоқ, Өгей әке, өгей шеше тәрбиесінде оқушылар жоқ. Мектеп бойынша сауықтыру лагерлеріне оқушылар жібереліп отырады.Осы тоқсанда 8 сынып оқушысы Абылғазы Ералы кетті. Әр түрлі есепте тұрған оқушылар жоқ, алдын ала оқушылармен, ата-аналармен профилактикалық жұмыстар жасалды. Жалпы аз қамтылған отбасылар саны 3, соның ішінде 4 оқушы оқушы тегін тамақтанады. Көп балалы отбасы саны 8, мүгедек - 0, Жетім -1. Жалғыз басты әке тәрбиесінде – 1. **Асхана жайлы жайлы есеп:** Аз қамтылған отбасылар саны 3, соның ішінде 4 оқушы оқушы тегін тамақтанады.

**«Мектепке жол» акциясы аясында**
**мектеп оқушыларына көмек берілді**
**2025-2026 оқу жылына**

| **№** | **Көмек берген адамның аты – жөні** | **Берілген зат** | **Бағасы** | **Оқушының аты - жөні** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Аудандық мешіт | Рюгзак кеңсе тауарлары | | Иманғазы Ерғалы |
| | | Рюгзак кеңсе тауарлары | | Жанабай Мөлдір |
| 2 | Қайкен Сезім | Күзгі желетке | 5000 | Бектұрсын Әлия |
| | | Күзгі желетке, пижама | 5000+2000 | Бектұрсын Елқұт |
| | | Күзгі желетке | 5000 | Буркутбаев Елжан |
| | | Күзгі желетке | 5000 | Қуандық Ерсұлтан |
| | | Күзгі желетке | 5000 | Нажмиден Әлишер |
| | | Күзгі желетке | 5000 | Нажмиден Дина |
| | | Күзгі желетке | 5000 | Айтмуханбет Мәриям |
| 3 | Абельдинов Жаслан З. | Кеңсе тауарлары | 5000 | Жанабай Сара |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | Шарпекова Ақмарал С. | Женс. Рюгзак Муж. Рюгзак, кеңсе тауарлары | 10000 15000 | Жанабай Сандуғаш Касаинов Шынгыс |
| 5 | Аудандық кәсіподақ ұйымы | Кеңсе тауарлары | 10000 | Жусупов Айсултан |
| 6 | Қызылбаева Жанар Қ. | Брюки муж. 3 тары | 15000 | Иманғазы Ерғалы Оралбай Ғабит Айтбаев Диар |
| 92мың теңгеге көмек берілді | | | | |

**Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің жұмысы.**

**2023-2025 оқу жылы**

**Сынып жетекшілердің ӘБ жұмысин жетілдіру** арқылы сынып жетекшілердің кәсіби құзіреттілік деңгейін арттыру. Тақырыбы: "Оқушы тәрбиесі-шығармашылық үрдіс"

Мақсаты: Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігінің деңгейін үздіксіз жетілдіру.

Тәрбие жұмыстары бекітілген жылдық жоспарға сай уақытымен өткізіледі. Сынып жетекшілер әдестемелік бірлестігі әр тоқсан аяғында оқу үрдісіндегі жұмыс нәтижелерінің қорытындысын шығарып, есеп береді. Тоқсан сайын сынып жетекшілер мен семинарлар өткізілді. Мектепте сынып жетекшілер әдістеме бірлестігі құрылған.

Сынып жетекшілер саны-11. Сынып жетекшілер отырысынды тақырыптық баяндамалар оқылып, тренингтер өткізіліп, сынып сағаттары өткізіліп, күнделікке толтырылды.

2023-2025 оқу жылына арналған әдістемелік бірлестік жұмыстар бойынша жылдық жоспар жасалынып бекітілді. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда төмендегі бағыттар басшылыққа алынды. Әдістемелік кеңестің мақсаты: Өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзіретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Сондай-ақ жыл бойы мұғалімдердің атқаратын міндеттері мен жұмыстары бойынша бұйрықтар шығарылып бекітілді. Жылдық бойынша нәтижеге бағдарланған әдістемелік жұмыс ұйымдастырылды, жоспары құрастырылып, іс жүзіне асты. Сыныптар бойынша көпбалалы, жетім, аз қамтамасыз отбасылар саны анықталды. Сынып жетекшілердің тәрбие жоспары тексеріліп, бекітілді. Ашық тәрбие сағаттарының тақырыбын құрылып,бектілді. Мектепте 5-11 сыныптар бойынша кезекшілік ұйымдастырлып өтті. Өрт қауіпсіздігі, жол ережелері туралы сынып сағаттарын өткізу бойынша кезекшілік кестесі ұйымдастырылып, жыл бойы өткізілді. Оқу жылының басында оқушылар мен ата – аналарды жол жүру ережесімен, темір жолдан өту туралы, салынып

жатқан және құрылыс бітпеген объектілерге бармау, қайғылы оқиғалардың (балалардың терезеден, балконнан, үйдің төбесінен құлауы) алдын алу) жұымстары ай сайын,тоқсан сайын өткізілді.Зиянды әдеттерден аулақ болу (ішімдік,темекі, насвай,есірткі,эл.темекі т.с.с.) оқушыларға кездесулер,сынып сағттар,кештер жыл бойы өтті. Құқықбұзушылықтың алдын алу (бопсалау, төбелеспеу, уйден кету,қоғамдық жерде өз-өзін дұрыс ұстау, ұрлық, жалған қоңырау соғу,кешкі уақытта көшеде жүрмеу т.с.с.) бойынша спорттық іс-шарлар,сынып сағаттар мен кездесулер өткізілді. Мектеп формасы және 1-11 сыныптар арасында діни киім кимеу, діни белгілерді пайдаланбау жөнінде және мектепте намаз бөлмелерін болмайтынын туралы жиналыстар,түсіндірме жұмыстар өтіп ескертілді. Сыбайлас жемқорлықты алдын алу мақсатында жұмыс жоспары бойынша 10 сынып оқушылары «Адалдық - ең асыл қасиет» тақырыбында эссе жазды. 1-11 сынып оқушыларының жалпы ата-аналар жиналысында балаларды құқықтық тәрбиелеуде және құқықбұзушылықтың алдын алу мәдениетін соның ішінде сыбайластық жемқорлық қалыптастырудағы отбасының ролі туралы және «Жемқорлыққа қарсы іс қимыл»,“Жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың пайда болу себептері және оның күресу жолдары”, «Жасөспірімдер суицидтік мәселелері туралы», «Алаяқтықтың алдын алу жолдары» жайлы сөйледі. 25-қазан Республика күніне орай "Менің байтақ елім" атты сурет сайысына бастауыш сыныптары белсенді қатысты. 25-қазан Республика күніне арналған құттықтау фотоколлаждар ұйымдастырылды.25-қазан Республика күніне орай жоспарға сай бастауыш сынып оқушылары арасында көңілді эстафета өтті. 10- сынып оқушылары арасында Республика күніне арналған дебаттық турнир өтті. Өткізген: А.С.Абжатова «Бала құқығы – адам құқығы» атты республикалық онкүндік жұмыс жоспарына сай "Менің елім - Қазақстаным" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізлді. 25 қазан Республика күніне орай 24 қазан күні мектебіміздің 2 сынып оқушыларыын «Жас Қыран» және 5 сынып оқушыларын «Жас Ұлан» қатарына қабылдау салтанатты жиыны өтті.25 қазан Республика күніне орай «Жасай бер, жайнай бер, Қазақстаным» атты мерекелік шара өтілді. Республика күніне орай жаппай мемлекеттік гимн орындалды. Концерт барысында мемлекетіміздің көк байрақ туы шығарылып, мемлекеттік гимн орындалды, Республикалық бірыңғай "ЖАС ҰЛАН" балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдау рәсімі өтті, патриоттық әндер орындалды және «Жаса, Қазақстан» флешмобы ұйымдастырылды. 5-11 сыныптар арасында "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты тақырыбы бойынша сынып сағаттары өтті. 6-8 сынып оқушыларымен «Буллинкке жол жоқ!» , "Құқық бұзушылықты алдын алу"атты тақырыптары бойынша аймақтық полиция учаскелік инспекторымен кездесу өтті. Кездесу барысында полиция қызметкері оқушыларға ақпарат жұмысын өткізді. Буллингтің алдын алу мақсатында 5-11сынып оқушылары арасында "Бала құқығы адам құқығы"атты тақырыпта учаскелік инспектор құқықтық сабақ өткізді. Буллингтің алдын алу мақсатында мектеп психологі К.ГАлигожина 5-7сынып оқушыларымен "Дос болайық бәріміз " атты тренинг - жаттығу өткізді. 9-11 сынып оқушыларына балаларды құқықтық тәрбиелеуде және құқықбұзушылықтың алдын алу мәдениетін соның ішінде сыбайластық

жемқорлық қалыптастырудағы отбасының ролі туралы және «Жемқорлыққа қарсы іс қимыл»,“Жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың пайда болу себептері және оның күресу жолдары”, «Жасөспірімдер суицидтік мәселелері туралы», «Алаяқтықтың алдын алу жолдары» жайлы дәріс өткізді. 5-11 сыныптар арасында "Экстремизмнің алдын алу және терроризм" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді."Зорлық зомбылықсыз 16 күн" акциясы аясында 1-4 сыныптар арасында суреттер көрмесі өтті. Белсене қатысқан оқушылар алғыс хаттармен марапатталды. “Зорлық-зомбылықсыз 16 күн” науқаны аясында мектебіміздің жас мамандары видео-үндеу жасады. Видео-үндеудің мақсаты: Әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлықзомбылықтың алдын алу, қабылданып жатқан шаралар туралы хабардар етіп, қоғамдағы, отбасындағы әйел адамдарға қолдау білдіру және құқықтық Мектебімізде 25- қараша мен 10-желтоқсан аралығында "Зорлық зомбылыққа қарсы 16 күн" халықаралық акцияға орай

9-11 сыныптар арасында "Зорлық - зобылыққа жол жоқ!"тақырыбында ақпараттық түсіндірме жұмыстарын өткізді. Акцияның мақсаты: зорлық - зомбылықтың алдын алу және қоғамда отбасының рөлін нығайту, зорлық - зомбылықтың жолын кесу, зорлық -зомбылық жасауға бейімді адамдармен жеке - профилактикалық жұмысты жүзеге асыру, азаматтардың полицияға деген сенімін нығайту.Тәрбиені насихаттау, зорлық-зомбылықтың орын алуына жол бермеу. "Буллингтің алдын-алу" тақырыбында іс-шара өткізді. Мақсаты: Мектеп оқушылары арасында буллингты болдырмау, алдын алу. "Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" акциясы аясында мектебімізде "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.Мақсаты: Балаларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру. “Адал ұрпақ” акциясының жылдық жоспарына сәйкес қаңтар айында 9-сыныптарға “Қылмыс пен жаза” тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. “ДосболLike” жобасы аясында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларымызды бауырмалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. 8-10 сыныптың қыз балалары арасында “ Ерте жүктіліктің алдын алу, мақсатында мектеп психологі әңгіме дәріс өткізді. 9-11 сынып аралығында оқушыларға «Буллингтің алдын алу», «Жол көлік жарақатының алдын алу!» атты тақырыбында кездесу өтті. Мақсаты: Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу. Бала қауіпсіздігі, жол ережесін сақтау, жол белгілерін білу туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.Мектеп бітіруші түлектер үшін «Сыңғырла, соңғы қоңырау» атты салтанатты кеш өтті. Балалық шақпен қоштасып, үлкен өмірге жолдама алған түлектер мектеп оқушылары ретінде бүгін соңғы рет қоңыраудың сыңғырын естіп, ерекше әсерге бөленді.Салтанатты іс-шарада Қазақстан Республикасының Гимні орындалып, мемлекеттік Ту ортаға енгізілді. Мектебімізде «Абайлаңыз балалар» атты жол-көлік оқиғаларын алдын алау мақсатында жоспар бойынша іс шаралар өткізілді. Қараңғыда кәмелетке толмағандармен болған жол-көлік оқиғаларының жиілеуіне байланысты мектептің ата-аналары балалардың қауіпсіздігі бойынша ұсыныстарды қолдайды. Тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес, балалардың жолда жүру қауіпсіздігін сақтау мақсатында, бүгін “Көше тәртібі - өмір сүру тәртібі” тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. “Абайлаңыз балалар” акциясының

жоспарына  сәйкес суреттер көрмесі өтті. Мақсаты: Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру. Жолда жүру қауіпсіздігін үйрету. Мектебіміздің 1-сынып оқушылары үшін, “Жол жүру ережелері” тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Көшеде жүру ережелері бойынша қалыптасқан оқушы түйсіктерін, білімдерін пысықтап, оның өмірдегі маңызын түсіндіру.Оқушылардың қызығушылығын тудырып, ой - өрісін, белсенділігін дамыту. Сынып оқушыларын жолдастыққа, сақтыққа тәрбиелеу. Мектебізде “Көше тәртібі - өмір сүру тәртібі” тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. Мақсаты:Оқушылардың көшеде жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс - жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. Оқушыларды сақтыққа тәрбиелеу. Тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес, балалардың жолда жүру қауіпсіздігін сақтау мақсатында, бүгін “Көше тәртібі - өмір сүру тәртібі” тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. Мақсаты: Оқушылардың көшеде жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс - жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. Мектеп оқушыларына ” Жұқа мұздан сақ болыңыз!”, ”Терезеден құлау”, ”Балалардың жол - көлік жарақаттары” ,”Өрт қауіпсіздігі “ туралы жадынамалар мен буклеттер таратылып, 5-9 сыныптарға түсіндірме жұмыстары өткізді. 1-4 сынып оқушыларымен “Жол жүру ережесін білесің бе?”, “Қауіпсіз жол”, “Өрт қауіпсіздігі” тақырыптарында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗ ЕРЕЖЕЛЕР" тақырыбында ата-аналарға жадынама ұсынды: жол Қауіпсіздігі(велосипед, скутер,мотоцикл,мапед,машина); Өрт қауіпсіздігі; Судағы қауіпсіздік ережелері; Табиғаттағы қауіпсіздік балалардың демалып және сау болуы үшін, ата-аналармен, туысқандарымен, достарымен демалысты ұйымдастыру кезінде бірқатар ережелер мен талаптарды есте сақтау керек. Балалар бойына жеке қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастырыңыздар; балалармен жеке әңгіме жүргізіңіздер; маңызды ережелерді түсіндіріңіздер; оларды ұстану өмірлерін сақтауы мүмкін; баланың бос уақыты мәселесін шешіңіз. Есте сақтаңыздар! Қараңғы түскен уақыт пен түнде (22.00-ден 06.00-ге дейін) балалар мен жасөспірімдерге үлкендерсіз көшеде жүруге заңды түрде тыйым салынады. Өз балаңыздың қайда, кіммен жүргені туралы үнемі біліп отырыңыздар, барған орнын бақылаңыз; бөгде адамдармен сөйлесуге тыйым салыңыздар. Балаңызға егер біреу оған қиянат жасағысы келсе, әрқашан кімге болса да «жоқ» деп айтуға толық құқығы бар екенін түсіндіріңіз; Құпияда ұстауға уәде берсеңіз де, кейбір фактілерді құпияда ешқашан сақтауға болмайтынын түсіндіріңіз. Оқушыларға электр құралдарымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіз тәртіп ережелері, газ, электр құралдарымен жұмыс және өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелерінің орындалуын қадағалау және сақ болу. Газ пешін қолдану ережелерін сақтау, техникалық құралдарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы әңгіме жүргізілді. Даладағы тәртіп ережелері: балалардың шұңқыр бар жерлерде абай болу, бұл бала өміріне қауіпті екеніне түсінік берілді.

**2023 – 2024 оқу жылындағы  I жарты жылға психологтын есебі**

Жылдық жұмыс  жоспары және қосымша суицид,ҰБТ, кәсіби бағыт бағдар беру, буллинг, кибербуллинг т.б. жұмыстарының жоспарлары  жасалды.

**Мақсат:** Оқушылардың жеке басына және психологиялық дамуына мүмкіндік жасау, тиімді әдіс – тәсілдерді қолдану, оқушылардың психологиялық саушылығына ықпал ету, жеке тұлға қызығушылығын арттыру және оның дамуындағы әр түрлі қиыншылықтарды түзету .

**Міндеттері:**

1) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өзін – өзі тәрбиелеу және өзін – өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;

2) білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, олардың тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;

3) әрбір білім алушыға, тәрбиеленушіге оның жеке басын психологиялық – педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарас қалыптастыруға ықпал ету;

4) психологиялық диагностика жүргізу және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің шығармашылық әлеуетін дамыту;

5) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық қиындықтары мен проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;

6) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу – тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата – аналарға (заңды өкілдерге) және педагогтерге консультация – лық көмек көрсету;

7) Білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Мектеп бойынша 1 – 11 сынып тізімі жасалды барлығы 74 оқушы бар. 1 – 11 сынып оқушыларының әлеуметтік, тұрмыстық жағдайларын білу мақсатында зерттеу актісі жүргізілді. Сенім кабинетінің құжаттары, сенім телефондары жаңартылып ілінді.

Қыркүйекте, Қазан айларында 1 сынып оқушыларын мектепке бейімделуін зерттеу. Оқушылардың психологиялық дайындығы мен мектеп өміріне бейімделуін байқау мақсатында Керн – Инрасиктін әдістемесі өткізілді. Зерттеу жұмысының барысында оқушылар назарына «Ер адамның суреті», нүктелерді көшіріп жазу, сөздерді көшіріп жазу тапсырмалары және көңіл – күйді көтеру тренинг, жаттығулар өткізілді. 5 сынып мазасыздық деңгейін анықтау үшін Филлипс сауалнамасы, мектеп мотивациясын анықтау сауалнамасы жүргізілді. Негізгі мақсат алынған нәтижелерден оқушылардың мектепке психологиялық дайындығы мен мектеп өміріне деген көзқарасын білу болып табылады.

1 – сыныпта барлығы 5 оқушы, мектепке бейімделуі жақсы, мектеп ережелерін біледі және сақтайды, сабақтан себепсіз қалмайды, жақсы көңіл күймен келеді, мектепте оларға ұнайды, бір – бірімен қарым – қатынастары жақсы.

5 сыныпта барлығы 5 оқушы Филлипс сауалнамасын қорытындылай келе мазасыздану деңгейі орташа. Оқушылардың барлығында **ішкі мотивация.** 5 – сыныпты бақылау барысында оқушылар сауатты жазады, көп пәнге қызығады, белсенді, сүйетін пәндері математика, денешынықтыру, қазақ тілі. Сабақты себепсіз босататын оқушылар жоқ. Сыныпта бір – бірімен қарым –

қатынасы жақсы, мектептен тыс іс – шараларға күрес, шахмат,тоғызқұмалақ үйірмелері және марофон, пән апталықтары т.с.с. белсене, қызыға қатысады. Тәртіптері жақсы, 1,5 сынып оқушылары жылдың соңына дейін мектепішілік бақылауда болады және зерттеу әдістемелері, басқада жұмыстар жүргізіледі.

10 – шы сыныпта барлығы 5 оқушы 3 қыз, 2 ұл оқушыларының жаңа ортаға бейімделуіне қолдау көрсету, бақылау, оқушылардың бір біріне деген қарым – қатынасын анықтау. 5 – 8 сыныптар аралығында қобалжу, мазасыздану деңгейін анықтау Филлипс әдістемесі, 7 – 11 сыныптар аралығында оқушылардың девиантты мінез – құлқын анықтау Басса Дарки тесті жүргізілді.

Ата – аналарға, мұғалімдерге, оқушыларға жоспар бойынша және жоспардан тыс түрлі ақпараттар, кеңестер беріледі. Ата – аналар жиналысында, педкеңесте тренинг, жаттығулар үнемі жүргізіледі.

Оқушылардың дағдарыс жағдайларының факторы (факторы риска) бойынша кесте толтырылды. Мектепте «қауіпті топта» бала жоқ. 9, 10, 11, сыныптарда «Өмір деген ғажайып,өмір деген тамаша», «Өзіңді сүю – өмірді сүю», «Өмір, қымбатсың сен маған...» тақырыптарында сынып сағаттары өтілді. «Сіздің суицидке бейімділігіңіз» 9,10,11 сыныптарда З.Королеваның әдістемесі бойынша суреттік тест жүргізілді.

Қазан, қараша айларында Буллингтің алдын алу мақсатында 8, 9, 10, 11 сынып оқушыларынан Д.Г.Федоренко және Д.Олвеус тесті жүргізілді, «Буллинг: бәрін жеңеміз» тақырыбында психологиялық сабақ, құқықбұзушылықтын алдын алу мақсатында «Буллинг және оған қарсы тұру» тақырыбында сынып сағаты 5,6,7,8 сыныптар, «Мектептегі буллингтің алдын алу профилактикасы» тақырыбында жоғары сынып оқушыларына арналған түсіндіру жұмыстары, құқық бұзушылықтын алдын алу мақсатында «Мектептегі зорлық – зомбылықтың алдын алу» мұғалімдерге арналған семинар практикум тағы басқа әр түрлі жұмыстар жоспар бойынша жүргізіледі.

Мектеп қызметкерлеріне, мұғалімдерге, ата – аналарға үнемі қолдау көрсетіп, көмек беріледі.

**ІІ жарты жылға арналған психологтын есебі**

Мектеп бойынша 1 – 11 сынып барлығы 74 оқушы бар. ІІІ тоқсанда 3 оқушы Алматы қаласына көшіп кетті, барлығы 71 оқушы болды. ІV тоқсанда 1 оқушы 1 сыныпқа келді сонымен барлығы мектеп бойынша 72 оқушы биылғы жылды аяқтады. Аз қамтылған, жетім, жалғыс басты ана, көп балалы статустрары бар отбасылар оқу барысында 2 рет үй жағдайы әлеуметтік педагог, дәрігер, психолог және сынып жетекшісінің қатысуымен тексеріледі. Сенім кабинеті, сенім телефондары жұмыс жасайды, қандай да бір келген ұсыныстарға көмектесіп, бағыт, бағдар беріледі. 1 – 11 сынып оқушылары ата – аналарынан психологиялық – педагогикалық сүйемелдеуге яғни, психологиялық қандай да бір жұмыстар жүргізуге қарсы емес екендері туралы келісім беру құжатына қол қойылды, оқу жылының басында. Мектепке жаңа оқушы келгенде ата – анасынан келісім алынып тіркеліп отырады.
9 сынып бойынша кәсіби бағыт бағдар беру мақсатында «Сенің кәсіби ой – ниетің», «Табандылықты зерттеу», «Мамандық туралы хабар», 9 сыныптың

бейіндік пәндерін анықтау т.б. да жұмыстар жүргізілді. Алынған сауалнамалардың қорытындысы бойынша 9 сыныптан кейін 5 оқушы түрлі колледждерге оқуға барады.

**«Сенімділік күш береді» тақырыбында тренинг сабақ** (ББЖМ, ҰБТ – ға психологиялық тұрғыда дайындау) 9 сынып оқушыларымен өтілді. **Мақсаты:** Оқушылардың ББЖМ – ға , ҰБТ – ге дайындық кезеңіндегі сенімділігін, мінез – құлық , эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру, оқу – танымдық қабілеттерін арттыру.

ББЖМ, ҰБТ тапсыру кезіндегі ең қажетті сапаларымен таныстырылды.
- Бір істен тез екнішіге аусып кету;
- Іс – әрекеттің жоғары деңгейде ұйымдастырылуы;
- Жоғары және тұрақты жұмыс қабілеті;
- Жоғары деңгейлі зейін тұрақтылығы,еркіндігі;
- Ойдың анық және құрылымдығы;
- Ішкі әрекет жоспарының қалыптылығы. Әрі қарай тренинг сабағымыз жүргізілді.

**Жаттығу «Жылдамдық»**
**Мақсаты:** оқушылардың жылдмадық реакциясын дамыту.
**Жаттығу «Жағымды сөздер».Мақсаты:** өзін – өзі одан әрі ашу, өзін – өзі тану, өзінің және айналасындағылардың қасиеттерін дамыту.
**Жаттығу «Ақ парақтың екі бөлігі»Мақсаты:** жағымды және жағымсыз жақтарды анықтау, жағымды қасиетті дамыту.
**Жаттығу «Мен саған сенімдімін»Мақсаты:** өзгелерге сенім білдіру, өзара сенімділікті дамыту. **Релаксация «Күн шуақты алаңқай»Мақсаты:** қатаюдан арылу, жылы достық қарым – қатынасты қалыптастыру. Оқушылар барлық тренинг , жаттығуларға белсене қатысып, өздерінің ойларымен бөлісіп, көңіл – күйлерін көтерді. Сабақ соңында балаларға кеңестер беріліп, жадынамалар таратылды.
Буллинг, кибербуллинг жоспары бойынша 1 – 11 сынып оқушылары арасында жас ерекшеліктері ескеріліп іс – шаралар соған байланысты жіктеліп, жұмыстар атқарылды. «Жаныңның нұры» тақырыбында жасөспірімдер арасында қорлаудың (буллинг) суицидтің алдын алу мақсатында 9 – 11 сыныптар арасында тренинг сабақ. 3 – 4 сынып оқушыларымен **«Бәріміз бірге»**тақырыбында тренинг сабақ өтілді. **Мақсаты:** Балалардың бір – бірімен байланыс орнатуға үйрету , әрекет ету қабілетін жаттықтыру, балаларға қозғалуға, демалуға мүмкіндік беру.
**1. «Керісіншелер елі». Жаттығудың жүргізілуі:** Балалар шеңбер бойына отырады. Жетекші үш әріптен тұратын сөзді айтып, допты лақтырады. Допты ұстаған ойыншы әріптерді кері атайды (күн – нүк , көз - зөк, сан –нас, тас – сат, екі – іке, зат – таз, шаш – шаш, қол – лоқ т.б). Аударылған сөздердің мағынасы болмауы мүмкін. Ойынның күрделенуі сөздің ұзақтығына байланысты болып отырады. **2. «Ормандағы ағаштар» ойыны.** Балаларға қозғалуға, демалуға мүмкіндік

берді.
**3. "Егер осылай болса..."**
**4."Қағаз парағы" жаттығуы (5 мин.)**
**5. «Жақсы адамға қара» жаттығуы** т.б. ойындар жүргізілді. Балалардың бір – біріне деген мейірімділігі, достық қарым – қатынастары арта түсті.
«Біз өмірде достықты бағалаймыз» 6 – 7 сыныптар арасында тренинг. Құқық бұзушылықтын алдын алу мақсатында 5 – 10 сынып оқушылары арасында ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтау сауалнама алынды. Оқушылардың мектеп өміріне қанағаттануын зерттеу 5 – 11 сынып арасында А.А.Андреев сауалнамасы өткізілді. Сонымен қатар «Аққу» қыздар клубы жұмыс жасайды өзінің жоспары және осы үйірмеге кіретін қыздардың тізімі бар. Жоспар бойынша жүргізілген жұмыстар қорытындыланып, анықтама, хаттамалары уақытында жазылып отырады.

Ата – аналарды қолдау орталығымен тығыз байланыста болып, жыл бойы жұмыс жасадық.

Мұғалімдермен пед кеңесте үнемі тренинг жүргізіліп, баяндама оқылып, буклет таратылып отырады.

Даналық мектебімен жұмыс жасаймыз үнемі жоспарланған іс – шара өткізіледі. Жоспар бойынша тест, тренинг, жаттығулар т.б. жұмыстар үнемі жүргізіліп отырады. Оқушылар назардан тыс қалмайды, әрқашан ақыл кеңес беруге дайынмын. Мектепішілік жұмыстарға жиі қатысып көмектесемін.

**Нәтижесінде:** Наркологиялық есепте тұрған оқушы жоқ, құқық бұзу бойынша мектеп ішілік бақылауда тұрған бала жоқ, тәртіпке бағынбайтын бұзық бала жоқ, ақыл ойы дамымаған оқушы жоқ.

**2024 – 2025 оқу жылындағы І жарты жылға арналған психологтын есебі**

2024 – 2025 жылының жұмыс жоспарлары жасалды, биылғы жылғы құжаттардың барлығы жаңартылды.

**Мақсат:** Оқушылардың жеке басына және психологиялық дамуына мүмкіндік жасау, тиімді әдіс – тәсілдерді қолдану, оқушылардың психологиялық саушылығына ықпал ету, жеке тұлға қызығушылығын арттыру және оның дамуындағы әр түрлі қиыншылықтарды түзету .

**Міндеттері:**

1) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өзін – өзі тәрбиелеу және өзін – өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;

2) білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, олардың тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;

3) әрбір білім алушыға, тәрбиеленушіге оның жеке басын психологиялық – педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарас қалыптастыруға ықпал ету;
4) психологиялық диагностика жүргізу және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің
шығармашылық әлеуетін дамыту;
5) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық қиындықтары мен

проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру; 6) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу – тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата – аналарға (заңды өкілдерге) және педагогтерге консультация – лық көмек көрсету; 7) Білім беру процессіне қатысушылардың психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Мектеп бойынша 1 – 11 сынып барлығы 74 оқушы. 1 – 11 сынып оқушыларының әлеуметтік, тұрмыстық жағдайларын білу мақсатында зерттеу актісі жүргізілді. Сенім кабинетінің құжаттары, сенім телефондары жаңартылып ілінді.

Қазан айында 1 сынып оқушыларының бейімделуін зерттеу барысында білім алушылардың психологиялық дайындығы және мектепке деген көзқарасын анықтау мақсатынд Керн – Инрасиктін әдістемесі жүргізілді. Білім алушылармен әңгімелесіп зерттеу тестісі берілді «Ер адамның суреті», нүктелерді көшіріп жазу, сөздер тізбегін көшіріп жазу, графикалық диктант және қол маторикасын дамытуға арналған жаттығулар өткізілді. Баланың қабылдау ерекшеліктерін анықтау және ойлауын дамыту мақсатында суреттік тест алынды. 1 сынып оқушыларының маторикасын дамыту жұмыстарын жүргізу қажет, мұғалімі Умут Қайырбекқызына ескертіп айтылды, жас ерекшеліктеріне байланысты екі оқушымен жеке түзету – дамыту жұмыстарын жүргізу керек.

5 сыныптың бейімделуін зерттеу мақсатында мазасыздық деңгейін анықтау үшін 58 сұрақтан құрылған Филлипс сауалнамасы, Кондаш әдістемесі бойынша «Жағдайлық үрей» шкаласы, «Мектепке қарым –қатынасым» сауалнамасы, «Социометрия» әдістемесі, Н.Г.Лускановaның «Мектеп мотивациясын анықтау» сауалнамасы, «Баспалдақ», «өзін – өзі бағалау», «Кактус», «Пәнге деген қызығушылықты анықтау», «Менің сыныбым» әдістемелері жүргізілді. Негізгі мақсат алынған нәтижелерден оқушылардың мектепке психологиялық дайындығы мен мектеп өміріне деген көзқарасын анықтау болып табылады. 5 – сыныпты бақылау барысында оқушылар сауатты жазады, көп пәнге қызығады, белсенді, сүйетін пәндері қазақ әдебиеті, денешынықтыру, қазақ тілі, информатика, математикақиындық. Сабақты себепсіз босататын оқушылар жоқ. Сыныпта бір – бірімен қарым – қатынасы жақсы, мектептен тыс іс – шараларға күрес, шахмат, тоғызқұмалақ үйірмелері және марофон, пән апталықтары т.с.с. белсене, қызыға қатысады. Тәртіптері жақсы, 1, 5 сынып оқушылары жылдың соңына дейін мектепішілік бақылауда болады және зерттеу әдістемелері, басқада жұмыстар жүргізіледі.

10 – шы сыныпта барлығы 4 оқушы 1 қыз, 3 ұл оқушыларының жаңа ортаға бейімделуіне қолдау көрсету, бақылау, оқушылардың бір біріне деген қарым – қатынасын анықтау.

5, 6 сынып оқушыларынан «Ағаштағы адамдар» өзін – өзі бағалау әдістемесі алынды, 4 сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін анықтау мақсатында Филлипс әдістемесі, 7 – 11 сыныптар аралығында оқушылардың девиантты мінез – құлқын анықтау Басса Дарки тесті жүргізілді.

Ата – аналарға, мұғалімдерге, оқушыларға жоспар бойынша және жоспардан тыс түрлі ақпараттар, кеңестер беріледі. Ата – аналар жиналысында, педкеңесте тренинг, жаттығулар үнемі жүргізіледі.

